**«Бекітемін»**
Ғани Мұратбаев атындағы орта мектебі
директоры Б.Б. Гапуова
«___»________ 2021 жыл

**«Келісемін»**
Мектеп директорының
тәрбие жұмыстары жөніндегі
орынбасары: Уналбаева Ж.Б.
«31» 08 2021 жыл

# Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысы жоспары



**1 «Г» сынып**

**Сынып жетекшісі: Ермакбаева Жазира Нуруллақызы**

**2021-2022 оқу жылы**

*Атырау облысы Білім беру басқармасы Әдістемелік орталығы*
*Әдістемелік кеңестің 2021 жылғы 27 тамыздағы*
*№ 4 хаттамасымен бекітілген*

| № | Сынып сағаттарының тақырыптары | Түрі | Тәрбие бағыттары | Күні | Тәрбие бағыттарының мақсаты |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 1 қыркүйек Білім күні «Қош келдің, әліппе!» | Сынып сағаты | Ұлттық тәрбие | 03.09 | Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау. Оқушылардың қазақ тілін, Қазақстан Республикасының мемлекеттілік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздерін білуге,көрнекті тұлғалардың, даңқты спортшылардың, ғалымдардың, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жеңімпаздарыиен танысуға жоспарлау. |
| 2 | «Отбасы – алтын бесігім» | Сынып сағаты | Отбасылық тәрбие | 10.09 | Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру |
| 3 | «Тіл мерейі – ел мерейі» | Сынып сағаты | Ұлттық тәрбие | 17.09 | Тұлғаны ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарға, ана тілін және мемлекеттік тілді, қазақ халқының, Қазақстан Республикасындағы этностар мен этникалық топтардың мәдениетін құрметтеуге бағдарлау. Оқушылардың қазақ тілін, Қазақстан Республикасының мемлекеттілік атрибуттары мен мемлекеттік рәміздерін білуге,көрнекті тұлғалардың, даңқты спортшылардың, ғалымдардың, «Қазақстанның 100 жаңа есімі» жобасы жеңімпаздарыиен танысуға жоспарлау. |
| 4 | «Жақсылыққа жаным құмар» | Сынып сағаты | Рухани - адамгершілік тәрбиесі | 24.09 | Білім алушылардың адами әлеуетін ашудың, адамгершілікті тәрбиелеудің,адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу; өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастыру. |
| 5 | «Ұстаз- ұлы тұлға» | Тәрбие сағаты | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі | 01.10 | Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім;экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | retіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыру |
| 6 | «Әдептілік пен әдет» | Сынып сағаты | Көпмәдениеттік және көркем – эстетикалық тәрбие | 08.10 | Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру |
| 7 | «Сақтансаң –сақ боласың!» | Зияткерлік сағаты | Зияткерлік тәрбие құндылығы | 15.10 | Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай - ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. |
| 8 | «Кітап – асыл қазына» | сынып сағаты | Көпмәдениеттік және көркем – эстетикалық тәрбие | 22.10 | Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру |
| 9 | «Жомарт күздің жемістері» | Тәрбие сағаты | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі | 29.10 | Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім;экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыру |
| 10 | «Дені саудың – жаны сау» | Пікірталас | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | 05.11 | Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату |
| 11 | «Теңге – тәуелсіздік келбеті» | Сынып сағаты | Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбиесі | 12.11 | Білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін,құқықтық және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастыру . |
| 12 | «Сақта жолдың тәртібін!» | Сынып сағаты | Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбиесі | 19.11 | Білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін,құқықтық және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастыру . |
| 13 | «Елін сүйген елбасы» | Сынып сағаты | Қазақстандық | 29.11 | Білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін,құқықтық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбиесі | | және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастыру . |
| 14 | «Еңбек-бәрін де жеңбек» | Сынып сағаты | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі | 03.12 | Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім;экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыру |
| 15 | «Біз тәуелсіз елдің болашағымыз!» | Тәрбие сағаты | Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбиесі | 10.12 | Білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін,құқықтық және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастыру . |
| 16 | «Жаңа жыл!» | Мерекелік іс шара | Көпмәдениеттік және көркем – эстетикалық тәрбие | 24.12 | Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру |
| 17 | Бағдаршам – біздің досымыз! | Сынып сағаты | Рухани - адамгершілік тәрбиесі | 21.01 | Білім алушылардың адами әлеуетін ашудың, адамгершілікті тәрбиелеудің,адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу; өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастыру. |
| 18 | «Дұрыс тамақтану – денсаулық негізі» | Сынып сағаты | Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты | | Салауатты өмір салты, дене дамуы және психологиялық денсаулық сақтау дағдыларын, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтау біліктілігін ойдағыдай қалыптастыру үшін кеңістік орнату |
| 19 | «Отбасым – күншуағым» | Сынып сағаты | Отбасы тәрбиесі | 28.01 | Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру |
| 20 | «Қазақ халқының қол | Сынып сағаты | Еңбек, | 04.02 | Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | өнері» | | экономикалық және экологиялық тәрбиесі | | қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім;экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыру |
| 21 | Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік! | саяхат | Рухани - адамгершілік тәрбиесі | 18.02 | Білім алушылардың адами әлеуетін ашудың, адамгершілікті тәрбиелеудің,адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу; өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастыру. |
| 22 | «Алғыс айту – парызым» | Сынып сағаты | Рухани - адамгершілік тәрбиесі | 25.02 | Білім алушылардың адами әлеуетін ашудың, адамгершілікті тәрбиелеудің,адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу; өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастыру. |
| 23 | «Аяулы анашым» | Тәрбие сағаты | Көпмәдениеттік және көркем – эстетикалық тәрбие | 04.03 | Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру |
| 24 | «Шырайын төккен көктем» | Сынып сағаты | Көпмәдениеттік және көркем – эстетикалық тәрбие | 11.03 | Тұлғаның жалпымәдени мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру, тұлғаның өнердегі және болмыстағы эстетикалық нысандарды қабылдау, меңгеру және бағалау әзірлігін дамыту, білім беру ұйымдарында көпмәдениетті орта құру |
| 25 | «Ұлысымның ұлы күні – Наурызым» | Тәрбие сағаты | Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбиесі | 18.03 | Білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін,құқықтық және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастыру . |
| 26 | «Дараланған дарын» | Сынып сағаты | Зияткерлік тәрбие құндылығы | 01.04 | Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай - ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| 27 | «Дос болайық бәріміз» | Дөңгелес үстел | Рухани - адамгершілік тәрбиесі | 08.04 | Білім алушылардың адами әлеуетін ашудың, адамгершілікті тәрбиелеудің,адамгершілік бейнесі, адамгершілік сана; құндылық сезімдері мен қасиеттері – гуманизм, ар-ождан, ар-намыс, парыз, сенім, жауапкершілік, серіктестік, мейірімділік, ұят, қағидаттық, мейірімділік, ынтымақтастық, ұлттық келісімнің құндылығы, басқа халықтардың мәдениетін, дәстүрлері мен тілін құрметтеу; өмірге этикалық жауапты көзқарас сияқты құндылықтарды қалыптастыру. |
| 28 | «Отбасы өнегесі» | Дөңгелек үстел | Отбасы тәрбиесі | 15.04 | Ата-аналарды оқыту, бала тәрбиесінде олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттіліктерін және жауапкершіліктерін арттыру |
| 29 | Жол ережесі | Сынып сағаты | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі | 22.04 | Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім;экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыру |
| 30 | «Табиғатым – тал бесігім» | Сынып сағаты | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі | 29.04 | Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім;экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыру |
| 31 | «Татулығы жарасқан қазақпыз» | Тәрбие сағаты | Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбиесі | 06.05 | Білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін,құқықтық және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастыру . |
| 32 | «Батыр ел үшін туады» | Сынып сағаты | Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбие және құқықтық тәрбиесі | 13.05 | Білім алушыларда қазақстандық патриотизм сезімін,құқықтық және азаматтық өзіндік сана-сезімді; жеке бас бостандығының құндылығын; төзімділіктің құндылығын; зорлық-зомбылық пен агрессияға жол бермеуді; меншік пен материалдық өркендеудің құндылығын; еңбекке құрметпен қарауды; өмірге құрметпен |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | қарауды; әртүрлі кемсітулерге жол бермеуді, «тең және әртүрлі адамдардың» қағидаттық теңдігі идеясын қалыптастыру . |
| 33 | Жол тәртібін білейік! | Шеберлік сағаты | Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбиесі | 20.05 | Тұлғаның өзін кәсіби анықтауына саналы қарым-қатынасын қалыптастыру, экономикалық ойлауын және экологиялық мәдениетін дамыту. Еңбек ең жоғары құндылық ретінде; шығармашылық еңбек; еңбек мәдениеті; экономикалық сана-сезім; мамандық; мансап; функционалдық сауаттылық; компьютерлік сауаттылық; жаһандық экологиялық сана-сезім;экомәдениет құндылығы, экологиялық мәдениет; табиғатқа ерекше құндылық ретіндегі сүйіспеншілік сезімі; туған жерге және кіші Отанға деген сүйіспеншілік сезімі тәрізді құндылықтар қалыптастыру |

**Бекітемін:**

| **Сыныбы: 1 Г** | **Уақыты: 03.09.2021** | **Сынып жетекшісі: Ермакбаева Ж.Н** |
|---|---|---|
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **1 қыркүйек Білім күні<br>«Қош келдің, әліппе!»** | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | - Жердің ластануына әсер ететін факторларды анықтау арқылы табиғатқа қамқорлық көрсетуге деген саналы көзқарас қалыптастыру арқылы қоғамдық орындарда өзін ұстай білу мәдениетіне баулу. | |
| **Сынып сағатының міндеті:** | - Табиғатқа қамқорлық жасауға дайын болуға үйрету;<br>- Қоғамдық орындарда өзін ұстай білу мәдениетіне баулу | |
| **Бағалау критерийлері:** | - Жердің ластануына әсер ететін факторларды анықтау арқылы табиғатқа қамқорлық көрсетуге деген саналы көзқарас қалыптасады;<br>- Қоғамдық орындарда өзін ұстай білу мәдениетін меңгереді. | |
| **Сынып сағатының түрі:** | әлеуметтік бағыттағы қоғамдық мекемелердің бір түрі, негізгі<br>сипаттамасы-ең алдымен уақытты төлеу, оның құнына ойын-сауық және іс-шаралар кіреді. | |
| **Игерілетін дағды:** | Тыңдалым және айтылым | |
| **Ресурстар:** | Кесте, бейнематериал, флипчарт т.б. | |
| **Функциональдық сауаттылық:** | Тұрмыстық сауаттылық (оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі | |
| **Жүру барысын алдын ала үйлестіру** | Сынып жетекшісі алдын ала сынып бөлмесін сыны сағатына сай үлгісінде (партлардың топтың үлгісі. Бұл жерде «үстел» үстін әдемі гүл салынған құмырамен немесе интерьерлік заттармен<br>әсемдеу ұсынылады.<br>Сынып белсенділері даяшы ретінде қызмет атқаруын үйлестіру<br>сынып сағатының әсерлі өтуіне жағдай туғызады. «Даяшылар» | |

| | |
|---|---|
| **Алғашқы сөз (кезең)** | қонақтардың кафеге өтіп, орналасуына ілтипат көрсетеді.<br>Сынып жетекші (бұл жерде кафе иесі):<br>- Антикафе (сонымен қатар бос кеңістік, тайм-клуб, тайм-кафе) — әлеуметтік бағыттағы қоғамдық мекемелердің бір түрі, негізгі сипаттамасы-ең алдымен уақытты төлеу, оның құнына ойын-сауық және іс-шаралар кіреді. Құрметтілерім, бүгінгі біздің анти-кафемізде «Табиғат - біздің ортақ үйіміз» тақырыбында әңгімелесіп, табиғаттың ғажайып суреттеріне марқаятын боламыз. |
| **Ортаңғы кезең**<br>**Тапсырмалар легі** | **Тапсырма №1**<br>«Табиғатты аялайық адамзат!» ертегісінің бейнематериалын тамашала.Бейнематериал желісіне сәйкес сұрақтарға жауап бер.<br>Сұрақтар:<br>- Ортақ үйіміздің ластануына не әсер етті?<br>- Бейнематериалда табиғатқа қамқорлықтың қандай түрлері көрсетілген?<br>Бейнематериал сілтемесі:<br>https://youtu.be/Br6NbzxTi6g<br>Дискриптор:<br>- Бейнематериалды түсініп қарайды;<br><br>**Тапсырма №2**<br>Бейнематериал мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдер айт. Өзіңе ұнаған мақалдың мазмұнын өз ойыңмен түсіндір.<br>Көмекке келер жеделхат<br>Жер - таусылмайтын қазына.<br>Жер-ырыстың кіндігі,<br>Еңбек - ырыстың қазығы.<br>Жер тағдыры - ел тағдыры.<br>Жер бауыры - жазық.<br>Сұлулық жерден өніп, көктен жауады.<br>Жері байдың елі бай.<br>Дискриптор:<br>- Бейнематериал мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдер айтады;<br>- Мақал-мәтелдерден ұнаған біреуінің мазмұнына түсінік береді. |
| **Соңы (бекіту)** | Кері байланыс: «Есептесу рәсімі» әдісімен кері байланыс орнату. Бұл әдіс арқылы оқушылар кафенің ақысына төлеген алтын уақытының пайдалы жағы мен пайдасыз болғандығын айтып өтеді. |

**Бекітемін:**

| **Сыныбы: 1 Г** | **Уақыты: 10.09.2021 ж** <br> **Сынып жетекшісі: Ермакбаева Ж.Н** |
|---|---|
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Отбасы – алтын бесігім»** |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Оқушыларға отбасы туралы түсініктерін кенейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Өз ойларын жүйелі түрде жеткізе білуге үйрету, оқушылардың сөздік қорын молайту, ойлау қабілеттерін дамыту. Адамгершілікке тәрбиелеу. |
| **Сынып сағатының міндеті:** | - Отбасылық құндылықтарды білуге үйрету;<br>- Отбасы мүшелеррін сыйлауға қамқорлық жасауға баулу. |
| **Бағалау критерийлері:** | - Отбасын сақтауға әсер ететін факторларды анықтау арқылы қамқорлық, ізеттілік көрсетуге деген саналы көзқарас қалыптасады;<br>- Отбасында өзін ұстай білу мәдениетін меңгереді. |
| **Сынып сағатының түрі:** | әлеуметтік бағыттағы қоғамдық мекемелердің бір түрі, негізгі сипаттамасымең алдымен уақытты төлеу, оның құнына ойын-сауық және іс-шаралар кіреді. |
| **Игерілетін дағды:** | Тыңдалым және айтылым |
| **Ресурстар:** | Кесте, бейнематериал, флипчарт, т.б. |
| **Функциональдық сауаттылық:** | Тұрмыстық сауаттылық (оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі |
| **Жүру барысын алдын ала үйлестіру**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Алғашқы сөз (кезең)** | I. « Жүректен — жүрекке» шеңбері.<br>Ал, ендеше оқушылар ортаға шығып, шеңберге тұрып өз жанұяларыңның жақсы бір қасиеті жайлы айтып өтіңіздер. Мысалы: ұйымшыл, тату, мейірімді, бауырмал, бақытты, т/б.<br>**Мұғалім:**<br>Отбасы — адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық - суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді.<br>Отбасының екі тірегі — әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата-анаға үлкенге қызмет етіп, әкеңнің еңбегін, анаңның ақ сүтін өтеу — біздің борышымыз. Ата — ана — отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке туралы айтсақ, әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы. Ана — отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы.<br><br>«Ашық микрофон» әдісі арқылы оқушылар сендерге отбасы туралы бірнеше сұрақтар қойылады. Ойларыңызды ашық, еркін айтуларыңыз сұралады.<br><br>**Сұрақтар:**<br>1. Отбасы дегенді қалай түсінесіңдер?<br>2. Отбасының басшысы кім?<br>3. Отбасы қандай болуы керек?<br>4. Барлық отбасы бірдей болады деп ойлайсыңдар ма? |

| | |
|---|---|
| **Ортаңғы кезең**<br>**Тапсырмалар легі** | 5. Сен қандай отбасын армандайсың?<br>5. Өз отбасыңа көңілің тола ма?<br>7. Отбасын неліктен жақсы көресіңдер?<br><br>Отбасым — менің жүрегім,<br>Отбасым — менің тірегім.<br>Отбасым – менің Отаным,<br>Тек сен деп соғар жүрегім. – дегендей, отбасы болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықтарын сіңіретін тәрбие ошағы.<br>Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт-дәстүрлердің сақтаушысы.<br>«Менің отбасым – менің байлығым».<br>Бұл кезеңде<br>1. Отбасы туралы өлең жолдарын айтады.<br>Анаң-күнің жүрегің,<br>Әкең -өмір тірегің.<br>Сен бақытты ұлансың,<br>Бәрі саған қуансын.<br><br>Әжең- асыл ардағың,<br>Атаң- дана қорғаның<br>Сен бақытты ұлансың,<br>Бәрі саған қуансын.<br><br>Ағаң –қамқор асқарың,<br>Інің- мөлдір аспаның.<br>Сен бақытты ұлансың,<br>Бәрі саған қуансын.<br><br>**2, «Менің бақытты жанұям» тақырыбында әңгімелейді.**<br>**3. «Бақытты отбасы» тақырыбында суреттер салып, қорғайды.**<br><br>**4. Отбасы туралы мақал-мәтелдер айтады.**<br>1.Отан отбасынан басталады.<br>2. Әке көрген оқ жонар,<br>Ана көрген тон пішер. |

| | |
|---|---|
| **Соңы (бекіту)** | 3 Балалы үй базар,<br>Баласыз үй қу мазар.<br>4.Отбасы-отанның ошағы.<br>Отбасы — әр бала үшін алтын бесік. Бала отбасы аясында түлеп өседі, оңы мен солын сонда таниды. Ол отбасы жағдайында өмірдегі әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым — қатынаста болу керек сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді. Отбасы – ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек.<br><br>**Бейнебаян «Отбасы құндылығы»**<br>1.Бейнебаяннан не байқадыңыз?<br>2.Қандай тұжырымға келдіңіздер?<br>3. Бір сөйлеммен түйіндеңіз?<br>Отбасында көрген жақсы-жаман қылықтардың бәрі бала өміріне әсеретеді. Қазақ салтында отбасы тәлімі – ерекше дәстүр. Отан отбасынан басталады, – деген нақыл сөз бекер емес. Адам өзінің ұрпағынан елді сүйсіндірер ұлы істерді тыңдырса деген мақсатты нысана етеді, үміт артады. Сол нитепен жақсылыққа баулиды. Отбасы қоғамның негізгі бөлігі, ұрпақтар тарихи сабақтастығының, мәдениеттің, рухани құндылықтардың қазынасы болып саналады. Өнегелі отбасы арақсында мемлекет те өркендейді, халықтың әл-ауқаты жақсарады.<br><br>**Кері байланыс:** «Тілек ағашы». Ал енді оқушылар алдарыңыздағы түрлі- түсті үй түріндегі стикерлерге отбасыларыңызға тілектеріңді жазып, тілек ағашына жапсыруларыңыз сұралады |

.

**Бекітемін:**

| **Сыныбы: 1 г** | **Уақыты: 17.09.2021** | **Сынып жетекшісі: Ермакбаева Ж.Н** |
|---|---|---|
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Тіл мерейі – ел мерейі»** | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Оқушылардың тіл туралы білімдерін жетілдіру. Өз тіліне, туған жеріне, Отанына құрмет көрсете білуге баулу. | |
| **Сынып сағатының міндеті:** | оқушыларды туған тілін сүюге, оны қорғауға және қамқорлық жасауға тәрбиелеу; | |

| | |
|---|---|
| **Бағалау критерийлері:** | оқушыларды тіл мәдениетін сақтай білуге, тіл тазалығы үшін күресуге, сөз өнеріне баулу; |
| **Сынып сағатының түрі:** | Әдеби-сазды |
| **Игерілетін дағды:** | Тыңдалым және айтылым |
| **Ресурстар:** | Тіл туралы мақал – мәтелдер,слайд |
| **Функциональдық сауаттылық:** | Тұрмыстық сауаттылық |
| **Жүру барысын алдын ала үйлестіру**<br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br><br>**Алғашқы сөз (кезең)** | ***Кіріспе сөз.***<br>- Соңғы жылдары ана тіліміздің мемлекеттік мәртебеге ие болуы, халықтық педагогиканың асыл қазынасын пайдалануға, әдебиетіміз бен мәдениетімізді, салт – дәстүрімізді жетілдіруге мүмкіндік туғызғаны еліміз үшін зор қуаныш.<br>**Балалар, ұлы Абай атамыз**<br>Өткірдің жүзі,<br>Кестенің бізі,<br>Өрнегін сендей сала алмас» деп нені айтқан? **Тіл**: Ұлттық қазынамыз, Әдебиет, Мәдениет, Арымыз, Намысымыз, Байлығымыз, Достық көпірі, Халықтың күре тамыры, Қарым - қатынас құралы. Тіл – халықтың жаны, сәні, тұтастай кескін келбеті. Адамды мұратқа жеткізетін ана тілі мен ата дәстүрі. Тіл байлығы — әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра. Демек, әр адам ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса, да қарсы тұруы тиіс.<br>Құрметті ақынымыз Қадыр Мырзалиев:<br>*Ана тілің – арың бұл*<br>*Ұлтың боп тұр бетте*<br>*Өзге тілдің бәрін біл*<br>*Өз тілiңдi құрметте* – деген тұжырымы бұл. барлығымызға қойылатын талап.<br>Біздің осындай қасиетті мұрамыз, ана тіліміз – қазақ тілі. Қазақ тілі – Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі. Қазақстан Республикасында қолданылатын барлық тілге бірдей құрметпен қарау – ынтымақтастықтың белгісі. Сондықтан, бүгінгі мейрам - тілдер күні!<br>**Баршамызға Тіл мерекесі құтты болсын!**<br>**Сұрақтар:**<br>- Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілі қай тіл?<br>- Біз оқулықтарымызды қай тілде оқимыз?<br>- Конституцияда тіл туралы не делінген?<br>**Ата заңымыз – Конституцияның 7-ші бабында «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі»**<br>1989 жылы «Республикадағы қазақ тілінің жайы» туралы қаулы қабылданды. 1989 жылы қыркүйектің 22 — і күні «Қазақстан Республикасындағы тілдер» |

| | |
|---|---|
| **Ортаңғы кезең**<br>**Тапсырмалар легі** | Заң қабылданып, қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болды. Кейін 1993 жылы қаңтардың 28 — і күні бұл статус Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында тұрақталып, Тіл туралы Заңы 1997 жылы шілденің 11 — і күні жаңа «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» Заңы қабылданды. Бұл Заңның 4 — бабында қазақ тілі Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі екендігі жазылған.<br>**Тіл туралы тақпақтар:**<br>**1 -:** Жанымнан қымбат<br>Ана тілім маған.<br>Ана сөзін тыңдап<br>Үлгі өнеге аламын.<br>**2** -: Ана тілім анам<br>Аппақ қардай арым<br>Мұра еткен бабам<br>Жарқыраған жаным.<br>**3** - : Ана тілім елдігім<br>Ана тілім ерлігім<br>Тілді биік құрметтеп<br>Тойлап жатыр ел бүгін.<br>**4** - : Ана тілім тірегім<br>Ана тілім жүрегім<br>Қасиетті елімді<br>Тек өзің деп білемін.<br>**5**- : Тілім барда мақтанам<br>Тілім менің аппақ ән.<br>Бірлігімді бүгінгі<br>Ана тілін сақтаған.<br>**6- :** Ақыл ойын дананың<br>Ана тілден аламын<br>Ана тілі ардақты<br>Ақ сүтіндей ананың.<br>**7** -: Ана тілі, дана тілі, бақ тілім,<br>Сенсің менің қасіретті шаттығым.<br>Сенсің менің тазалықты пәктігім,<br>Сенсіз бақыт дүние тапты кім?<br>**8** - : Ана тілің арын бұл<br>Ұятың боп тұр бетте<br>Өзге тілдің бәрін біл<br>Өз тіліңді құрметте.<br>**9**-Сүйемін туған тілді-анам тілін,<br>Бесікте жатқанымда-ақ берген білім. |

| | |
|---|---|
| **Соңы (бекіту)** | Шыр етіп жерге түскен минутымнан<br>Құлағыма сіңірген таныс үнін..<br>**10**-Тілім менің тірлігім мол мұрамсың,<br>Ата рухын жаныма қондырасын.<br>Өзіңменен таныдым тарихымды,<br>Кемелденген өзіңмен толды жасым.<br>**Ән: «Әрқашан күн сөнбесін!»**<br>**- Тіл туралы білетін мақал - мәтел, нақыл сөздерімізді ортаға салайық.**<br>*1. Ана тілің алпыс тілге татиды.*<br>*2. Тілін білмейтіндер емес, тілін білгісі келмейтіндер - мәңгүрт.*<br>*3. Тіл мәртебесі - ел мәртебесі.*<br>*4. Тіл - достықтың алтын көпірі.*<br>**5.** *Сөз қадірін білмеген - өз қадірін білмейді.*<br>**- Тіл туралы қандай мазмұнды ойларың бар?**<br>1. Халық бар жерде тіл бар. Тіл бар жерде өнер бар. Өнер бар жерде жанкүйер бар. Әр халықтың ана тілі – оның бақыты, қуанышы.<br>2. Өз тіліңді білу, өз тіліңде ер жетіп, ел қатарына қосылу - өмірден алған ең үлкен сыйың.<br>3. Халықтың қуаты – тілдің қуаты. Біз ана тілімізді ең айтқыш, ең білгір, ең бай тілдердің біріне айналдыруымыз керек.<br>4. Ана тілінде сөйлеу мәдениеттіліктің әдептілік өлшемі болып табылады.<br>**Ән: «Анамның тілі - аяулы үні»**<br>**«Білгенің  дұрыс»**<br>**«Кім тапқыр?»**<br>**«Адасқан әріптер»**<br>**Қорытынды сөз.**<br>- Ана тілін дұрыс білмейінше сауатты сөйлеп, сауатты жазып, тіл байлығын мол қолданбайынша, шын мәніндегі мәдениетті адам атануға болмайды. Сондықтан да әрқашан өз тілімізді, ана тілімізді, қазақ тілін құрметтеп, ардақтап әрбір сөз мағынасына тереңірек үңіліп, сөз қадірін ұғына білуге үйренейік. |

Бекітемін:

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 24.09.2021 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **«Жақсылыққа жаным құмар»** | |
| **Мақсаты** | **1.Білімділік:** Кітап –білім бұлағы,- дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін | |

| | |
|---|---|
| | ұғындыру.<br>**2.Дамытушылық:** Оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.<br>**3.Тәрбиелік:** Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқулықты құрметтеуге, күтіп ұстауға үйрету. |
| **Көрнекілігі** | **Слайдтар, кітаптар** |
| **Сабақ барысы** | |
| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
| **Басы** | **Ұйымдастыру кезеңі-оқушылармен**<br>Мемлекеттік әнұранды орындату.<br>«Кітап атаулы досы бола бастаған шақтан былай ғана, әрбір жан өзін интеллегент бола бастадым деп санауына болады» деген Мұхтар Әуезовтың сөзімен келіспейтін жан бола қоймас.Шынымен де, кітап арқылы адамзат ақыл-ойының, інжу-маржанын бойына жинайды да, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Кітап-барлық білімдердің басын бір жерге тоғыстырып, кез-келген сәтте көмекке келетін ерен күш, әрі білімді жетілдіріп, жан-жақты ізденіп, тіл байлығын дамытып, саналы да, білімді адам шығаруда тап-тырмайтын баға жетпес дүние.<br><br>Қазіргі қазақ қоғамының алдында жас ұрпақты кітапқа, оның ішінде қазақ тілінде жазылған кітапқа баулу.<br>2 сәуір – “Халықаралық балалар кітаптарының күні” ,ал 23-сәуір-”Дүниежүзілік кітап күні”болып табылады. |
| **Ортасы** | **Мақал-мәтелдер**<br>1.Оқу — білім азығы,<br>Білім – ырыс қазығы.<br>Білім басы — бейнет, соңы — зейнет.<br>РЕКЛАМ<br>2.Кітап білім бұлағы-білім өмір шырағы<br>3.Кітап-ақыл ойдың айдыны<br>4.Кітапсыз үй-терезесіз бөлме<br>5.Кітап жинай берген мұрат емес,оқыған мұрат<br>6.Көп жасаған білмейді,көп оқыған біледі<br>7. Өнер — ағып жатқан бұлақ,<br>Ілім — жанып тұрған шырақ.<br>8.Кітап — алтын қазына.<br>9.Кітап-ғылым — тілсіз мұғалім.<br><br>**Кітап туралы ой-толғаныстар**<br><br>**Кітап оқымай ми толмайды, көз көрмей, көңіл тыңбайды.<br>**Оқырмандарға айтарым: көңіліңе ұнаған кітапты күн сайын оқу керек, тіпті жылына бір рет қайталап оқу керек, сонда одан бұрын аңғармаған көптеген пікірлерді табасың.<br>**Саф саф алтын тапқын келсе, кітапты көп оқы, ол мың кітаптың бірінде жатыр, іздене |

| | |
|---|---|
| | бер, кездесесің!<br>**Кітаптан әнуар нәрсе таппадым, жылынасың я суынасың да, қуанасың да, мұңаясың да, сүйтіп өзіңді әлемнің бір бөлшегіндей сезінесің.<br>**Кітапты оқысаң, өзіңнің қай жерде адасып жүргеніңді білесің.<br>**Әр кітап оқыған сайын, бұрын беймәлім дүниенің есігін ашып кіргендей өзіңді сезінесің, кітаптың кереметтігі осында.<br>**Кітап бір ұғымды әсерлеп көрсетудің әртүрлі жолын көрсетеді.<br>**Кітапта сыр-сипат көп, оқып шығу бірінші іс. Оқығанды ой таразысынан өткізіп, салмақтау екінші іс, өз ойыңмен салыстырып саралау, қортындылау үшінші іс. Ал бұны істей алмасаң, оқыған кітабыңның берері аз. Кітап сараң, кім-көрінгенге сыр-сипатын бере бермейді.<br>**Кітап алып күш қана емес, күркіреп-күрсініп жатқан өмірдің өзі.<br>**Кітапты көп оқыған кенже қалмайды.<br>**Адам өледі, кітап жасарып жасай береді.<br>**Кітаптың берер сабағы, ойы ғарыштан да шексіз, жарық, нұрлы, қуатты.<br>**Сезімтал, сергек жасқа ұлы ұстаз — кітап.<br>**Түсініксіз ұғымды, пікірді, сұрауды білу үшін талай кітаптың бетін ақтарасың, арқа етің арша, борбай етің борша етіп іздегенді табасың,<br>**Кітапты қалам жазбайды, қаламды ұстаған жазады<br>**Оқыған кітабыңдағы сөз өз ойыңдай, өз түсінігіңдей болса, онда ол кітапты жаман жазылған деуге болмайды, себебі кітаптағы сөзді өз ойыңмен салыстырып, салмақтап көресің, сүйтіп түсінігіңнің дұрыс бағытта екеніңді, өз мөлшеріңді байқайсың.<br>**Жақсы кітап жолдағы бастау, әр адам керегінше сусандай алады.<br>**Жүрегіңді жылыту үшін кітапты көп оқы.<br>**Керексіз кітап болмайды, керегін таба алмаған оқырман болады.<br>**-Әр оқыған кітабыңнан сезімге – сезім, ойға – ой, үмітке – үміт тудыратын пікірді тауып алсаң, өзіңді бақытты сана.<br>**- Қай істе болмасың, басы мен соңы болады. Сол сияқты әр кітаптың басы мен соңы бар, оған ерекше мән бере оқу қажет. |
| **Соңы** | **Қорытындылау**<br>**Кітап**<br>Ағарып атқан таң нұрын<br>Ғылымнан ғана ұққанмын.<br>Халқымның тарих – тағдырын<br>Кітаптан оқып шыққанмын<br>Көздерін тартып мұқаба,<br>Оқушы қауым қолға алар.<br>Қалың ба, мейлі, жұқа ма –<br>Жүрекке кітап жол табар.<br>Жүйткіген пойыз ырғағы,<br>Ақынның отты жырлары,<br>Әлемнің жұмбақ сырлары<br>Кітапта толып тұр бәрі. |

Бекітемін:

| | | |
|---|---|---|
| **Сыныбы: 1 г** | **Уақыты: 01.10.2021** | **Сынып жетекшісі: Ермакбаева Ж.Н** |
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Ұстаз- ұлы тұлға»** | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Ұстаздарды төл мерекелерімен құттықтай отырып, ұстаздарға қошемет көрсету, ұстазды сыйлау, адамгершілікке тәрбиелеу, ата-ана,<br>ұстаз, оқушы арасындағы байланысты нығайту | |
| **Сынып сағатының міндеті:** | Ұстаз мамандығының қыры мен сырларын түсіндіру. | |
| **Бағалау критерийлері:** | .оқушыларға ұстазды құрметтеуге, сыйлауға, түсіне білуге, бағалауға үйрету | |
| **Сынып сағатының түрі:** | Әдеби-сазды | |
| **Игерілетін дағды:** | Тыңдалым және айтылым | |
| **Ресурстар:** | | |
| **Функциональдық сауаттылық:** | Тұрмыстық сауаттылық (оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі | |
| **Жүру барысын** | **Мұғалім сөзі:** | |

| | |
|---|---|
| **алдын ала үйлестіру** | Күрең күздің жанға жайлы жайма шуақ сәттерінің бірінде қазан айының қоңыр күндерімен ілесіп, төл мерекелеріміз – «Ұстаздар» күні де келіп жетті. Бүгін сол дәстүрлі мерекеге орай 2 «Ә» сыныбының оқушылары барлықтарыңызды шын жүректен құттықтау тілегімен, бәріңізге жақсы мерекелік көңіл- күй сыйламақ ниетпен өз өнерлерін көрсетпек.<br>**1-жүргізші:**<br>Армысыздар құрметті ұстаздар мен оқушылар.Бүгін біз мұғалімдер мерекесіне жиналып отырмыз.<br>**2-жүргізуші:**<br>Осынау ерекше есте қалатын жаңа оқу жылында қадірлі ұстаздар сіздерге зор денсаулық,баянды бақыт,отбасыларыңызға береке,шығармашылық табыстар тілейміз. |
| **Алғашқы сөз (кезең)** | **1-жүргізуші:**<br>Жас ұрпақтың жан дүниесіне өздеріңіз сепкен ізгілік шуағының нұрына бөлене беріңіздер!<br>**1-2-жүргізуші бірге**:<br>Құрметіне ұстаздардың тік тұрайық<br>Алаңдап басқаға біз бас бұрмайық<br>Аяулы ұстаздардың мерекесін<br>Барлығымыз қуанып қарсы алайық!<br>**Барлығы бірге** «Мұғалім-ол біздің» әнін айтады.<br>**1-жүргізуші:**<br>Мектептің басты тұлғасы, жүрегі –мұғалім.<br>Егемен еліміздің ертеңін ойлар білімді де саналы, Отанын, туған жерін, ұлтын сүйетін ұлтжанды, парасатты азаматтар тәрбиелеуде мұғалімнің еңбегі орасан екенін баршамыз мойындаймыз. Енді кезекті тақпақтар мен әндерімізге берсек. |
| **Ортаңғы кезең Тапсырмалар легі** | **1.**<br>Ұстаздарым, биік тұлға байсалды,<br>Құшақ жайып өз мерекең қарсы алды.<br>Қуанышты жарқын тілек білдіріп<br>Құттықтаймыз, ұстаздарым баршанды.<br>**2.**<br>Үйретіп өмір ұстамын,<br>Үлгілі іске нұсқадың<br>Ақ көңіл іскер қашанда<br>Ақылшым менің –ұстазым<br>**Ән: «Ұстазым»**<br>**3.**<br>Құйылады жыр ағын<br>Көптен дара пырағым .<br>Құтты болсын мерекең |

| | |
|---|---|
| | Заңғар тұлға мұғалім!<br>**2-жүргізуші** Мұғалім – барша мамандықтың көш бастаушысы,мәртебелі мамандық. Мұғалім,ұстаз сөзіне талдау жасап көрелік!<br>**4.**<br>Білімнің кәусәр бұлағын,<br>Жүресің құйып санама,<br>Біз үшін сенсің-мұғалім,<br>Ұстаз да,ғалым дана да.<br>**5.**<br>Шәкірттерін азамат қып саналы<br>Ұстаз-ана , дана бола алады<br>Ең бастысы ұстаз мына өмірде<br>Ұлағат боп, ұлылық боп қалады<br>**6.**<br>Ұлы өмірге жетелеп,<br>Ашқан білім есігін.<br>Құрметтеік мәпелеп,<br>Ұстаздардың есімін.<br>**7.**<br>Мұғалім,ғазиз мұғалім,<br>Сарқылмас мәңгі бұлағым<br>Ұланың бүгін тойында,<br>Арнайды саған бұл әнін.<br>**8.**<br>Әр адамға құрметпенен қараған<br>Өз бойынан мол ізгілік тараған.<br>Талап пенен тәртіпті тек ту етіп,<br>Осы өмірге мұғалім боп жаралған.<br><br>**9.**Ұстазым екінші анам аялаған,<br>Біздерден бар білімін аямаған,<br>Оқысын,білім алсын,үйренсін деп,<br>Таңертең күнде құшақ жаяды алдан.<br>**Хор: «Болайықшы осындай»**<br>**10.**<br>Жанымды менің жайнатып,<br>Бауpаған өзің- мұғалім.<br>Өзіңмен бірге таң атып,<br>Өзіңмен бірге шығар күн<br>**11.**<br>Сабақтан еш қалмаймыз, |

| | |
|---|---|
| | Сонда гүлдей жайнаймыз.<br>Ұстаздардан үйреніп,<br>Биіктерге самғаймыз.<br>**12.**<br>Білімін құйған санама,<br>Ұқсайтын асыл анама.<br>Мектептегі бар ұстаз,<br>Лайық ең зор бағаға<br>**13**.<br>Ұстаз деген бір тұлға,<br>Ең қадірлі мамандық.<br>Мұғалімге, ұстазға<br>Біз тілейміз амандық.<br>**14.**<br>Ұстаздар - ұлттың тірегі,<br>Ұстаздар - мектеп жүрегі<br>Ұрпаққа жетер ұстазбен,<br>Халықтың ұлы тілегі.<br>**15**<br>Әр жүйенің еңбекте тірегісің,<br>Тәрбиенің мектепте жүрегісің.<br>Жасыл баққа сән берген бағбандай-ақ<br>Жас ұрпаққа үлгі боп жүрер ісің.<br>**16**<br>Әр сабағың өтіп жатыр білінбей,<br>Перне басқан оркестрдің үніндей<br>Әр баланың жүрегіне жол тауып,<br>Тұрасың сен, дирижер боп күлімдей.<br>**17.**<br>Ұстаздарға мың алғыс<br>Алғыстарым көп менің,<br>Асыл анам, мектебім!<br>Үйреткені адалдық,<br>Ұсынғаны адамдық,<br>Текті мінез, даналық<br>Бар ұстазға тілейміз:<br>Бақыт, табыс, амандық!<br>**18**.<br>Мұғалім - ұстазысың балалардың,<br>Болашақ ғалымдардың, даналардың<br>Өмірде сенің алар орының ды |

| | |
|---|---|
| **Соңы (бекіту)** | Бәрі де жеткізе алмас бағалардың<br>**19**<br>Мынау менің сезгенім<br>Ол—сыныптың анасы<br>Өзінің де,өзгенің<br>Баласы—оның баласы<br>**Мұғалім:**<br>**Қорытынды**:<br>Ұстаз болу – жүректің батырлығы,<br>Ұстаз болу – сезімнің ақындығы,<br>Ұстаз болу – мінездің күн шуағы,<br>Азбайтұғын адамның алтындығы.<br>Мұғалім деген – ерекше тұлға дара шың<br>Ұмытылмастай көңілде мәңгі қалатын<br>Мұғалім деген – аяулы адам,асыл жан,<br>Шәкірт көңілінде күн болып жайнап жанатын<br>Халықтың нұрлы ертеңі үшін, ел игілігі жолында атқарып отырған еңбектеріңіз жемісті болсын! Шәкірттеріңіз еліміздің мәртебесін өсіріп, көсегесін көгертер асыл азаматтар болып өссін! |

Бекітемін:

| **Сыныбы: 1 Г** | **Уақыты: 08.10.2021** | **Сынып жетекшісі: Ермакбаева Ж.Н** |
|---|---|---|
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Әдептілік пен әдет»** | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден жирену сезімін дамыту. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту, тіл байлығын, таным белсенділігін арттыру. Оқушыларды әдептілікке, сыпайылыққа тәрбиелеу. | |
| **Сынып сағатының міндеті:** | - Әдепті қылықтар жасауға дайын болуға үйрету;<br>- Қоғамдық орындарда өзін ұстай білу мәдениетіне баулу | |
| **Бағалау критерийлері:** | - Әдептілік сақтауға әсер ететін факторларды анықтау арқылы қамқорлық, ізеттілік көрсетуге деген саналы көзқарас қалыптасады;<br>- Қоғамдық орындарда өзін ұстай білу мәдениетін меңгереді. | |
| **Сынып сағатының түрі:** | әлеуметтік бағыттағы қоғамдық мекемелердің бір түрі, негізгі сипаттамасымең алдымен уақытты төлеу, оның құнына ойын-сауық және іс-шаралар кіреді. | |

| | |
|---|---|
| **Игерілетін дағды:** | Тыңдалым және айтылым |
| **Ресурстар:** | Кесте, бейнематериал, флипчарт т.б. |
| **Функциональдық сауаттылық:** | Тұрмыстық сауаттылық (оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі |
| **Жүру барысын алдын ала үйлестіру**<br><br><br><br><br><br>**Алғашқы сөз (кезең)**<br><br><br><br><br><br><br><br>**Ортаңғы кезең**<br>**Тапсырмалар легі** | **Мұғалім**: Бүгінгі сынып сағатымыз әдептілік тақырыбында өтіледі.<br>Әдептілік - адамдардың өзара жақсы қарым - қатынасының, жүріс - тұрысының ережесі. Осы әдептілік ережесін сақтау керек. Бүгінгі заман адамы сегіз қырлы, бір сырлы болып өсуі керек.<br>«Әсемпаз болма әрнеге,<br>Өнерпаз болсаң арқалан.<br>Сен де бір кірпіш дүниеге<br>Кетігін тап та бар қалан»- деп Абай атамыз айтқандай кішіге мейірімді, досына қайырымды, еңбексүйгіш, шыншыл да қамқор болсаң өсе келе ата - анаңның, Отаныңның мақтанышы боласың.<br>Адам болатын бала - барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез, жаман әдеттерден аулақ болуға тырысуы керек. Ендеше әдепті, ақылды балалардың қандай болуы керек екенін мына өлеңдерден тыңдайық<br><br>Ата - ананың тілегі - адам болып өскенің,<br>Адамдықтың тірегі – адал болып өскенің.<br>Әдептілік дегенің - әрқашанда керегің,<br>Әсемпаздық дегенің - әуре сарсаң әлегің.<br><br>Тәртіпті бала сүйеніш,<br>Төбең бір көкке жетеді.<br>Ұрыншақ бала жанында,<br>Ұрыс пен керіс айқай шу.<br>Ұстамды бала маңынан,<br>Ұнамды қылық байқайсың.<br><br>Кім үлкенді сыйласа,<br>Кім үлкенді тыңдаса<br>Үлкен болған кезінде<br>Сыйлы болмақ өзі де.<br><br>**Тапсырма 1.**<br>**Ойын «Жалғастыр»**<br>**«Не істеуге болмайды?»**<br>- үлкендердің алдынан......(кесіп өтуге болмайды)<br>- кішкене баланы......... (жылатуға болмайды)<br>- құстарды........ (атуға болмайды)<br>- қыз баланы....... (ренжітуге болмайды)<br>- сабақтан....... (кешігуге болмайды)<br>- сыныпта....... (айғайлауға болмайды) |

| | |
|---|---|
| **Соңы (бекіту)** | **Тапсырма 2.**<br>Әдептілік ережелері:<br>- Әдепті бала қашанда сәлемдеседі. Кезіккен адамдармен амандасады, көмегі және қамқорлығы үшін алғыс айтып, кетіп бара жатқанда қоштасуды ұмытпайды.<br>- Әрқашан сыпайы болу керек. сыпайылық – айналаңдағы адамдарға өзіңді жағымды көрсету. – Байқамай біреуді ренжітіп алса, дереу кешірім сұрайды.<br>- Әдепті бала көлікте отырғанда үлкендерге орын береді.<br>- Үлкендерді, ауру адамдарды, соқыр адамдарды көшеден өткізуге көмектеседі.<br>Әдептілік жайлы мақал - мәтелдер айту.<br>Әдепті бала - арлы бала,<br>Әдепсіз бала - сорлы бала.<br>Әдептілік белгісі,<br>Иіліп сәлем бергені.<br>Ашу - дұшпан, ақыл - дос,<br>Ақылыңа ақыл қос.<br>Сіз деген - әдеп,<br>Біз деген - көмек.<br>Ұлық болсаң - кішік бол.<br>Кішіден ізет - үлкеннен құрмет<br>Әдепті бала ата - анасын мақтатар,<br>Әдепсіз бала ата - анасын қақсатар.<br>Жақсы адам ай мен күндей<br>Әлемге бірдей.<br>Әдепті бала кездессе, сәлем берер бас иіп,<br>Әдепсіз бала жолықса, өте шығар кекиіп.<br>- Мақал-мәтелдерден ұнаған біреуінің мазмұнына түсінік береді.<br>Сұрақ - жауап: «Сен маған, мен саған»<br>1. Мектептен үйге қарай жүгіріп келе жатқаныңда алдыңнан бір үлкен кісі шықты. Сен не істер едің?<br>2. Өзіңнен үлкен кісілер әңгімелесіп отырған кезде сен не істеуің керек?<br>3. Үлкен кісілермен қалай сөйлесу керек?<br>4. Үйге қонақ келгенде бала не істеу керек?<br>5. Әдептілікті бізге кім үйретеді?<br>**Кері байланыс:**<br>**Мұғалім:** Балалар, бүгін біз сіздермен әдептілік жайлы білдік. әр адам өзін кез - келген жағдайды кез - келген жерде тәртіпті ұстап, әдепті де әдемі сөйлей білуі керек екен. Әдепті адам жамандықты жақсылыққа баурап, өзінің ақылдылығын таныта білуі керек. |

**Бекітемін:**

| **Сыныбы: 1 Г** | **Уақыты: 15.10.2021** | **Сынып жетекшісі: Ермакбаева Ж.Н** |
|---|---|---|
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Сақтансаң –сақ боласың!»** | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | Әрбір тұлғаның зияткерлік мүмкіндігін, көшбасшылық қасиеттерін және дарындылығын, сондай - ақ ақпараттық мәдениетін дамытуды қамтамасыз ететін уәждемелік кеңістік қалыптастыру. | |
| **Сынып сағатының міндеті:** | - Табиғатқа қамқорлық жасауға дайын болуға үйрету;<br>- Қоғамдық орындарда өзін ұстай білу мәдениетіне баулу | |
| **Бағалау критерийлері:** | - Жердің ластануына әсер ететін факторларды анықтау арқылы табиғатқа қамқорлық көрсетуге деген саналы көзқарас қалыптасады;<br>- Қоғамдық орындарда өзін ұстай білу мәдениетін меңгереді. | |
| **Сынып сағатының түрі:** | әлеуметтік бағыттағы қоғамдық мекемелердің бір түрі, негізгі сипаттамасы-ең алдымен уақытты төлеу, оның құнына ойын-сауық және іс-шаралар кіреді. | |
| **Игерілетін дағды:** | Тыңдалым және айтылым | |
| **Ресурстар:** | Кесте, бейнематериал, флипчарт т.б. | |
| **Функциональдық сауаттылық:** | Тұрмыстық сауаттылық (оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі | |
| **Жүру барысын алдын ала үйлестіру**<br><br><br><br><br><br><br>**Алғашқы сөз (кезең)** | Сынып жетекшісі алдын ала сынып бөлмесін сыны сағатына сай үлгісінде (парталардың топтың үлгісі. Бұл жерде «үстел» үстін әдемі гүл салынған құмырамен немесе интерьерлік заттармен<br>әсемдеу ұсынылады.<br>Сынып белсенділері даяшы ретінде қызмет атқаруын үйлестіру сынып сағатының әсерлі өтуіне жағдай туғызады. «Даяшылар» қонақтардың кафеге өтіп, орналасуына ілтипат көрсетеді.<br>Сынып жетекші (бұл жерде кафе иесі):<br>- Антикафе (сонымен қатар бос кеңістік, тайм-клуб, тайм-кафе) — әлеуметтік бағыттағы қоғамдық мекемелердің бір түрі, негізгі сипаттамасы-ең алдымен уақытты төлеу, оның құнына ойын-сауық және іс-шаралар кіреді. Құрметтілерім, бүгінгі | |

| | |
|---|---|
| <br><br><br>**Ортаңғы кезең**<br>**Тапсырмалар легі** | біздің анти-кафемізде «Табиғат - біздің ортақ үйіміз»<br>тақырыбында әңгімелесіп, табиғаттың ғажайып суреттеріне<br>марқаятын боламыз.<br>**Тапсырма №1**<br>«Табиғатты аялайық адамзат!» ертегісінің бейнематериалын<br>тамашала.Бейнематериал желісіне сәйкес сұрақтарға жауап бер.<br>Сұрақтар:<br>- Ортақ үйіміздің ластануына не әсер етті?<br>- Бейнематериалда табиғатқа қамқорлықтың қандай түрлері<br>көрсетілген?<br>Бейнематериал сілтемесі:<br>https://youtu.be/Br6NbzxTi6g<br>Дискриптор:<br>- Бейнематериалды түсініп қарайды;<br><br>**Тапсырма №2**<br>Бейнематериал мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдер айт. Өзіңе<br>ұнаған мақалдың мазмұнын өз ойыңмен түсіндір.<br>Көмекке келер жеделхат<br>Жер - таусылмайтын қазына.<br>Жер-ырыстың кіндігі,<br>Еңбек - ырыстың қазығы.<br>Жер тағдыры - ел тағдыры.<br>Жер бауыры - жазық.<br>Сұлулық жерден өніп, көктен жауады.<br>Жері байдың елі бай.<br>Дискриптор:<br>- Бейнематериал мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдер айтады;<br>- Мақал-мәтелдерден ұнаған біреуінің мазмұнына түсінік береді. |
| **Соңы (бекіту)** | Кері байланыс: «Есептесу рәсімі» әдісімен кері байланыс орнату. Бұл<br>әдіс арқылы оқушылар кафенің ақысына төлеген алтын уақытының<br>пайдалы жағы мен пайдасыз болғандығын айтып өтеді. |

Бекітемін:

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 22.10.2021 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **«Кітап – асыл қазына»** | |
| **Мақсаты** | **1.Білімділік:** Кітап –білім бұлағы,- дей келе, білімнің кітап арқылы берілетінін ұғындыру.<br>**2.Дамытушылық:** Оқушыларға кітаптың адам өміріндегі маңызы, ғылым мен білімнің пайдасы жайлы түсіндіру.<br>**3.Тәрбиелік:** Оқушылардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру, оқулықты құрметтеуге, күтіп ұстауға үйрету. | |
| **Көрнекілігі** | **Слайдтар, кітаптар** | |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| **Басы** | **Ұйымдастыру кезеңі-оқушылармен**<br>Мемлекеттік әнұранды орындату.<br>«Кітап атаулы досы бола бастаған шақтан былай ғана, әрбір жан өзін интеллегент бола бастадым деп санауына болады» деген Мұхтар Әуезовтың сөзімен келіспейтін жан бола қоймас.Шынымен де, кітап арқылы адамзат ақыл-ойының, інжу-маржанын бойына жинайды да, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізеді. Кітап-барлық білімдердің басын бір жерге тоғыстырып, кез-келген сәтте көмекке келетін ерен күш, әрі білімді жетілдіріп, жан-жақты ізденіп, тіл байлығын дамытып, саналы да, білімді адам шығаруда тап-тырмайтын баға жетпес дүние.<br><br>Қазіргі қазақ қоғамының алдында жас ұрпақты кітапқа, оның ішінде қазақ тілінде жазылған кітапқа баулу.<br>2 сәуір – "Халықаралық балалар кітаптарының күні" ,ал 23-сәуір-"Дүниежүзілік кітап күні"болып табылады. | | Музыка<br><br>слайд |
| **Ортасы** | **Мақал-мәтелдер**<br>1.Оқу — білім азығы,<br>Білім – ырыс қазығы.<br>Білім басы — бейнет, соңы — зейнет.<br>РЕКЛАМ<br>2.Кітап білім бұлағы-білім өмір шырағы<br>3.Кітап-ақыл ойдың айдыны<br>4.Кітапсыз үй-терезесіз бөлме<br>5.Кітап жинай берген мұрат емес,оқыған мұрат<br>6.Көп жасаған білмейді,көп оқыған біледі<br>7. Өнер — ағып жатқан бұлақ, | **Мақал-мәтелдердің жалғасын табады** | Слайд |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Ілім — жанып тұрған шырақ.<br>8.Кітап — алтын қазына.<br>9.Кітап-ғылым — тілсіз мұғалім.<br><br>**Кітап туралы ой-толғаныстар**<br><br>**Кітап оқымай ми толмайды, көз көрмей, көңіл тыңбайды.<br>**Оқырмандарға айтарым: көңіліңе ұнаған кітапты күн сайын оқу керек, тіпті жылына бір рет қайталап оқу керек, сонда одан бұрын аңғармаған көптеген пікірлерді табасың.<br>**Саф саф алтын тапқын келсе, кітапты көп оқы, ол мың кітаптың бірінде жатыр, іздене бер, кездесесің!<br>**Кітаптан әнуар нәрсе таппадым, жылынасың я суынасың да, қуанасың да, мұңаясың да, сүйтіп өзіңді әлемнің бір бөлшегіндей сезінесің.<br>**Кітапты оқысаң, өзіңнің қай жерде адасып жүргеніңді білесің.<br>**Әр кітап оқыған сайын, бұрын беймәлім дүниенің есігін ашып кіргендей өзіңді сезінесің, кітаптың кереметтігі осында.<br>**Кітап бір үғымды әсерлеп көрсетудің әртүрлі жолын көрсетеді.<br>**Кітапта сыр-сипат көп, оқып шығу бірінші іс. Окығанды ой таразысынан өткізіп, салмақтау екінші іс, өз ойыңмен салыстырып саралау, қортындылау үшінші іс. Ал бұны істей алмасаң, окыған кітабыңның берері аз. Кітап сараң, кім-көрінгенге сыр-сипатын бере бермейді.<br>**Кітап алып күш қана емес, күркіреп-күрсініп жатқан өмірдің өзі.<br>**Кітапты көп оқыған кенже қалмайды.<br>**Адам өледі, кітап жасарып жасай береді.<br>**Кітаптың берер сабағы, ойы ғарыштан да шексіз, жарық, нұрлы, қуатты.<br>**Сезімтал, сергек жасқа ұлы ұстаз — кітап.<br>**Түсініксіз ұғымды, пікірді, сұрауды білу үшін талай кітаптың бетін ақтарасың, арқа етің арша, борбай етің борша етіп іздегенді табасың,<br>**Кітапты қалам жазбайды, қаламды ұстаған жазады<br>**Оқыған кітабыңдағы сөз өз ойыңдай, өз түсінігіңдей болса, онда ол<br>кітапты жаман жазылған деуге болмайды, себебі кітаптағы сөзді өз<br>ойыңмен салыстырып, салмақтап көресің, сүйтіп түсінігіңнің дұрыс<br>бағытта екеніңді, өз мөлшеріңді байқайсың.<br>**Жақсы кітап жолдағы бастау, әр адам керегінше сусандай | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | алады.<br>**Жүрегіңді жылыту үшін кітапты көп оқы.<br>**Керексіз кітап болмайды, керегін таба алмаған оқырман болады.<br>**-Әр оқыған кітабыңнан сезімге – сезім, ойға – ой, үмітке – үміт тудыратын пікірді тауып алсаң, өзіңді бақытты сана.<br>**- Қай істе болмасын, басы мен соңы болады. Сол сияқты әр кітаптың басы мен соңы бар, оған ерекше мән бере оқу қажет. | | |
| **Соңы** | **Қорытындылау**<br>**Кітап**<br>Ағарып атқан таң нұрын<br>Ғылымнан ғана ұққанмын.<br>Халқымның тарих – тағдырын<br>Кітаптан оқып шыққанмын<br>Көздерін тартып мұқаба,<br>Оқушы қауым қолға алар.<br>Қалың ба, мейлі, жұқа ма –<br>Жүрекке кітап жол табар.<br>Жүйткіген пойыз ырғағы,<br>Ақынның отты жырлары,<br>Әлемнің жұмбақ сырлары<br>Кітапта толып тұр бәрі. | **Хайрат Ахмет** | |

**Бекітемін:**

| **Сыныбы: 1 Г** | **Уақыты: 29.10.2021** | **Сынып жетекшісі: Ермакбаева Ж.Н** |
|---|---|---|
| **Сынып сағатының тақырыбы:** | **«Жомарт күздің жемістері»** | |
| **Сынып сағатының мақсаты:** | - Жердің ластануына әсер ететін факторларды анықтау арқылы табиғатқа қамқорлық көрсетуге деген саналы көзқарас қалыптастыру арқылы қоғамдық орындарда өзін ұстай білу мәдениетіне баулу. | |
| **Сынып сағатының міндеті:** | - Табиғатқа қамқорлық жасауға дайын болуға үйрету;<br>- Қоғамдық орындарда өзін ұстай білу мәдениетіне баулу | |
| **Бағалау критерийлері:** | - Жердің ластануына әсер ететін факторларды анықтау арқылы табиғатқа қамқорлық көрсетуге деген саналы көзқарас қалыптасады;<br>- Қоғамдық орындарда өзін ұстай білу мәдениетін меңгереді. | |
| **Сынып сағатының** | әлеуметтік бағыттағы қоғамдық мекемелердің бір түрі, негізгі | |

| | |
|---|---|
| **түрі:** | сипаттамасы-ең алдымен уақытты төлеу, оның құнына ойын-сауық және іс-шаралар кіреді. |
| **Игерілетін дағды:** | Тыңдалым және айтылым |
| **Ресурстар:** | Кесте, бейнематериал, флипчарт т.б. |
| **Функциональдық сауаттылық:** | Тұрмыстық сауаттылық (оқушылардың әлеуметтік дағдыларын дамытудың негізі |
| **Жүру барысын алдын ала үйлестіру**<br><br><br><br><br><br><br>**Алғашқы сөз (кезең)**<br><br><br><br><br><br><br><br>**Ортаңғы кезең**<br>**Тапсырмалар легі** | Сынып жетекшісі алдын ала сынып бөлмесін сыны сағатына сай үлгісінде (партalардың топтың үлгісі. Бұл жерде «үстел» үстін әдемі гүл салынған құмырамен немесе интерьерлік заттармен<br>әсемдеу ұсынылады.<br>Сынып белсенділері даяшы ретінде қызмет атқаруын үйлестіру сынып сағатының әсерлі өтуіне жағдай туғызады. «Даяшылар» қонақтардың кафеге өтіп, орналасуына ілтипат көрсетеді.<br>Сынып жетекші (бұл жерде кафе иесі):<br>- Антикафе (сонымен қатар бос кеңістік, тайм-клуб, тайм-кафе)<br>— әлеуметтік бағыттағы қоғамдық мекемелердің бір түрі, негізгі сипаттамасы-ең алдымен уақытты төлеу, оның құнына ойын-сауық және іс-шаралар кіреді. Құрметтілерім, бүгінгі біздің анти-кафемізде «Табиғат - біздің ортақ үйіміз» тақырыбында әңгімелесіп, табиғаттың ғажайып суреттеріне марқаятын боламыз.<br>**Тапсырма №1**<br>«Табиғатты аялайық адамзат!» ертегісінің бейнематериалын тамашала.Бейнематериал желісіне сәйкес сұрақтарға жауап бер.<br>Сұрақтар:<br>- Ортақ үйіміздің ластануына не әсер етті?<br>- Бейнематериалда табиғатқа қамқорлықтың қандай түрлері көрсетілген?<br>Бейнематериал сілтемесі:<br>https://youtu.be/Br6NbzxTi6g<br>Дискриптор:<br>- Бейнематериалды түсініп қарайды;<br><br>**Тапсырма №2**<br>Бейнематериал мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдер айт. Өзіңе ұнаған мақалдың мазмұнын өз ойыңмен түсіндір.<br>Көмекке келер жеделхат<br>Жер - таусылмайтын қазына.<br>Жер-ырыстың кіндігі,<br>Еңбек - ырыстың қазығы.<br>Жер тағдыры - ел тағдыры.<br>Жер бауыры - жазық.<br>Сұлулық жерден өніп, көктен жауады.<br>Жері байдың елі бай. |

| | |
|---|---|
| **Соңы (бекіту)** | Дискриптор:<br>- Бейнематериал мазмұнына сәйкес мақал-мәтелдер айтады;<br>- Мақал-мәтелдерден ұнаған біреуінің мазмұнына түсінік береді.<br>Кері байланыс: «Есептесу рәсімі» әдісімен кері байланыс орнату. Бұл әдіс арқылы оқушылар кафенің ақысына төлеген алтын уақытының пайдалы жағы мен пайдасыз болғандығын айтып өтеді. |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 05.11.2021 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Дені саудың - жаны сау** | |
| **Мақсаты** | **Білімділік:** Балалардың денсаулық ұғымының құндылығы туралы түсініктерін кеңейту. Салауатты өмір салтын сақтаудың адам өміріндегі манызын түсіндіру;<br>**Дамытушылық:** Денсаулығын күту, іскерліктерін дамыту;<br>**Тәрбиелік:** Денсаулықты күтуге, қадірлеуге тәрбиелеу | |
| **Көрнекілігі** | **Слайдтар, қима қағаздар, суреттер.** | |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| **Басы** | **1.Ұйымдастыру кезеңі:**<br>Тыныштық сәті<br>- Бүгінгі тәрбие сағатымыз көңілді өту үшін көңіл-күйімізді көтеретін жаттығудан бастайық.<br>- Балалар, кезекпен барлық адамзатқа жақсы денсаулыққа арналған тілектер айтайықшы:<br>Мысалы: Денсаулық - адамның басты байлығы, сондықтан денсаулықты сақтай білейік. Күлкі - адам өмірін ұзартады, ешқашан жүзімізден күлкі кетпесін. Көңіл - күйіміз әрқашан көтеріңкі болсын. | | слайд |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | - Денсаулық әркімнің өз қолында. Денсаулықты адам баласына табиғат сыйлаған басты байлық. Денсаулықты жоғалту оңай, қалпына келтіру қиын. Сондықтан адамның денсаулығының мықты болуы адамның өзіне байланысты. Жағымды, жағымсыз заттарды дұрыс таңдау арқылы салауатты өмір сүруге болады. | | |
| **Ортасы** | **Әңгімелесу.**<br>-«Таза жүру өмірде» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Адамның денсаулығын сақтауға кім жауапты? Неге?<br>-Салауатты өмір салты дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Салауатты өмір сүруге не кедергі болады?<br>-Өз бойындағы жағымсыз әдеттерден арылу үшін не істеу керек деп ойлайсыңдар?<br><br>**Ойын – жаттығу:** « Пайдалы – зиянды »<br>Қазір бірнеше жағдаят айтамын, денсаулыққа пайдалы болса, апалақтаймыз, зиянды болса, аяғымызды жерге ұрып, бойға алмайтындығымызды көрсетеміз.<br>• Бала жаттығулар жасаса;<br>• Бала ағашқа өрмелесе;<br>• Бала ауыр заттарды көтерсе;<br>• Бала басқа баланы итеріп жіберсе;<br>• Бала сіріңкемен ойнаса;<br>• Бала терезені сындыратын болса;<br>• Бала қолын жуса;<br>• Бала күнге қыздырынса;<br>• Бала балмұздақты көп жесе;<br>• Бала балаларға қарай жөтелсе;<br>• Бала тамақ үстінде күлсе;<br>• Бала табиғи суға шомылса;<br>- Рахмет. Сонымен денсаулықтың тағы бір құпиясы- зиянды әрекеттерді<br>жасамау, пайдалы әрекеттер жасау. | **Оқушылар сұраққа жауап береді** | Қағаздар |
| **Соңы** | **Қорытындылау:**<br>-Денсаулық – адам баласының ең құнды игілігінің бірі. Денсаулықты сақтау үшін ең бірінші кезекте ойың, ниетің таза болуы керек. Адамның жан тазалығы денсаулығына әсер етеді. Сабыр мен сенім, мейірімділік пен сүйіспеншілік адам денсаулығын жақсартуға ықпал етеді. Денсаулығың жақсы болса, көңіл күй де көтеріңкі болады**.** | | |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 12.11.2021 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Теңге – тәуелсіздік келбеті** | |
| **Мақсаты** | **Білімділік:** тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі – теңгемен тереңірек таныстыру. Ақшаның пайда болу тарихы, өз ұлттық теңгеміздің айналымға кіруі, қалай, кімдер жасағаны туралы мағлұмат беру. Басқа ел валюталарымен таныстыру. Жаңадан айналымға енген ұлттық валюта, оны енгізудің қажеттілігі, безендірілуі туралы кеңірек таныстыру.<br>**Дамытушылық:** оқушылардың ақша туралы түсініктерін кеңейту, белсенділіктерін дамыту.<br>**Тәрбиелілік:** оқушылардың Қазақстанның тәуелсіз мемлекет ретінде қол жеткізген жетістіктеріне мақтаныш сезімдерін ояту. | |
| **Көрнекілігі** | **Слайдтар, теңгелер бейнеленген плакаттар, көрмеге басқа елдер ақшалары мен монеталары қойылады, кестелер, ұпай беру үшін ақшалар қолданылады.** | |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |
|---|---|---|---|
| **Басы** | Қайырлы күн, оқушылар!<br>«Теңге Тәуелсіздік келбеті» атты тәрбие сағатымызды бастаймыз.<br>Қазақстан Республикасы – егеменді, тәуелсіз демократиялық мемлекет. Оның өз Ата Заңы, мемлекеттік рәміздері, ұлттық валютасы бар.<br>Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі – ұлттық валюта. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша – асыл қазына, халық байлығы.<br>Ұлттық валютамыз Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 12 қарашадағы жарлығымен 1993 жылы 15 қараша күні таңертеңгі сағат 8: 00 - ден бастап енгізілді. Қазақ теңгесі Англияда басылды.<br>Теңгенің 16 - ға жуық құпия қорғанысы, белгісі бар. Теңге – біздің дербес ел болғанымыздың белгісі. Басқаның валютасына тәуелді болу – барлық байлығыңды біреудің билігіне беру. Ұлттық валюта – еліміздің даму көзі, әлемдік | | Слайд |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | деңгейге теңелудің алғашқы факторларының бірі. Ол барлық уақытта тәуелсіздігімізді қамтамасыз етеді.<br>«Тиыннан теңге құралады»,- демекші, ақшаны үнемді пайдалану керек. | | |
| **Ортасы** | XVI - XVIII ғасырларда мыс тиындар қолданыста жүріп, Қазақстанның Орта Азия мемлекеттерімен және Ресеймен сауда - саттық байланыста болғанын айғақтайды. Қазақтың «тәнге» деген ақша атауынан орыстың «деньги» деген сөзі шыққан. Ерте замандарда теңгелерді Түркістан, Тараз қалаларындағы арнаулы шеберханаларда жасаған.<br>1. Қазақстан Республикасының валютасы - Теңге<br>2. Ақшаның тұрақсыздануы, құнсыздануы - Инфляция<br>3. ҚҰБ банкінен басқа теңге сарайы қай қалада орналасқан — Өскемен.<br>4. Бір мемлекетте қабылданған ақша өлшемі - Валюта<br>5. Көрсетілген, белгіленген баға — Номинал<br>6. Әзербайжан валютасы - Манат<br>7. Қоғамда үстемдік етуші өндіріс тәсілі - Экономика<br>8. Армения валютасы - Бран.<br>9. Айырбас деген ұғым нені білдіреді - Бартер<br>10. Мемлекеттік банк шығаратын, айналыстағы ақша қызметін атқаратын билеттер - Банкнот<br>11. Бір елден екінші елге үшінші бір елдің жерін басып өту арқылы жүк тасу - Транзит<br>12. Монғолия валютасы - Тугрик<br>13. ҚР ең алғаш астанасы - Қызылорда (Қамыс қала, Ақмешіт)<br>14. Үндістан валютасы - Рупии<br>15. Алғаш монеталар қай ғасырда пайда болды - V ғасырда ежелгі Грецияда<br>16. Кез - келген тауар құнын білдіретін ерекше тауар - Ақша<br>17. Грузия валютасын ата - Лари<br>18. Пайда, табыс табу мақсаты мен күрделі қаржының ұзақ мерзімге жұмсалуы - Инвестиция<br>19. Англияның ақшасы - евро<br>20. Теңгенің бүгінгі долларға қарағанда бағамы - 1доллар - 370 теңге<br>21. Экономиканың күре тамыры - жол<br>22. Ұлттық банк төрағасы кім? - Акишев А<br>23. Теңгенің авторлары - Т. Сулейменов, Қ. Ғабжалилов, М. Әлін, А. Дүзелханов<br>24. Теңгенің алғашқы банкнотында бейнеленген Ұлы тұлғаларды ата - Әл - Фараби, Сүйінбай, Құрманғазы, Абай, Әбілхайыр, Абылайхан | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Соңы** | **Ел Президентінің Жарлығымен 1997 жылдан бері 15 қараша төл валютамыздың туған күні әрі қаржыгерлер күні болып белгіленді.**<br>**Түні нұрлы, ақ таңы,**<br>**Жері гүлдей бақтағы.**<br>**Ел ырысы – тайқазан,**<br>**Төл теңгеміз қақпағы.**<br>**Қазынамыз толығып,**<br>**Болсын дәйім жолы құт!**<br>**«Төл теңге – ел тірегі!»**<br>**Деп құрметтер оны жұрт.** | | |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 19.11.2021 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Сақта жолдың тәртібін!** | |
| **Мақсаты** | 1.Тәрбиелік – воспитательная: балаларды жолда жүргенде сақ болуға, | |

| | |
|---|---|
| | бағдаршам көздерінің тәртібін білуге, байқампаздыққа тәрбиелеу.<br><br>2.Дамытушылық – развивающая: Балалардың сөздік қорларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту.<br><br>3.Оқыту – обучающая: Жолда жүру ережелерімен таныстыру. Бағдаршам туралы және бағдаршамның атқаратын міндеті туралы білім беру. Бадаршамның қызыл түсі жанғанда тоқтау, сары түсі жанғанда дайындалу, жасыл түсі жанғанда жүру керектігін түсіндіру. |
| **Көрнекілігі** | **қоян маскасы, жұмсақ модуль «Бағдаршам».** |
| **Сабақ барысы** | |
| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
| **Басы** | Ұйымдастырылған оқу қызметінің барысы<br><br>1.Ұйымдастырушылық кезеңі<br><br>Ғажайып сәт: Топқа басын ұстаған қоян кіреді (Балалар топқа келген қоянға таңдана қарайды)<br><br>Қоян: Басым-ай, басым-ай.<br><br>Тәрбиеші: Қоянжан саған не болды?<br><br>Қоян: жолдан өтіп бара жатыр едім, көлік соғып, құлап, басымды ауыртып алдым.<br><br>Тәрбиеші: Қоянжан, олай көшеде кез келген жерден болмайды. Жол ережесін бұзбау керек, көшеде бағдаршам бар емес пе?<br><br>Қоян: Мен жол ереже дегенді білмеймін, бағдаршам деген не?<br><br>Тәрбиеші: Балалар сендер жол ережесін білесіңдер ме?<br><br>Олай болса жол ережесі, бағдаршам дегенді біздің балаларымыздан үйрен |
| **Ортасы** | **2.Негізгі бөлім**<br>Бағдаршам жайлы не білеміз? (балалар әңгімелейді)<br>Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда не істейміз?<br>Балалар біз жолға шыққанда ешқайда қарамай жүре береміз бе?<br>-Қандай жол белгілері бар?<br>-Бізге бағыт көрсететін не ол?<br>-Балалар, қалай ойлайсыңдар, бағдаршам не үшін керек?<br>Бағдаршамның неше көзі бар? |

| | |
|---|---|
| | – Біз жол жүру ережелерін сақтап, жолда мұқият болуға, көшені кесіп өтерде бағдаршам белгісіне қарауға тиіспіз.<br>Олай болса балалар «бағдаршам» ойынын ойнаймыз.<br>***Жұмсақ модуль «Бағдаршам»***<br>Балаларға үш түсті дөңгелектер беріледі. Балалар сол дөңгелектердің түстерін дұрыс тауып бағдаршам құрастырады.<br>***Жеке жұмыс:*** Амирхан бағдаршамның басында қандай түс тұрады?<br>Айлин бағдаршамның ортасында қандай түс тұрады?<br>***Көптілділік:*** бағдаршам – светофор - traffic light, қызыл – красный - red, сары – желтый - yellow, жасыл – зеленый - green<br>Қоянжан көрдің бе?! Біздің балалар бағдаршам туралы көп біледі. Енді жол белгілері туралы әңгімелесеміз.<br>Сендер таңертең балабақшаға келгенде немесе ата-аналарыңмен қыдырып жүргенде қандай жолмен жүресіңдер?<br>Тәрбиеші: Неліктен жол жиегіндегі жолмен жүреміз?<br>Балалар, мына жолдың арғы бетіне өту үшін не істейміз?<br>Ал мына жерде бағдаршам жоқ екен. Бірақ мында бір белгі тұр, бұл белгі нені білдіреді екен?<br>***Сергіту сәті:***<br>Балалар қызыл түсті дөңгелекті көрсеткенде отырады, ал сары түсті дөңгелекті көрсеткенде орындарынан тұрады, ал жасыл түсті дөңгелекті көрсеткенде жүреді.<br>***Жұмбақтар жасыру.***<br>1. Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған.<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырықпен түзеткен. (Жол сақшысы)<br>2. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,<br>Іргеден басталып, алысқа жеткізген. (Жол)<br>3. Жоқ өзінде бас та, ауызда да, құлақ та,<br>Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (Бағдаршам)<br>4. Көше бойлап аяңдайды<br>Адам тасып, аялдайды. Ол не? (Автобус)<br>5. Құстан аумайды,<br>Көкте заулайды. (Ұшақ)<br>6. Өзі сөйлей білмейді,<br>Бірақ «Тоқта, жүр!» дейді. (Бағдаршам)<br>Жарайсыңдар, балалар. Қоян сен ережелерді үйреніп жатырсың ба?<br>*Балалар енді тақтадағы суреттерге назар аударыңдар:*<br>Жолдың бойында доп ойнауға болады ма?<br>Жолда ролик тебуге болады ма? |

| | |
|---|---|
| **Соңы** | **3.Қорытынды**<br>Дидактикалық ойын «Дұрыс, дұрыс емес»<br>Балаларға шындыққа сай келмейтін және келетін сөйлемдерді айту. Балалар оның дұрыс, дұрыс еместігін айтады.<br>Бағдаршамның қызыл көзі жанғанда жүремін<br>Көшеде арнайы ақ жолақтан өтемін<br>Жолдан жүгіріп өтемін<br>Көшеден өткенде солға оңға қараймын.<br>Көшенің ортасында доп ойнаймын.<br>Жол ережесін сақтаймын.<br>Бағдаршамның сары көзі жанғанда дайындаламын.<br>Жасыл көзі жанғанда жүремін.<br>Қоян: Рахмет сендерге балалар, мен енді жол ережесін бұзбаймын.<br>Балаларды мадақтау. Балаларды бағдаршамның көздері бойынша бағалаймын (қызыл – төмен, сары – жақсы, жасыл – өте жақсы). |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 29.11.2021 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **«Елін сүйген елбасы»** | |
| **Мақсаты** | Қазақ халқының тұңғыш президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың өмір жолы, туып-өскен, оқып білім алған, қызмет еткен жерлері туралы мағлұмат беру; | |
| **Көрнекілігі** | **бейнефильм «Балалық шағымның аспаны», слайд, шарлар, суреттер, буклет «Нұрсұлтан Назарбаев - тұңғыш президент» Елбасының кітаптары.** | |
| **Сабақ барысы** | | |

| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
|---|---|
| **Басы** | I. Ұйымдастыру кезеңі<br>II. Ой - қозғау<br>III. Әңгімелеу<br>IV. Бейнефильм<br>V. Сергіту сәті<br>VI. Көрініс «Нұрсұлтанның балалық шағы» |

| | |
|---|---|
| | VII. Тапсырма «Елбасына тілек жазу»<br>VIII. Өлең тақпақтар<br>IX. Дәйексөз<br>X. Қорытынды<br><br>Барысы: Ұйымдастыру кезеңі<br>1. Балаларды тәрбие сағатына дайындау, назарын өзіме аудару<br>2. Шаттық шеңбері хормен<br>Халық үшін Елбасы,<br>Әскер үшін қолбасы.<br>Тар жол тайғақ кешуде<br>Нұр ағаны<br>Туған жұрты қолдасын. |
| **Ортасы** | Ой - қозғау<br>1. Балалар, 1 желтоқсан қандай мерекелі күн?<br>2. Біздің президентіміз кім?<br>3. Біз қандай мемлекетте тұрамыз?<br><br>Әңгімелеу<br>- Құрметті бүгінгі тәрбие сағатын қатысып отырған қонақтар, балалар!<br>1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті күнімен құттықтаймын!<br>Бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы: Елін сүйген, елі сүйген – Елбасы деп аталады.<br>Балалар мен сендерге Елбасымыздың өмір жолымен таныстырып өтейін.<br>Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 6 - шілде 1940 жылы Алматы облысы Қаскелең ауданындағы Шамалған ауылында туған. Балалық шағы кейде айта беретініміздей таршылық жағдайда өтті. Үлкендердің мал бағуына, бау - бақша өсіруіне көмек көрсету керек болды, шөпшек теріп, отын жарды. Өзі еске алғандай, өсірген аз-маз өнімдерін сатып, үй-ішіне қажетті заттар алу үшін есек жеккен арбамен жақын маңдағы теміржол стансасына бару дегенің керемет мереке саналған. Мектепті жақсы оқып, жақсы білім алды. Ата-анасын қатты құрмет тұтты. |
| **Соңы** | Ендеше, бала Сұлтанның қандай болғанына назар аударайық. Елбасының балалық шағы.<br>1-оқушы.1940 жылы 6 шілдеде Іле Алатауының баурайындағы Үшқоңыр жайлауында Әбіш пен Әлжан Назарбаевтардың шаңырағында көптен күткен ұл өмірге келді. Оған әке-шешесі Нұрсұлтан деп ат қойды.(1-слайд)<br><br>2-оқушы.Сәбиге ат таңдаудың өзі жатқан бір хикаяға айналды. Тойға жиналған ағайын-туыс түрлі есімдерді тұс-тұстан айтып жатты. Ең ақырында жаңа туған ұлдың әжесі Мырзабала мынадай ұсыныс білдірді: «Менің сүйікті немерем екі бірдей есімді алып жүрсін. Оның аты Нұрсұлтан болсын». (2-слайд)<br><br>3-оқушы.Әлемдегі барлық әжелер секілді Мырзабала да немересінің азамат болып қалыптасуына ерекше еңбек сіңірді. Нұрсұлтанның анасы Әлжан Мырзабаланың балалары мен келіндеріне ақыл- |

| | |
|---|---|
| | кеңес беріп, халықтың байырғы дәстүрлері мен жоралғылары туралы әңгімелейтінін, немересі Нұрсұлтанның тәрбиесіне аса белсеніп кіріскенін еске алады. (3-слайд)<br>1-оқушы.Мырзабаланың ұлы, Нұрсұлтан Назарбаевтың әкесі – Әбіш 1903 жылы Алатаудың бөктерінде, Назарбай бидің шаңырағында өмірге келді.Әбіш Назарбаев көңілді, қадірлі адам болды. Ол тек қазақ тілінде ғана емес, орыс және балқар тілдерінде де еркін сөйлейтін. Әбіш қазақ және орыс әндерін беріліп айтатын, әңгімелескен адамын зейін қойып тыңдап, пайдалы кеңес бере білетін. Әбіш Назарбаев 1971 жылы қайтыс болды. (4-слайд)<br>2-оқушы.Назарбаевтың анасы Әлжан 1910 жылы Жамбыл облысы Қордай ауданы Қасық аулындағы молданың отбасында дүниеге келді. (5,6-слайд) |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 03.12.2021 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Еңбек – бәрін де жеңбек** | |
| **Мақсаты** | Оқушылардың еңбек түрлері туралы білімдерін кеңейту, ұғымдар қалыптастыру. Сөйлеу дағдыларын жетілдіру, ой өрісін дамыту. Оқушылардың еңбексүйгіштікке, шаруақорлыққа, іскерлікке, үнемді болуға тәрбиелеу. | |
| **Көрнекілігі** | **Нақыл сөздер, суреттер.** | |
| **Сабақ барысы** | | |

| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
|---|---|
| **Басы** | Біз әдепті баламыз,<br>Біз ерекше боламыз.<br>Қонақтарды көргенде,<br>Сәлемдесіп аламыз.<br>(Үш тілде амандасу)<br>Қайырлы күн! Добрый день! Good afternoon!<br>Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Одан басқа нәрсемен оздым ғой дегеннің бәрі де ақымақшылық....., - деген екен Абай атамыз.<br>Кіріспе. Саламатсыздар ма, құрметті ата-аналар, ұстаздар. Бүгін 2 «А» сыныбында ашық тәрбие сағаты болмақ. Біз бүгінгі сабағымызды ақын, ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер Абай Құнанбайұлының ұлағатты сөздерін негізге ала отырып өткізбекшіміз. Ендеше, сабағымызды бастаймыз. Үш нәрсе адамның қаситеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек. –деп Абай атамыз айтқандай. Сабақты бастамас бұрын балалар бір-бірімізге деген жүректен шыққан жақсы тілектерімізді айтайық.<br>Шаттық шеңбері<br>(жүректен жүрекке)<br>Бір – біріне жылы лебіздерін айту.<br>1 топ. Талап 2 топ. Ырыс 3 топ. Бірлік |

| | |
|---|---|
| **Ортасы** | I.Негізгі бөлім.<br>Адамзатқа не керек:<br>Сүймек, сезбек, кеймек.<br>Харкет қылмақ, жүгірмек,<br>Ақылмен ойлап сөйлемек. – деп, балалар, назарымызды тақтаға аударайық. Суреттерге қарап балалардың нестеп жатқандарын әңгімелейік.<br>Суретпен жұмыс.<br><br>-Суретте балалар не істеп жүр?<br>-Әр сурет бойынша балардың іс әрекетін әңгімелету.<br>-Осы іс әрекеттің бәрін бір сөзбен айтқанда қалай атаймыз?<br>-Бұдан балалар сендер не ұқтыңдар?<br>Адам баласы еңбектеп өмірге келгеннен, еңкейіп дүниеден өткенше тек еңбекпен өмір сүреді. Өмір сүру дегеніміздің өзі еңбек ету. Адам алдына қойған мақсатына тек еңбек арқылы жетеді. Еңбек адамды шынықтырады, шыңдайды. Сондықтан адам үшін өмірінде еңбектенудің маңызы ерекше. Ал, сендердің еңбектерің сабақты жақсы оқып, ата-ананы қуанту. Еңбектенсек барлық қиындықты жеңеміз. Ендеше, бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Еңбек бәрін жеңбек»<br><br>II. Өлең шумақтар.<br>I. Өлең сөздің патшасы, сөз сарасы,<br>Қиыннан қиыстырар ер данасы. – деп Абай атамыз айтқандай кезекті еңбек туралы тақпақтар айдарына береміз.<br>1 оқушы(Ислам):<br>Еңбек гүлі өмірдің,<br>Нұрланған өткір талаппен.<br>Сәулеті биік өнердің,<br>Табылған мықты тұрақпен.<br><br>2 оқушы (Аружан):<br>Түбінде баянды еңбек егін салған,<br>Жасынан оқу оқып білім алған.<br>Би болған, болыс болған өнер емес,<br>Еңбектің бұдан өзге бәрі жалған.<br><br>3 оқушы(Тұмар):<br>Еңбектің өзек, тамыры,<br>Төселген шебер қолында.<br>Тартылмас табыс жанары, |

| | |
|---|---|
| | Қайнаған қызу жолында.<br><br>4 оқушы(Нұрдәулет):<br>Майда бол жігіт болсаң тал жібектей,<br>Жарамайды қатты болу тікенектей.<br>Білімің болсадағы ұшан-теңіз,<br>Пайда жоқ өз халқыңа қызмет етпей.<br>5 оқушы(Құрмантай):<br>Еңбек – өлім жан қанатын қиятын<br>Еңбек – өлім жанды ашудан тиятын.<br>Еңбек деген – еңбектеген мылқауды тыю<br>Жаншып, жанның сұлу сынын жоятын.<br><br><br>6 оқушы( Жанболат):<br>Еңбекті сүй құрметте,<br>Береке болар еңбекте.<br>Еңбек етсең емерсің,<br>Жақын болшы еңбекке.<br><br><br>7 оқушы(Айда):<br>Аш қарын жұбана ма майлы ас жемей?<br>Тоқ тұра алмас дәмдіден дәмді іздемей<br>«Бір тойған –шала байлық» деген қазақ<br>Ет көрінсе, қайтеді күйсей бермей<br>Еңбек жоқ, харекет жоқ қазақ кедей.<br>8 оқушы(Шапағат):<br>Еңбек сүйсең, ерінбе,<br>«Болсын десең – бір, екеу»,<br>Соқ балғанды кезінде,<br>Сонда жатыр іске өрлеу.<br>«Естілердің сөздерін ескеріп жүрген адам өзі де есті болады» - деп Абай атамыз айтқандай, есті сөздерді еске түсірейік. III.Келесі мақал – мәтел айдары.<br>Гүлдана: *Еңбегі жанғанның тоқтысы егіз туады.<br>Арнұр: *Еңбегімен ер сыйлы,<br>Өнбегімен жер сыйлы.<br>Данияр: *Еңбегіне қарай – құрмет,<br>Жасына қарай – ізет.<br>Амина: *Еңбегің болмаса елге өкпелеме, |

| | |
|---|---|
| | Ықтасының болмаса желге өкпелеме.<br>Нұржан: *Еңбеккер ұйқыдан ширап тұрады,<br>Еріншек ұйқыдан қирап тұрады.<br><br>Жасмина: *Еңбек адамның көркі,<br>Адам заманның көркі.<br>Нұрдәулет: *Еңбек бейнет емес, зейнет.<br>Зульфия: *Еңбек етсең емерсің,<br>Ерінбесең жеңерсің.<br>Айдана: *Еңбек ептілікті сүйеді.<br>Шапағат: *Еңбек етпей елге өкпелеме,<br>Егін екпей жерге өкпелеме.<br>Жадыра: *Еңбек ерлікке жеткізер,<br>Ерлік елдікке жеткізер.<br>Жанболат: *Еңбек ет те мақтан,<br>Ойнап күл де шаттан.<br>Ақылмен ойлап білген сөз,<br>Бойына жұқпас, сырғанар.<br>Ынталы жүрек сезген сөз,<br>Бар тамырды қуалар. – деп, ендігі кезекті ойынға берейік. Ойын шарты: шашыранды сөздерден қанатты сөздер құрастыру.<br>IV.Келесі айдар «Орнын тап» ойыны.<br>(Сөздерден қанатты сөздер құрастыру.)<br>*Саналы да ерікті еңбек қана адамды бақытқа кенелтеді.<br>*Көп еңбек еткенге бақыт басын иеді.<br>*Адам баласы еңбексіз өлікке айналады.<br>*Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға.<br>*Адам үшін ең алтын қазына – еңбек ете білу.<br>*Адам естіп білгені арқылы ғана жетілмейді, еңбек пен іс-әрекет үстінде қалыптасады.<br>Келесі кезекте топтық тапсырмалар. Әр топқа жеке тапсырмалар беріледі.<br>V.Топтық тапсырмалар.<br>1. Еңбекқор жәндіктер туралы айту.<br>2. Еңбек туралы мақалдың мазмұнын түсіндіру.<br>3. Ой еңбегі мен дене еңбегін ажырату.<br>Еңбек ету адамға ғана тән емес. Жыбырлаған жанның бәрі өздерінше еңбек етеді. Ендеше,<br>Бақ пен асқан патшадан,<br>Мимен асқан қара артық. – деп Абай атамыз жырлағандай жәндіктерден қандай үлгі алуға болатынын білейік.<br>1-топ. Еңбекқор жәндіктер туралы айту.<br><br>«Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек» Абай Құнанбайұлы |

2-топ.  Еңбек туралы мақалдың мазмұнын түсіндіру.

1. «Еңбек түбі – зейнет». Еңбек әрбір адамды зейнетке жеткізеді. Еңбек етсең еш нәрседен кем болмайсың. Еңбек етсең барлық нәрсеге қол жеткізесің. Біздің еңбегіміз сабақты жақсы оқып, ата-анамызды қуанту.

Жалқау еріншек балалар  үнемі 2,3 бағаларын алып жатады неге?

- Өйткені олар еңбектеніп оқымайды.

2. «Жақсы жұмыс – жанға тыныс». Әрбір адам жұмысын бар ынтасымен тиянақты етіп жасаса, өзі де қасындағы жолдастары да оған риза болмақ.

3. «Еңбексіз өмір – сөнген көмір». Көмір отын. Ол жылыту үшін қажет. Ол жанбаса жылу болмайды. Сол сияқты еңбек етпеген әрбір адам жылусыз сөнген көмір сияқты.

4. «Еленген еңбек өнімді». Еңбек еткен адамның еңбегі елеусіз қалған емес. Олардың аттары тарихта қалады.

Мұғалім: Мысал келтірейікші. (Зердебай ағай)

1оқушы:

Мысалы, Зердебай Бекарыстанұлы  еңбек  жолын  15 жасында бастауыш сыныптың мұғалімдігінен бастаған. «Халық жауының баласы» деген жалалы сөзсоңынан қалмаған ол 17 жасында өзі сұранып, қан майданға аттанған. Содан, елге жарақатпен оралған. Сосын, ұстаздық құра жүріп, Гурьевтегі мұғалімдер училищесін, Алматыдағы Қазақтың педагогикалық институтын бітірген.  Ұзақ жылдар бойына біздің мектебімізде, яғни, Жетібайда №3 орта мектептің директоры болып жасаған.

Зердебай Бекарыстанұлы әдебиетші-мұғалім ретінде өз ісінің айтулы шебері, алдынан мыңдаған шәкірт өткізген ұлағатты ұстаз, қаламы жүйрік тілші, айтыскер ақын, барынша көпшіл, қоғамшыл азамат болған.

Зердебай Бекарыстанұлы өмірдің не бір өткелінен сыр бермей өткен, ерік-жігері мол, білім-білігі кісілігі жұрт аузында жүрген белгілі тұлға болып мәңгі есімізде сақталады.

Бүгінгі таңда Зердебай Бекарысұлына елеулі еңбегі үшін болашақ ұрпаққа үлгі болатындай мектебімізден бір кабинет арнап ашылды.

«Пайда ойлама ар ойла,
Талапқыл артық білуге» Абай

3-топ.   Ой еңбегі мен дене еңбегін ажырату.

Еңбектің барлық түрлерін дене және ой еңбегіне бөледі. Дене еңбегіне бұлшықет белсенділігінің басым болуы тән. Едәуір бұлшықет белсенділігін қажет ететін еңбек түрлері. Бұл жұмыстар, еңбекті механикаландырмаған кезде қолданылады, энергия шығыны жоғары болуымен сипатталады. Еңбектің өнімділігі аз, дене жұмысына көп күш салуды қажет етеді. Дене еңбегі кезінде жұмыс режимі қолайлы болған жағдайда жұмыс уақытының 50% дейінгі бөлігі демалуға берілуі тиіс,яғни, дене еңбегімен айналысатындардың әлсін-әлсін отырулары  тиіс.

Ой еңбегіне –ой жұмысы мен шығармашылық іс әрекет жатады. Ой еңбегінің түрлері операторлық, басқарушылық, шығармашылық, медицина қызметкерлерінің,

| | |
|---|---|
| | оқытушылардың, оқушылар мен студенттердің еңбегіне бөлінеді. Ой еңбегі мамандығының барлық түріне тән өзіндік сипаты бар.Дене еңбегіне қарағанда ой еңбегінде орталық нерв жүйесіне шамадан тыс күш түседі. Өйткені олар қозғалыссыз отырады. Сондықтан жұмыс күнінің екінші жартысында орталық нерв жүйесінің мүмкіндігі төмендей бастайды. Сөйтіп адам шаршайды. Ой еңбегімен айналысатын адамдар түрегеліп әрі-бері жүрулері тиіс. Сол себепті адам шаршамау үшін еңбек пен демалысты дұрыс ұштастыра білген жөн.<br>VI.Шығармашылық жұмыс.<br>1-ші топ. Ән: «Әңгелек».<br>Құлақтан кіріп бойды алар,<br>Әсем ән мен тәтті күй.<br>Көңілге тұрлі ой салар,<br>Әнді сүйсең менше сүй. – деп, Абай атамыз жырлағандай келесі кезекті әнге береміз.<br>Хор: Әңгелек.<br>1. Шуағында көктемнің,<br>Қауын дәнін еккенмін.<br>Өзім күтіп баптадым,<br>Жаздай тыным таппадым.<br><br>Қайырмасы:<br>Пісіп қапты әңгелек,<br>Доптай болып дөңгелек. 2рет<br><br>2. Сап-сары боп сабағы,<br>Иісі мұрын жарады.<br>Тіл үйіріп, бал татып,<br>Қойды бізді тамсантып.<br><br>Қайырмасы:<br>Пісіп қапты әңгелек,<br>Доптай болып дөңгелек. 2рет<br>«Талап, еңбек, терең ой<br>Қанағат, рахым ойлап қой» Абай Құнанбайұлы<br><br>2-ші топ. Көрініс: «Қайдан келдің бауырсақ?»<br>Еңбек – қуаныш, жалқаулық – айырылмас азап, деген екен Абай атамыз. Еңбектің адам өміріндегі мәнін түсіндіру үшін Өтебай Тұрманжановтың «Қайдан келдің бауырсақ?» өлеңін сахыналап көрсетеді. Кәне соны тамашалаңыздар.<br>1оқушы: (Автор)<br>Дастарханға шашылып,<br>Жатты аппақ бауырсақ. |

| | |
|---|---|
| | Бауырсаққа қызығып,<br>Қарап тұрып көзін сап.<br>2оқушы: (Қуыршақ)Қайдан келдің бауырсақ?<br>3оқушы: (бауырсақ)Дүкеннен келдім нан сатқан.<br>2оқушы (қуыршақ):Дүкенге келдің қай жақтан?<br>3оқушы (бауырсақ):Наубайдан келдім нан жапқан.<br>2оқушы (қуыршақ): Наубайға келдің қай жақтан ?<br>3оқушы (бауырсақ):Дирменнен келдім ұн тартқан.<br>2оқушы (қуыршақ):Дирменге келдің қай жақтан?<br>3оқушы (бауырсақ):<br>Даладан келдім жан – жақтан,<br>Жер – анам мені көсілген<br>Диқандар мені өсірген<br>«Мал жұтайды, өнер жұтамайды» - деген екен Абай атмыз. Ендеше келесі кезекті би өнеріне береміз.<br><br>3-ші топ. Би: «Еркеназ»<br>«Ақырын жүріп анық бас<br>Еңбегің кетпес далаға» Абай<br>VІІ. Сұрақ-жауап айдары<br>1. Еңбек адамға не үшін қажет деп ойлайсыңдар?<br>(Білім алуға, маман иесі болуға. Еңбек етсең қарның тоқ болады, киімің болады.)<br>2. Еңбекқор деп қандай адамды айтамыз?<br>(Жалқау емес, сабақты 5-ке оқитын)<br>3. Өздерің қандай еңбекпен айналысқанды ұнатасыңдар?<br>(Сабақ оқумен,спортпен, мамаларымызға көмектесумен)<br>4. Адам бойында қандай қасиеттер болғанда жетістіктерге жетуге болады?<br>(Адал, еңбек сүйгіш,жалқау болмағанда, көп оқығанда, үлкенді тыңдағанда.)<br><br>«Ұстаздық еткен жалықпас<br>Үйретуден балаға» - деп Абай атамыз айтып кеткендей, әрбір ұстаз шәкіртіне көп нәрсе үйретуге ұмтылады.<br>(Топтастыру)<br><br>тәрбиелейді күш береді шынықтырады<br><br>қуантады бақытты етеді<br><br>өмір сүруге үйретеді жігерлендіреді |

| | |
|---|---|
| | «Атымды адам қойған соң,<br>Қайтып надан болайын» Абай |
| **Соңы** | VIII. Ән: «Болайықшы осындай» хор.<br>Ия, балалар, айта берсек еңбек туралы мақал да, тиым сөздер де көп. Еңбек бәрін жеңбек. Еңбек етіп жақсы оқитын балалар үнемі шаттанып бізді де, ата-анасында қуантып жүреді. Еңбектің арқасында адам барлық қиындықты жеңеді.<br><br>Қорытындылау.<br>Еңбек етпеген ішіп – жемейді.<br>Еңбек етпесең елге өкпелеме,<br>Егін екпесең жерге өкпелеме.<br>Сондықтан да балалар, еңбек етпеген адам еш нәрсеге де қол жеткізе алмайды екен, сондықтан да ерінбей, жалқау болмай еңбек етсек міне сол еңбегіміздің жемісін жейміз. |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 10.12.2021 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **«Біз тәуелсіз елдің болашағымыз!»** | |
| **Мақсаты** | 1. Оқушыларға қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресі мен ғасырлар бойы басынан өткен қиыншылықтарын айта келіп, осы қиын жылдары елінің азаттығын, еркіндікті аңсаған ұлт зиялыларына тоқталу. Тәуелсіз Қазақстанның 21 жыл ішіндегі қол жеткен жетістіктерімен таныстыру.<br>2. Қаншама құрбандықпен қол жеткен тәуелсіздігімізді құрметтей , қастерлей білуге тәрбиелеу, Қазақстанның келешегі үшін аянбай еңбек етуге шақыру.<br>3. Оқушылар бойында отансүйгіштік-патриоттық сезімдерін тәрбиелеу. | |
| **Көрнекілігі** | Еліміздің туы, Елтаңбасы мен Әнұраны, Отан, туған жер туралы нақыл сөздер. | |

| **Сабақ барысы** | |
|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |

| Басы | Барысы: |
|---|---|
| | **Хор: Әнұран**<br><br>**Мұғалім:** «Тәуелсіз ел Қазақстан!» атты тәрбие сағатын бастамас бұрын, сіздерді бұл мерекенің маңызымен таныстырып өтейін. Алтайдан Алатауға дейін ұлан – ғайыр жерді мекен еткен ата – бабаларымыз тәуелсіздікті арман еткен. Осынау кең даланы көк найзаның ұшымен, сом білектің күшімен қорғаған бабаларымыздың аманатын орындау үшін талай боздақтар жанкештілікке барған. Қаракерей Қабанбай, Қанжығалы Бөгенбай батырлардан бастап, Иса Досан, Шотан батырлар, беріректе Бауыржан, Мәншүк, Әлия сынды батырлар сол ел қорғауды ұран еткен, сол үшін құрбан болып, ел құрметіне бөленген батырлар.<br><br>Ресейдің езгісінде болып, тіліміз бен дінімізден безіп, орыстанғалы тұрғанда Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат асанова сияқты қыршын жастардың құрбандыққа баруы арқасында ғана тәуелсіздік алып, егеменді ел болдық.<br><br>Міне содан бері 30 жыл!<br><br>- Оқушылар, сыныбымыздың «Тәуелсіз ел – Қазақстан!» атты ашық тәрбие сағатына қош келдіңіздер!<br><br>**Мұғалімнің:**<br><br>-Шәкірттерім қазіргі кезде сен ашық аспан, жарық күн сәулесі түсіп тұрған мемлекетте өмір сүріп жатырсың, білім алуға сен үшін мүмкіндік мол. Сен көп уақытыңды достарыңмен, туған – туыстарыңмен өткізесің, көңілді мерекелерді асыға күтесің. Саған қандай мерекелер ұнайды? Оларды қалай тойлайсың? Әрине барлық мейрамдар жақсы. Бірақ олардың арасында біздің мемлекетіміз үшін маңыздылары бар. Соның бірі – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күні.<br><br>**1-жүргізуші:**<br><br>Армысыздар, Отандастар! |

| | |
|---|---|
| | **2-жүргізуші:**<br>Қайырлы күн, қымбатты қонақтар, ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!<br>**1-жүргізуші:**<br>Еліміздің тәуелсіздік алуы - халқымыздың тарихында жаңа дәуірдің бетін ашты, бүкіл қоғамдық өмірімізге жаңа леп, серпін ала келді. Ол-баршамыз бейбіт өмірде, еркіндікті аңсаған ақ ниет, ақ тілеумен өзіміз тіккен ортақ шаңырағымыздың тәуелсіздігі.<br>**2-жүргізуші:**<br>Шаттық нұры шашылып зеңбіректен<br>Шуағын күн төгнді енді көктен.<br>Шылбыр үзді даланың арғымағы,<br>Тәуелсіздік жалауын желбіреткен.<br>Дүбір қосып өзіндей сәйгүлікке<br>Ақ боз аттың алдынан жанды үміт те.<br>Ту ғып ұстап аңсаған азаттықты,<br>Қазақстан бет алды мәңгілікке! |
| **Ортасы** | **«Тәуелсіздік»**<br><br>**1-жүргізуші:** 1917 ж. бастап қазақ елі кеңес елінің құрамында болды. 1925-1933ж.ж. Голощекин Қазақстанда әлі революция болмаған деп , «Кіші Октябрь» саясатын жүргізді. Елді аштық тығырына тіреп негізгі күн көрісі мал болған қазақтар екі-үш жылда малдарынан түгел айрылып, Қазақстанда тұратын 2 млн. қазақ аштықтан қырылды.<br>**2-жүргізуші:**1937ж. асыра сілтеудің кесірі – біздің қазақ әдебиетінде жайқалып келе жатқан жас теректердің тамырын қиды.<br>**1-жүргізуші:** Ақтаңдақ жылдардағы «қазақ» деп қабырғасы қайысқан |

| | |
|---|---|
| | қайраткерлер де тәуелсіздігімізге жеткізер ұлы жолдағы құрбандар еді.<br>**2-жүргізуші:**<br>Құрбандарым, жазықсыз құрбандарым,<br>Бет-бағдарын бақиға бұрғандарым.<br>Қаралы жылдардай боп қарауытып,<br>Халқымның мәңгі есінде тұрғандары.<br>Құрбандарым, жазықсыз құрбандарым,<br>Кеудемдегі қолаңтаны қоздатқаның<br>Тұншықса да, түрмеде тозбапты әнім.<br>Жазықсыз жапа шегіп бұл жалғаннан<br>Жалтақтатып кете барған боздақтарын.<br>2-жүргізуші: Ұлы Отан соғысы жылдарына тоқталайық.<br>**2-оқушы: Асан Сабира**<br>**3- оқушы: Лейла**<br>**Ұлдардың орындауында: «Көк тудың желбірегені»**<br>**1-жүргізуші:**1986 ж. желтоқсаны.<br>Еліміздің тәуелсіздігін аңсаған жастар Алматы алаңына еріккеннен шыққан жоқ, алдына мақсат қойып шықты. «Ұлтшылдық», «бұзақы», «тәртіпсіздікті ұйымдастырушылар» деген жалғаннан ойлап тапқан жала бүкіл кеңес еліне таратылды.<br>**2-жүргізуші:**<br>Қасқалдақ ұшып көлінен<br>Шүрегей келіп қонған күн<br>Қыранды қуып көгінен<br>Қарғалар билік алған күн |

| | |
|---|---|
| | «Нашақор» деп, «ұлтшыл» деп,<br>Қазаққка күйе жаққан күн<br>Базары кетіп бір күнде<br>Қайғыға халық батқан күн<br>Қақаған қыстың ызғары<br>Сүйектен өтіп кеткен күн<br>Қара көз қазақ қыздарын<br>ОМОН-дар бастан тепкен күн.<br>Қариялар итке таланып,<br>Ер басын күрке шапқан күн<br>Аппақ қар қанға боянып<br>Қып-қызыл мұз боп жатқан күн.<br>Қайғы езіп елдің еңсесін<br>Жан шыдау жанын батқан күн<br>Енді қайтып келмесін<br>Сол бір қарғыс атқан күн.<br>**3- оқушы. Алихан**<br>**4- оқушы Айшабибі**<br>**1-жүргізуші:** Желтоқсан құрбандары-Ербол, Қайрат, Ләзат сынды аға-апаларымздың есімдері ешқашан ұмытылмайды.<br>**2-жүргізуші:**1991 ж. 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Тәуелсіз Республика болып жарияланды.<br>**2-жүргізуші:**<br>Тәуелсіздік ата-бабам аңсаған |

| | |
|---|---|
| | Жете алмай құрбан болды қанша адам.<br><br>**1-жүргізуші:** Қазақ халқы азаттық үшін талай қиындықты бастан кешірді. Бірақ ешқашан мойымады, күресе білді. Азаттық таңы туатынына кәміл сенді. Енді осы кейбір оқиғаларды еске түсіріп өтейік.<br><br>**Көрініс:**<br><br>Сахнада Қайрат пен жеңгесі дастархан басында отырады. Үйге милиционер жігіт кіреді.<br>**Милиция:** Біз органнан келдік. Қайрат Рысқұлбеков деген азаматты тұтқындауға келдік. Прокурордың санкциясы бар. Міне!<br>**Жеңгесі:** Қайрат, бері кел.<br>**Милиция:** Тез жинал, бізбен бірге кетесің.<br>**Жеңгесі.** Ойбай-ау бұларың не? Жұдырықтай баланың не жазығы бар еді? Әке-шешесіне не бетімізді айтамыз.<br>**Милиция:** Жеңеше, сабыр етіңіз! Бұл жігіт бір төбелеске қатысыпты. Анық – қанығын тексерген соң қайтарып жібереміз.<br>(Осы кезде Қайратты милиционер алып кетеді.)<br><br>**1-жүргізуші:**<br>Маңдайына жазылған аз ғана ғұмырдың соңғы сағатына  дейін мынау алдамшы дүниеден рахым күтіп, күдерін үзбеген сұңғыла жігіттің көңілі кім үшін, не үшін мерт болуға тиіс екенін сезе бастаған тәрізді.<br><br>**Көрініс.**<br>Түрме іші, қолында қағазы бар Қайрат отыр. Қинала отырып «Түрме жыры» өлеңін оқып шығады. Содан кейін қатты шаршап, былай дейді:<br>«-Уһ, әбден шаршадым-ау, жүйке тамырым жұқарды ғой! Қайран бостандық!!!<br>Жалалы боп, қатты батты жаныма,<br>Жазалаушы қағаз алдым қолыма.<br>Жігіттер-ай, айтып-айтпай не керек,<br>Жазған екен маңдайыма сорыма.<br>Біріншіден, мен сағындым анамды,<br>Екіншіден, бұл құдайға не қылдым? |

| | |
|---|---|
| | Бостандықта еркін жүрген жан едім,<br>Енді, міне, абақтыға жабылдым.<br><br>**Кезекші:** Заключенный Рыскулбеков на допрос.<br>**Тергеуші:** Айыпкер Рысқұлбеков, сен Мир мен Сәтбаев көшелерінде жасақшыларды көрдің бе?<br>**Қайрат:** Егер ол көшеге бармасам оларды қайдан көремін?<br>**Тергеуші:** Савицкийді сен өлтірдің бе?<br>**Қайрат:** Жоқ, өлтірген жоқпын?<br>**Тергеуші:** Сенің ұрып жатқаныңды біреу көріпті ғой.<br>**Қайрат:** Олай болса мені сол адаммен беттестір, бұл өтірік жала.<br>**Тергеуші:** Ах, ты, декабрист несчастный. Я тебе покажу өтірікті! Жала дейді еще! Ей, Рыскулбеков, сен, «Савицкийді өлтірдім» деп мойныңа ала сал, сонда сенің жазаң жеңілденеді. Егер,сен Савицкийді өлтіргеніңді мойындасаң, әкеңе тиіспейміз.<br>Әйтпесе әкеңді де…<br>**Қайрат:** Жолдас тергеуші, бұл жала ғой! Өлтірмеген адамды өлтірдім деп қалай мойындаймын, адам түгіл тышқанды да өлтіріп көрген емеспін.<br>**Тергеуші:** Заключенный Рыскулбеков, сен ақымақ болма, «Савецкийді өлтірдім» деп мойында. Бұл – бір. Сен әкеңнен 4 мың сом алып, мына менің алақаныма сал, бұл – екі. Түсіндің бе, мақұлық?<br>**Қайрат:**<br>Жолдас тергеуші! Айылда әзер күнін көріп отырған ата-анамды ақша деп қинағым келмейді және не үшін ақша төлеуім керек?<br>Не үшін? Ешқандай қылмысым жоқ.<br>Тергеуші: Әкетіңдер, құртыңдар, атыңдар!<br>**Қайрат:**<br>Тоқта! Айтар сөзім бар.<br>Күнәдан таза басм бар,<br>Жиырма бірде жасым бар.<br>Қасқалдақтай қаным бар,<br>Бозторғайдай жаным бар.<br>Алам десең алыңдар.<br>Қайрат деген атым бар,<br>Қазақ деген затым бар. |

| | |
|---|---|
| | «Еркек тоқты – құрбандық»,<br>Атам десең атыңдар.<br>(Қайратты кісендеп алып кетеді.) |
| **Соңы** | **Ән: «Егемен ел Қазақстан»**<br><br>**2-жүргізуші:**<br>Құрметті ұстаздар,оқушылар,қонақтар бүгінгі тәуелсіздік мерекесі өз елімiздің тарихы жайлы,тәуелсіздік жолындағы күресі,желтоқсан құрбандарын еске алу кеші өз мәресіне жеткен сияқты.<br>**1-жүргізуші: 2-жүргізуші**<br>Тәуелсіздік оңайлықпен келмеді,<br>Тойланып мың мереке,ұлыс күні<br>Мұны бізге ешкім алып бермеді.<br>Құйылған шаңырақтың ырыс нұры<br>Тәуелсіздік Қайрат,Ләззат,Ерболдың,<br>Халқымның бақыты үшін аз байлық па?<br>Тас көшеде тас-талқан боп өлгені.<br>Тәуелсіз еліміздің тыныштығы |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Бөлім:** | Әліппе кезеңі | |
| **Пәні:** | Әліппе | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 24.12.2021 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Жаңа жыл!** | |
| **Мақсаты** | | |

| **Сабақ барысы** | | | |
|---|---|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** | **Оқушының әрекеті** | **Ресурстар** |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **Басы** | **Ұйымдастыру бөлімі**<br>Құрметті қонақтар, шабытты шәкірттер! Бүгінгі жаңа жылдарыңыз, барыс жылы құтты болсын. Жаңа жыл қуаныш, бақыт әкелсін.<br>Ау бақытты ұландар!<br>Айлы көкке қараңдар<br>Мініп аппақ кемені<br>Жаңа жыл Ғарыштан келеді<br>Безендіріп шыршаны<br>Жыл қуантты баршаны<br>Ән менен биі басталсын<br>Жарқырап шырша шамдары<br><br>**Жүргізуші:** Балалар, мынау ортадағы әдемі шыршамыз көңілсіз тұр ғой, бәріміз бірге әдемі шыршаның шамын жағайық. | **Серікқали Ару:** Жаңа жылдарыңызбен!<br>**Жолдас Айдар:** С новым годом!<br>**Треккызы Райана:** Happy new year!<br><br>**Қуант бізді таңырқат**<br>**Шамдарыңды жарқырат**<br>**Бір, екі, үш**<br>**Шырша шамы жан**. |  |
| | **Жүргізуші:** Балалар, шыршамыздың шамы жағылды, енді ортамызға кім жетпей тұр?<br>**Жүргізуші:** Дұрыс-ақ, балалар, енді бәріміз бірге Аяз Атаны шақырайық<br><br>**Жүргізуші:** Жаңа жылымызға қош келдіңіз, біздің балаларымыздың өнерін тамашалаңыз.<br>Аяз Ата, қасыңыздан Ақшақар қызыңызды көрмей тұрмыз ғой, Ақшақар қайда?<br><br>**Жүргізуші:** Аяз Ата, қазір Ақшақар қызыңыз келіп қалар, балалар, біздер қандай ертегілерді білеміз, айтыңдаршы?<br><br>**Жүргізуші:** Ендеше, балалар, бауырсақ ертегісін айтып бастайық. Бір күні ата мен әже болыпты. Ата мен әже Жаңа жыл мерекесіне арнап бауырсақ пісіріпті. Бауырсақты суыту үшін оны терезе алдына қойыпты. Бауырсақ домалап жаңа жыл мерекесін тойлауға достар іздеп кетіпті.<br><br>**Жүргізуші:** Балалар, бауырсақ қоянға кездесіпті. | **Аяз Ата!**<br><br>**Хормен:** Аяз Ата, ау-у-у<br>(Аяз Ата келеді)<br>**Аяз ата:**<br>Амансыңдар ма, ұлдарым<br>Қырмызы сұлу қыздарым<br>Өздеріңді сағындым<br>Көп сыйлығым жоралғым!<br>**Аяз Ата:** Ақшақар қызымнан адасып, таба алмай қалдым.<br><br>**Бауырсақ (қоян,қасқыр,аю,түлкі).**<br><br>**«Ертегілер»әні**<br>**Орындайтын: Зулкаш Ару**<br><br>**Қоян:** Бауырсақ, бауырсақ, қайда бара жатырсың?<br>**Бауырсақ:** Жаңа жыл мерекесін қарсы алуға дос іздеп келе жатырмын.<br>**Қоян:** Ендеше, біздерді жаңа жыл | <br><br> |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Жүргізуші:** Бауырсақ тағы да жолға шығады. Домалап, домалап, қасқырға кездеседі.<br><br>**Жүргізуші:** Бауырсақ тағы да жолға шығады. Домалап, домалап, аюға кездеседі. | мерекесіне ала кетші, дос болайық.<br>**(Қоян бауырсаққа ілесіп шырша жанына келеді)**<br>**Бауырсақ:** Сенің қандай өнерің бар?<br>**Қоян:** менің жаттаған тақпағым бар.<br>**(Қоян тақпағын айтып береді)**<br>**Аяз ата:** Бәрекелді, Жаңа жыл мерекесіне ақ қоян да өз тартуымен келіпті. Ақ қоян, сен менің Ақшақар қызымды көрмедің бе?<br>**Қоян:** Жоқ, жоқ, көрмедім.<br>**Аяз ата:** Ақшақар неге кешікті екен, а? Мүмкін ол осы манда адасып жүрген шығар. Бауырсақ, сен менің Ақшақар қызымды да қарай жүр.<br>**Бауырсақ:** Жарайды, қарайын.<br><br>**Би:** «ұлдар биі»<br><br>**Қасқыр:** Бауырсақ, бауырсақ, қайда бара жатырсың?<br>**Бауырсақ:** Жаңа жыл мерекесін қарсы алуға дос іздеп келе жатырмын.<br>**Қасқыр:** Ендеше, біздерді жаңа жыл мерекесіне ала кетші, дос болайық.<br>**(Қасқыр бауырсаққа ілесіп шырша жанына келеді)**<br>**Бауырсақ:** Сенің қандай өнерің бар?<br>**Қасқыр:** Менің дайындаған ойыным бар.<br>**(Қасқыр ойын ойнатады) Ойын: (Шармен жекпе-жек)**<br>**Ойын шарты:**Екі оқушы ортаға шығады.Бокс қолғабын киіп ,шарды жару.<br>**Аяз ата:** Қасқыр-ау, жолдан менің Ақшақар қызымды көрмедіңдер ме?<br>**Қасқыр:** Жоқ! Жоқ! Көрмедім!<br><br>**Ән: «қыздар биі»**<br><br>**Аю:** Бауырсақ, бауырсақ, қайда бара жатырсың?<br>**Бауырсақ:** Жаңа жыл мерекесін қарсы | <br><br> |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | **Жүргізуші:** Балалар, бауырсақпен бірге кім келе жатыр, қарандаршы?<br><br>**Жүргізуші:**<br>Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,<br>Ақ мамық орап алды маңайды.<br>Армысыңдар,  халайық,<br>Бармысыңдар, халайық,<br>Жаңа жылды жұп жазбай,<br>Бірге қарсы алайық! | алуға дос іздеп келе жатырмын.<br>**Аю:** Ендеше, біздерді жаңа жыл мерекесіне ала кетші, дос болайық.<br>**(Аю бауырсаққа ілесіп шырша жанына келеді)**<br>**Бауырсақ:** Сенің қандай өнерің бар?<br>**Аю:** менің дайындаған биім бар.<br>(Аю би билейді)<br>**Ойын :** «Қарды қағып ал»<br>**Аяз ата:** Аю-ау, жолдан менің Ақшақар қызымды көрмедіңдер ме?<br>**Аю:** Жоқ! Жоқ! Көрмедік!<br>**(Осы кезде бауырсақпен ілесіп түлкі мен Ақшақар келе жатады).**<br><br>**Кемалова Гулден «Жаңа жыл»**<br>**Венера Кадырбековна «Зимный сон»**<br><br>**Балалар:** Қу түлкі! Қу түлкі келе жатыр.<br>**Түлкі:** Жоок, балалар, мен қу емеспін. Мен ешкімді алдамаймын. Бәріміз дос болайық. Мен сендерге жаңа жылға Ақшақарды алып келе жатырмын.<br><br>**Ақшақар:**<br>Жаңа жылдың таңы неткен арайлы,<br>Ақ мамық орап алды маңайды.<br>Армысыңдар,  халайық,<br>Бармысыңдар, халайық,<br>Жаңа жылды жұп жазбай,<br>Бірге қарсы алайық!<br>**Аяз ата:** Бауырсақ пен түлкі, сендер біраз еңбектеніп шаршадыңдар ғой, енді біраз отырып дем алайық. Жаңа жылға арнаған тақпағыңды тыңдап көрейін.<br><br>**Бауырсақ:** Аяз ата және менің достарыммен бірге шырша айналып, өлең айтайық. Енді бәріміз дос болайық, ренжіспейік, жарайды ма, балалар?<br>**Аяз ата:** Балалар, сендер өнерлі екенсіңдер. Маған Ақшақарды тауып бердіңдер, көп рахмет сендерге.(менің де |  |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | сендерге арнап дайындаған сыйлығым бар) Кулек таратады.<br>Енді біз Ақшақар қызым екеуміз жолға шығайық. Бізді басқа мектепте де балалар күтіп отыр.<br>Сау болыңдар, балалар!<br>**Балалар:** Сау болыңыз, Аяз ата! Сау болыңыз, Ақшақар! | |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 14.01.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Бағдаршам – біздің досымыз!**<br>**«Дұрыс тамақтану – денсаулық негізі»** | |

<table>
<tr><td>Мақсаты</td><td colspan="2">Балаларды кішіпейілділікке, үлкендерді сыйлауға, көмектесуге үйрету, жақсы қасиеттерді бойына сіңіріп, жаман қасиеттерден арылуға баулу. Адам бойындағы ұнамды, ұнамсыз қылықтарды айыра отырып әдеп әліппесін бойына дарыту. Оқушыларды әдептіліккке, сыпайылыққа тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Көрнекілігі</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td colspan="3">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі/уақыты</td><td colspan="2">Педагогтің әрекеті</td></tr>
<tr><td>Басы</td><td colspan="2">Барысы:<br>І.Ұйымдастыру кезеңі: оқушыларды тәрбие сағатына даярлау;<br>Тәрбие сағатының тақырыбы мен мақсатын түсіндіру.<br>ІІ.Кіріспе бөлім:<br>Тәрбиеші:-Бүгінгі біздің тәрбиелік сағатымыз ерекше, себебі бізге қонақтар келді. Келген қонақтарды қалай қарсы алушы едік?<br>Балалар шаттық шеңберін құрып, амандасады.<br>Оқушылар:-Күннің көзі ашылып,<br>Көкте шуақ шашылып<br>Құтты қонақ келіпті<br>Төрімізге еніпті.<br>Амандасу үлкенге<br>Тәрбиенің басы ғой<br>Ал, қанекей бәріміз<br>Сәлем дейік үлкенге<br>Сәлеметсіздер ме!<br>Балалар орындарына отырады.<br>Тәрбиеші: -Балалар, бүгінгі сабақты мұқият тыңдап, бәрің де атсалысып, білімдеріңді арттырып, тіл байлығымыздың молайғанын көрсете білсеңдер, бұл-біздің қонақтарға деген сый-құрметіміз болмақ.<br>Ендеше, өздеріңді таныстыра отырып, ұстаздарға деген ізгі ниетімізді тілектер арқылы жеткізейікші:<br>1.Менің атым -Алма-армандарыңыз орындалсын!<br>2.Менің атым-Нұртөре – нанымыз көп болсын!<br>3.Менің атым-Ләйла-лағылдай әсем болыңыздар!<br>4.Менің атым-Аяулым-аспанымыз ашық болсын!<br>5.Менің атым-Айман-аман жүріңіздер!<br>6.Менің атым-Рысдәулет – рақымшыл болыңыздар!<br>7.Менің атым-Лаура-лауазымды болыңыздар!<br>8.Менің атым-Сағыныш-сұлу болыңыздар!</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | 9.Менің атым-Элеонора-энергияңыз мол болсын!<br>10.Менің атым-Айя-абыройыңыз асқақ болсын!<br>11.Менің атым-Ерасыл –еңбектеріңіз жансын!<br><br>Хормен<br>Үлкенге де сіз,<br>Кішіге де сіз.<br>Баршаңызды құрметтеп<br>Бас иеміз біз.<br><br>Тәрбиеші: Рахмет, балалар! Мінекей, осындай жылы лебіздеріңмен өздеріңнің тәртіпті, өнегелі екендіктеріңді көрсетіп отырсыңдар.<br>Енді сендер «Әдептілік » еліне барғыларың келе ме? «Әдептілік» елінде қандай балалар тұрады екен? «Әдептілік» дегеніміз не?<br>ІІІ.Негізгі бөлім:<br>Мағынаны тану.<br>Әдептілік деп-үлкенді сыйлауды, достарды, айналадағы адамдарды құрметтеуді айтамыз.<br>Әдепті бала-ұқыпты, тілалғыш, шыншыл болады, өтірік айтпайды. Достарын жақсы көреді, ешкімді ренжітпейді және жаман қылықтардан аулақ болуға тырысады.<br>Тәрбиеші:Балалар, енді тақтаға зер салыңдар(суретпен жұмыс)<br>Адам болатын бала барлық жақсы қасиеттерді үйреніп, жаман мінез, жаман әдеттерден аулақ болуға тырысуы керек. Ендеше әдепті, ақылды балалардың қандай болатынын бізге тақпақ арқылы жеткізіңдерші.<br>1-бала<br>Ата-ананың тілегі-адам болып өскенің,<br>Адамдықтың тірегі-адал болып өскенің.<br>Әдептілік дегенің әрқашан да керегің<br>Әсемпаздық дегенің-әуре сарсаң, әлегің.<br>2-бала<br>Кім үлкенді сыйласа<br>Кім үлкенді тыңдаса<br>Үлкен болған кезінде<br>Сыйлы болмақ өзіде<br>3-бала<br>Сыйлап сәлем беремін<br>Үлкендерді көргенде |

| | |
|---|---|
| | Ізетпен бас иемін,<br>Үйге қонақ келгенде.<br>4-бала<br>Қарсы ал ерте күн көзін,<br>Төсегіңді жина өзің.<br>Асықпай іш тамақты,<br>Жалама аяқ-табақты.<br><br>5-бала<br>Пышақты ұста оң қолмен,<br>Шанышқыны сол қолмен.<br>Нанды үгітпе, қадірле,<br>Қабығымен бәрін же.<br>Саусағыңмен сормағын<br>Салдыр-салақ болмағын.<br><br>6-бала<br>Атам маған әманда,<br>Әдепті жан бол деген!<br>Ата сөзі санамда-<br>Жасы үлкенге жол берем!<br><br>7-бала<br>Атам маған қашанда<br>Әділетті бол деген.<br>Ата сөзі санамда,<br>Жүрем тура жолменен.<br><br>Тәрбиеші: Жарайсыңдар!<br>Ендеше балалар,<br>Сыйлап үлкен ағаны<br>Сәлем берген баланы<br>Кім дейміз ?<br>Әдепті екен бұл дейміз.<br><br>Кітап, дәптер, қаламы<br>Кір шалмаған баланы |

| | |
|---|---|
| | Кім дейміз?<br>Ұқыпты екен бұл дейміз<br><br>Таудай биік талабы<br>Жақсы оқитын баланы<br>Кім дейміз?<br>Үлгілі екен бұл дейміз<br><br>«Кім шапшаң?» ойыны |
| **Ортасы** | Қызығушылықты ояту<br>Көрініс: Әдепті бала<br>*Көрініс бойынша сұрақтар қойылады.*<br>Балалар, сендер кімнің әрекеті дұрыс деп санайсыңдар?<br>Жанарды қандай бала деп айта аламыз?<br>Әдепті бала қандай болады?<br>Әдепсіз бала қандай болады?<br>Әдептілікті бізге кім үйретеді?<br><br>Тәрбиеші: — Міне өздерің көріп отырғандай әдептіліктің де өз ережелері бар екен. Ал енді осындай ережелерге бағынбайтын да балалар кездеседі.<br>• Ендеше тыңдайық.<br><br>1-оқушы: Қайыр күтпе баладан,<br>Өз мысығын сабаған,<br>Кім алдаса анасын<br>Оған қалай нанасың.<br>Екі болса алғаны-<br>Бала ұятқа қалғаны,<br>Ойнап жүріп жыласа-<br>Орынды емес бұл аса.<br>Добын қимас ойнауға,<br>Ұят, сараң болған да.<br><br><br>2-оқушы: Ілгек, түйме жұлынып,<br>Кешке дейін алысар.<br>Әркімге бір ұрынып, |

| | |
|---|---|
| | Құспен, малмен жарысар<br>Шашы түсіп көзіне,<br>Түсінбей ақыл сөзіне<br>Мұғаліммен таласар,<br>Дәлел тауып сөзіне.<br><br>3-оқушы: Анау бала,қолын қара,<br>Кірқожалақ қап-қара,<br>Тырнақ өскен,<br>Шашы көптен,<br>Алынбапты – ау масқара!<br>Тазаланып тұру керек,<br>Ерте мен кеш жас бала.<br><br>Ән: «Жалқаубек»<br><br>Сұрақ – жауап :» Не деу керек ?»<br><br>Оқушының зейінін тексеру:<br>Енді, балалар ,адам бойындағы жақсы-жаман қасиеттерді топтастырайық. -<br>Сендер қалай ойлайсыңдар?<br>Жарқырап тұрған күнге қандай баланы жатқызуға болады?<br>-Ал, мына бұлтқа қандай баланы жатқызуға болады?<br>-Олай болса,<br>мына тақтада жақсы және жаман қасиеттер жазылған сөздер берілген.<br>Сол сөздерден жақсы және жаман қасиеттерді бөліп алып, күннің шуағы мен бұлттан жауған жаңбырды көрсетейік.<br><br>Әдептілік жайлы мақал — мәтелдер.<br>1. Әдептілік, ар, ұят адамдықтың белгісі.<br>2. Әдепті бала жол сілтейді,<br>Әдепсіз бала қол сілтейді.<br>3. Жақсы бала жеткізеді мұратқа,<br>Жаман бала қалдырады ұятқа. |
| **Соңы** | **3.Қорытынды** |

| | |
|---|---|
| | Мұғалім : Балалар , ойымызды қорытындылау үшін тақтаға назар аударайық. Мұнда ағаш пен баланың суреті бейнеленген.<br>Ағаш үлкен, мәуелі болып өсу үшін ағашқа не қажет деп ойлайсыңдар?(күн, күтім, ауа, су, қамқор, құнарлы топырақ)<br>Ал енді адамның жақсы болып өсуі үшін не қажет ? (тәрбие, ақылдылық, білім, еңбек, адалдық, тазалық, денсаулық, қарапайымдылық)<br>Ағаш пен адамды мәпелеп өсіретін – адам.Ағашты күтіп, баптап өздерің өсіресіңдер, ал сендерді жақсы адам болып өсулерің үшін қаншама адам сендер үшін еңбек етеді.Тәрбиеші тәрбиелейді, мұғалім білім береді, дірігер денсаулығыңды бақылайды. Ата- аналарың жақсылап тамақтандырады, сендерді ешкімнен кем қылмайды.Барлығы сендерді жақсы адам болып өссе екен дейді.Сендердің жақсы болып өсулерің өздеріңнің қолдарыңда, ал біз сендердің тілеулеріңді тілейміз.<br><br>Сонымен , балалар , бүгінгі «Әдеп»  сабағы сендерге ұнады ма? Ендеше осы сабағымыздан сендер қандай ой түйдіңдер ?<br><br>Хормен :<br>Жақсылықтан үйреніп,<br>Боламыз біз жақсы адам<br>Жамандықтан жиреніп<br>Үлгі аламыз жақсыдан.<br><br>Сергіту сәті. «Көңілді күн» |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 28.01.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **«Отбасым – күншуағым»** | |
| **Мақсаты** | Оқушылардың отбасы туралы түсініктерін кеңейту. Өз жанұясы туралы әңгімелеуге үйрету. Оқушыларды ұйымшылдыққа, жауапкершілікке, өз ойын жеткізе білуге тәрбиелеу. | |
| **Көрнекілігі** | Мультимедия, презентация, бейнебаян: «Отбасы құндылығы», шарлар, гүлдер. | |

| **Сабақ барысы** | |
|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
| **Басы** | Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, ата - аналар, оқушылар 4 «В» сыныбының ұйымдастыруымен өткелі отырған «Отбасым – күншуағым» атты ашық тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер. |

| | |
|---|---|
| | I. Шаттық шеңбері.<br>- Балалар, біз бүгін керемет бір ғажайып әлем туралы әңгімелесеміз. Қалай ойлайсыздар, ол әлем қандай әлем болуы мүмкін? Қане ойлап көріңдерші. Ол бір өзі кішкентай ғана шағын мемлекет.<br>Жауап: «Менің жанұям»,«Отбасы».<br>- Ол мемлекет қандай болуы мүмкін?<br>Жауап: Бақытты, тату, өнерлі, үлгілі.<br>Отбасы — адам баласының түп қазығы, алтын ұясы. Адам баласы шыр етіп дүние есігін ашқаннан бастап сол ортаның ыстық - суығына бейімделіп, ықпалына көніп, осында ер жетеді. Отбасының екі тірегі — әлпештеген әке мен аялаған ана. Ата - анаға үлкенге қызмет етіп, әкеңнің еңбегін, анаңның ақ сүтін өтеу — біздің борышымыз. Ата — ана — отбасының негізгі діңгегі, бастапқы дәнекері. Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады. Әке туралы айтсақ, әке отбасының асыраушысы, қамқоршысы. Ана — отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы.<br>Келесі кезеңіміз «Ашық микрофон» деп аталады. Бұл кезеңде оқушылар сіздерге отбасы туралы бірнеше сұрақтар қойылады. Ойларыңызды ашық, еркін айтуларыңыз сұралады.<br>Сұрақтар:<br>1. Отбасы дегенді қалай түсінесіңдер?<br>2. Отбасының басшысы кім?<br>3. Отбасы қандай болуы керек?<br>4. Барлық отбасы бірдей болады деп ойлайсыңдар ма?<br>5. Сен қандай отбасын армандайсың?<br>5. Өз отбасыңа көңілің тола ма?<br>7. Отбасын неліктен жақсы көресіңдер?<br>Ата – аналарға сұрақтар<br>1. Балаңызды, қызыңызды қалай еркелетесіз?<br>2. Балаңызға үнемі көңіл бөлсіз бе?<br>3. Отбасы тәрбиесіне кім көбірек көңіл бөледі?<br>4. Балаңыздың қандай жағымсыз, жат қылықтардан аулақ болғанын қалар едіңіз?<br>5. Балаңыздың қандай жақсы істері мен әрекеттерін үлгі етер едіңіз?<br>6. бала тәрбиесі үшін отбасы жауапкершілі басым ба, әлде мектептің жауапкершілігі басым ба?<br>Бейне баян көрсетіледі<br>Отбасым — менің жүрегім<br>Отбасым — менің тірегім<br>Отбасым – менің Отаным<br>Тек сен деп соғар жүрегім – дегендей, отбасы болашақ ұрпақ бойына адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықтарын сіңіретін тәрбие ошағы. |
| **Ортасы** | II кезең Әдеби монтаж<br>Отбасы – адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің мұралар мен салт - дәстүрлердің сақтаушысы.<br>III кезеңіміз «Менің отбасым – менің байлығым». Бұл кезеңде<br>1 - топ. Отбасымдағы ең сыйлы адам |

2 - топ, Отбасы жайлы синквейн
3 - топ. «Менің бақытты жанұям» тақырыбында суреттер салып қорғайды
4 - топ. Бала әр ата - ананың болашағы
Отбасы — әр бала үшін алтын бесік. Бала отбасы аясында түлеп өседі, оңы мен солын сонда таниды. Ол отбасы жағдайында өмірдегі әр түрлі жағдайларда өзін қалай ұстауды, адамгершілік әліппесі: кішіпейіл болу, ізеттілік, сыйластық, үлкендермен және кішілермен қандай қарым — қатынаста болу керек сияқты тәжірибе жинақтайды және оны меңгереді. Отбасы – ол ең жақын адамдардың ошағы. Әрқашан отбасы мүшелерін сыйлап, құрметтеу керек.
IҮ кезең. «Конверттегі сұрақтар»
«Біз баламызды танимыз ба?» деп аталады
Бұл кезең ата — аналарға арналады. Ортаға 6 ата - ананы шақырамыз.
Құрметті ата - аналар конверттің біреуін таңдап, ондағы сұрақтарға жауап берулеріңіз сұралады.
№1
1. Балаңыздың парталас көршісі кім?
2. Балаңыз бірінші сыныпқа қай жылы барды?
№2
1. Балаңыздың сүйікті асы не?
2. Балаңыз спорттың қай түрін жақсы көреді?
№3.
1. Балаңыз қандай түсті жақсы көреді?
2. Балаңызды еркелетіп қандай сөз айтасыз?
№4.
1. Балаңыздың аяқ киім өлшемі қандай?
2. Балаңыз сізді ренжіткенде ең алдымен аузыңызға қандай сөз түседі?
№5.
1. Балаңыздың бойында қандай өнер бар?
2. Балаңыздың жағымды және жағымсыз қасиеттерін атаңыз.

Анаң - күнің жүрегің,
Әкең - өмір тірегің.
Сен бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын.
Әжең - асыл ардағың,
Атаң - дана қорғаның
Сен бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын.
Ағаң – қамқор асқарың,
Інің - мөлдір аспаның.
Сен бақытты ұлансың,
Бәрі саған қуансын

| | |
|---|---|
| **Соңы** | Кері байланыс: «Тілек шамы».<br>Отбасы - ұшқан ұя жылылықтың мекені. Отбасы атауының мәніне терең үңілер болсақ оттың да үлкен маңызы бар екенін сеземіз. Сондықтан оттың басы, ошағымыздың түтіні түзу болу үшін, тілек айта отырып, жағайық<br>Тектілігі тереңге тамырланған қазақ халқы бала тәрбиесіне баса назар аударған. Ұлтымыз қашан да баласының рухани жағынан бай болуына көңіл бөлген. Сәби дүниеге келгеннен бастап, оның ойлы, дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, ақыл ойының жетілуіне назар аударған. Кішкентайынан бала бойына адалдық, әділдік, мейірімділік, адамгершілік сияқты бар ізгі қасиеттерді сіңіруде отбасының маңызы зор. Қорыта келгенде мектеп – жанұя – қоғам арасындағы ынтымақтастықты нығайтқанда ғана ұлымыз рухты, қызымыз ғұрыпты болмақ<br><br>Ән: Мерекем<br>Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын. Отбасыларыңызда әрқашан береке бірлік, татулық орнасын! Келесі кездескеше сау саламатта болыңыздар. |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 04.02.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **«Қазақ халқының қол өнері»** | |
| **Мақсаты** | Қазақ халқының мол қолөнер үлгілеремен таныстыра отырып, халық өнерін қастерлеуге, үлгі тұтуға үйрету. | |
| **Көрнекілігі** | Ою түрлері, зергерлік бұйымдар, “ Тайқазан ”, “ Алтын адам ” суреттері. Өнер туралы өнегелі сөздер мен мақал – мәтелдер:<br>Балам өнерлі болсын десең, өнегеңді көрсет.<br>Қолөнер – мол өнер.<br>Өнер талаптан туады. | |

| | |
|---|---|
| | Өнерліден үйрен, өнерсізден жирен. – деген сөздер жазылып ілінеді. Магнитофон, “ Мақал құрастыр ойыны ”. |
| **Сабақ барысы** | |
| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
| **Басы** | **Тәрбие сағатының жүру барысы:**<br>**I. Бөлім**<br>**Кіріспе**<br>Бүгінгі тәрбие сағатымыз “ Қазақ халқының қол өнері” деп аталады. “Өнер – таусылмас азық, жұтамас байлық” – деген халық даналығы. Әр халықтың өзіндік ұлттық өнері болады.<br>Өнер адамның дүниетанымына, сеніміне, адамгершілік – моральдық қасиеттердің қалыптасуына, эстетикалық сезімдерінің тұрақтылығына, алдына қойған мақсатының айқындала түсуіне игілікті әсер етеді. Сол себепті де халық өз ұрпағының өнердің сан – саласынан толық мағлұматы болуын аңсап, бұған қатты көңіл бөлген. Осыған орай мақал – мәтелдер “Жігітке жетпіс өнер де аз”, “Өнер таусылмас азық, жұтылмас байлық” – деп өнерді құдіретті күш, адамның жан серігі, ертеңгі күнгі жейтін тамағы ішетін сусыны, рухани байлығы деп бағалаған.<br>Қазақтың ән өнері, қолөнері, зергерлік өнері өзінің төлтума бітім қасиетімен, көркемдік мән мағынасымен шын мәніндегі халқымыздың ғасырлар тағылымынан өткен асыл қазынасы. Осы асыл қазынаны жоғалпай, әрі қарай дамыту біздің болашақ жастарымыздың міндеті.<br>Ортаға екі жүргізуші шығады.<br>**Екеуі бірігіп:** Ән мен күйді төгілтіп,<br>Інжу маржан шашайық!<br>Қонақтарды таң қалдырып,<br>Өнерді күмбез жасайық!<br>Ұлттың негізгі тірегі – ана тілі. Ана тілінен айрылған халық ұлт емес. Тіл – киелі дүние. Тілімізден айрылғанымыз ұлттық қасиетімізденайрылғанымыз. Әжелеріміз бесікті тербете отырып өмірлі бол, ақ ботам Бақытты бол, ақ қозым – деп жырлаған. |
| **Ортасы** | **II. Бөлім “Қолөнер – мол өнер”**<br>Қолөнер қолмен жасалатын жұмыс. Халық тұрмысында өру, ою, зергерлік, тігу, тоқу, жону, құрастыру бәрі де халықтың қолөнеріне жатады. Ғасырлар бойы ұрпақтан – ұрпаққа көбірек таралған қолөнерінің бір түрі ою — өрнек. Енді ою |

| | |
|---|---|
| | – еліне саяхатты тамашалаңыздар.<br>Ою түрлерін көрсете отырып, ою түрлері туралы оқушылыр орындайтын жұмыстар.<br>Құс мұрын оюы – ұшқан құстай ерікті, бақытты болыңдар деген тілекті білдіреді.<br>Омыртқа оюы – бірліктің, ынтымақтың, беріктіліктің белгісі.<br>Қошқармүйіз — әл – ауқатымыз жақсы, молшылықтамыз деген белгі. Мүйіз оюдың бірнеше түрі болады. Арқар мүйіз, сыңар мүйіз, сынық мүйіз, қос мүйіз.<br>Құстаңдай оюы – шешендердің, ақындардың үні құстың сайрағанындай құлаққа жағымды, жан жұбатарлық деген тілекпен өнер адамдарының шапандарына кестелеп тігіледі.<br>**Оқушы:** Көрші әжей өнерлі!<br>Барып тұрам күнде мен<br>Құрмет тұтып шеберді!<br>Ою — өрнек үйренем.<br>“**Мақал құрастыру”** ойыны<br>Тілі – бізі (Шешеннің тілі – шеберді – бізі.)<br>Қолы – тоны (Қай біреудің қолөнер қолымен тіккен тоны өнер.)<br>Жақсы – жаман (Жақсыдан үйрен – жаманнан жирен.)<br>**III. Бөлім “ Алтын балдақ – қол сәні, әшекей, кесте – тон сәні”**<br>Бұл бөлімде зергерлік өнер туралы әңгімелейміз.<br>**Мұғалім:** Балалар, өскенде кім боласыңдар оны өздерің таңдайсыңдар, ал мен бүгін тағы бір қазақтың қолөнерімен сендерді қызықтырғым келеді. Ол – зергерлік. Зергерлік ерте заманнан келе жатқан өнер. Зергерлер сән – салтанат бұйымдарын, жүлдеге, сыйға беретін неше түрлі әшекей жасайды.<br>**1 — оқушы:** Зергерлік өнердің туындылары жауға айбар, жақынға мақтаныш, аруға – ажар, жігітке – жігер беретін болғандықтан, батырлардың ерлігіне, ақындардың тапқырлығына, жүйріктердің бәйгесіне сыйға беретін болған.<br>**2 – оқушы:** Зергерлер қолынан неше түрлі әшекей бұйымдар шыққан. Ең көрнектісі де, сымбаттысы да – Сәукеле.<br>**3 – оқушы:** Зергерлер білезіктің бірнеше түрін соғып жасаған. Білезік көбінесе жұмыр, төрт қырлы, ширатпалы болып келеді. Білезіктің ашылылатын және жабылатын түрлері болады.<br>**4 – оқушы:** Кімге болса жарасатын көркемдік беретін зат, ол – сырға. Сырға әсем де жеңіл жасалады.<br>**5 – оқушы:** Ертеде қыз балалар шашына шашбау таққан. Ызған не болмаса |

| | |
|---|---|
| | кестеден бау жасаған. Оған ұсақ жеңіл күмістер, моншақтар таққан.<br>**6 – оқушы:** Зергерлер әйелдер үшін – оймақ, алқа, түйреуіш, қапсырма ерлер үшін – насыбай шақша жасаған. Оны әдемілеп әшекейлеген.<br>**7 – оқушы:** Ұлдар атқа мінген кезде зергерлер әдейі ер – тұрман жасаған. Ертұрманды нағашы жұрты жиендеріне сыйға тартқан. Оны ашамай ер деп те атайды.<br>**8 – оқушы:** Білесің бе бұл істі<br>Зергерлікке кім дайын?<br>Балқытып – ап күмісті<br>Сапырады су дайын.<br>**9 – оқушы:** Демеңдер бұл қалай<br>Күмісті де илеген<br>Осы өнерді мұрадай<br>Зергерлерден үйренем. |
| **Соңы** | **Қорытынды**<br>**Мұғалім:** Міне балалар, бүгінгі тәрбие сағатымызда қазақ халқының өнер түрлерімен таныстық.<br>Халық өнері тек қана эстетикалық мұрағат емес, ол сонымен қатар халықтың белгелі бір тариха кезеңіндегі таным – түсінігінен, өмір – салтынан, сұлулық туралы ой – талғамынан хабар береді. Есік қаласында табылған “Алтын киімді адам”әлемде теңдесі жоқ қолөнер болып саналады.<br>600 жыл бұрын әйгілі құймашы Абдуал — Әзілдің қолынан шыққан алып Тайқазан Түркістанға Қожа Ахмет Яссауй мовзалейіне қайтып оралуы – мәдениет пен әдебиет саласындағы үлкен оқиға. |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 18.02.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | ***Жол тәртібін білейік, аман-есен жүрейік!*** | |
| **Мақсаты** | Білімділік:<br>Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі қандай екенін үйрету.<br>Дамытушылық:<br>Жол ережесін есте сақтау қабілетін, қызығушылықтарын арттыру.<br>Тәрбиелік:<br>Барлығымызға ортақ қойылған тәртіпті бұзбауға тәрбиелеу. | |

| **Көрнекілігі** | Бағдаршам, жол белгілері, жолда жүру әліппесі, жол ережесіне арналған суреттер. |
| --- | --- |
| **Сабақ барысы** | |
| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
| **Басы** | 1. Ұйымдастыру бөлімі.<br>Мұғалім: Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан - жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол - көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол - көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегуде. Оның себебі – көптеген мектеп оқушылары жолда жүру ережелерін әлі де болса нашар біледі. Міне, осы мақсатта біздің сыныбымызда бүгін «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» атты жол ережелеріне арналған тәрбие сағатын өткізбекшіміз. Ендеше, қош келдіңіздер! |
| **Ортасы** | Мұғалім: Бүгінгі шарамызға қатысатын топтарды таныстырайық. Қызыл түсті белгілері бар «Қызылдар», жасыл түсті белгісі бар топ «Жасылдар» және сары түстілер – «Сарылар» тобы. Әр топ өздерін таныстырады:<br>«Қызылдар» тобы:<br>Қызыл көзін ашқанда,<br>Сынық сүйем баспа алға.<br>«Сарылар» тобы:<br>Сары көзін ашқанда<br>Қарап қалма аспанға.<br>«Жасылдар» тобы:<br>Жасыл көзін ашқанда,<br>Жүре бергін, жасқанба!<br><br>Мұғалім: Қызыл жанды, тоқтағын,<br>Көрдің жұрттың тосқанын.<br>Сары жанды – дайындал<br>Айналаңа қарап ал.<br>Жасыл жанды – тыңдағын<br>Жолың ашық, тұрмағын.<br>Балалар, бүгінгі кешіміздің ең басты қонағы – Бағдаршамды ортаға шақырамыз.<br>(Ортаға Бағдаршам болып киінген оқушы шығады.)<br><br>Бағдаршам: Сәлем, балалар! Мені барлық елдің балалары жақсы біледі. Бүгін сендерге арнайы келдім.<br>Жүргізуші: Қош келдің, Бағдаршам! Бүгінгі айтар әңгімеміздің бәрі саған қатысты болмақ, сондықтан да бізбен бірге бол.<br>Бағдаршам: Мен сендерге қояр сұрағым бар. Сендерді тексерейін. Жауабын кім айтар екен?<br>Көше ортасын айналдырып футбол тебер алаңға,<br>Көрдіңдер ғой ұмытқаны ережені, даландап.<br>Ал, кәнеки, үйренейік бәріміз де жүру тәртібін.<br>Ережені жақсы білер, жатқа білер кім мұны, |

| | |
|---|---|
| | Кім айтады жол белгісі неше топтан тұрады?<br>(Оқушылар жауабы: 7 топтан тұрады)<br>Бағдаршам:<br>Тұрамын көшенің қиылысын тұрақтап,<br>Қашпаймын мүдіріп, ешқандай сұрақтан.<br>Белгісі жолдардың төрт топтан тұрады,<br>Жарқырап көрінер түнде де жырақтан.<br>Мұғалім: Жарайсың, Бағдаршам! Ал енді сұрақ қойып топ мүшелерін тексеріп көрейік.<br><br>I бөлім: «Сәлем - сөздің анасы»<br>«Қызылдар» тобы:<br>Арманға алды күткен асығамыз,<br>Біз қалай толқын артпай басылармыз.<br>Жолда жүру ережесін жақсы біліп,<br>Сақтыққа тұра алатын жас ұланбыз.<br><br>«Жасылдар» тобы:<br>Жалғайтын достастырып бар әнменен<br>Жолдардан тұрады ғой әлем деген.<br>Бүгінгі бізге келген қонақтарға<br>Ойынымыз басталады сәлемменен.<br><br>«Сарылар» тобы:<br>Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,<br>Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да.<br>Жолда жүру ережесі заңды тәртіп -<br>Ол отақ - үлкен, кіші, баршамызға!<br><br>II бөлім: «Викториналық сұрақтар»<br>1. Қоғамдық транспорттан шыққаннан кейін көшеден қалай өту керек?<br>2. Жол таңбасы қандай екі түрге бөлінеді?<br>3. Жаяулар өтпесі қалай белгіленеді?<br>4. Бағдаршамда сигналдар қалай орналасқан?<br>5. Жол белгілері қандай топқа бөлінеді?<br>6. Балалардың суреті салынған белгі қайда орнатылады?<br>7. Оқушылардың велосипедпен көшеде және жолда қай жастан жүруіне рұқсат етіледі?<br>8. Велосипедпен жолға шығарда нені тексеру қажет?<br>9. Көшеден, жолдан қай жерде өтуге болады?<br>10. Габариттік оттар қай кезде жанады? (фарлар)<br>11. Жүргізушілер сыртқы жарық приборларын не үшін қосады?<br>12. «Тротуар» деген сөз нені білдіреді?<br>(Дұрыс жауап берген топқа өздеріне сәйкес келетін түстен жетондар беріледі.) |
| **Соңы** | III бөлім «Бағдаршам – жол атасы»<br>Жүргізуші: Жарайсыңдар. Жол ережесіне қатысты сұрақтарға ең көп жауап айтқан …. топ мүшелері. Құттықтаймыз! Ал енді әр топтың үй тапсырмасын тексерейік. Бағдаршам туралы деректер дайындау керек болатын, ендеше, тыңдалық. |

| | |
|---|---|
| | «Қызылдар» тобы: Алғашқы бағдаршам теміржол бойында пайда болды. Оны ойлап тапқан адамның есімі тарихта сақталмаған. Ал оны көше қозғалысына ыңғайлап, қайта жасаған ағылшынның инженер - механигі Д. Найт болатын. Ол 1868 жылы Лондондағы парламент үйінің алдына бағдаршам орнатты. Алдымен түрлі - түсті сигналдар қайыс берілістің көмегі арқылы өзгертіліп отырды. Сосын аппарат ортасына газды шам орнатылды. Өкінішке орай, бірде газ жарылып, кезекте тұрған полицей қаза болады. Содан бағдаршам жарты ғасыр бойы ұмыт болады.<br>«Сарылар» тобы: Бағдаршам тек 1914 жылы Американың Кливленд қаласында, сосын Нью-Йорк, тағы басқа қалаларында қайта пайда болды. Бұл жолы олар электрлі болды. Тек екі түсті ғана, қызыл және жасыл. 1918 жылдан бастап қана үш түс қолдана басталды.<br>«Жасылдар» тобы: Кеңес Одағы бойынша алғаш рет бағдаршам Мәскеу қаласында 1924 жылы Кузнецк көпірі мен Петровка көшелерінің қиылысынан орын алды. Бағдаршамдағы түстер бекер таңдап алынбаған. Қызыл түс қауіп ұғымын білдіреді. Сосын бұл түс күндіз де, түнде де, тұман мен жауынды күні де жақсы көрінеді. Жасыл түс қызыл түстен айқын ажыратылады. Сары сигнал – негізі қызыл мен жасыл түстердің арасындағы айырым белгісі.<br><br>IV бөлім «Жол белгілері»<br>Мұғалім: Жарайсыңдар, балалар! Үй тапсырмасына өте жақсы дайындалып келіпсіңдер. Ал енді кезекті жол белгілеріне береміз. Әр топ белгілерді таңдап, сол белгілер туралы айтып шығады.<br>Тақтада қызыл түспен «Ескерту белгілері», жасыл түспен «Тыйым салу белгілері» және сары түспен «Міндеттеу белгісі» деп жазылған сөздер ілінеді.<br><br>1 - топ: Ескерту белгілері Қолына айналасы қызыл жолақпен көмкерілген сары түсті тең қабырғалы үшбұрыш ұстаған топ басшысы:<br>Қып - қызыл үшбұрыш,<br>Ескерту белгісі мен болам.<br>Қауіптен сақ бол деп,<br>Сәт сапар жолдаған.<br>Аман - сау жүреді жаяу да, көлік те,<br>Мен берген белгіні сақтаған, қолдаған.<br>Үшбұрышты қызыл бояу – мен көрінсем абайла!<br>Жол бойында қауіпті түс алдан шығар дегенді айтар ескерту белгісі.<br>(Қалған топ мүшелері басқа ескерту белгілерін көрсетіп таныстырады.)<br><br>2 - топ: Тыйым салу белгісі. Қолына қызыл жолақпен көмкерілген сары түске боялған дөңгелек қалқаны бар топ басшысы:<br>Қызылмен боялған, шеңберім аумақты,<br>Тыйымшыл белгімін, қаталмын салмақты.<br>Мен тұрған жерлерде хақың жоқ жүруге, |

| | |
|---|---|
| | Қауіп бар, бағдарла көз салып жан - жақты.<br>Дөп - дөңгелек қызыл шеңбер, мен көрінсем «Тоқта қане» деп жар салар тыйым салу белгісі.<br>(Топ мүшелері тыйым салу белгілері туралы айтады, таныстырады.)<br><br>3 - топ: Көрсеткіш белгісі. Қолында көк түсті дөңгелек қалқаны бар топ басшысы:<br>Белгімін көрсетер жылдамдық бағытты,<br>Міндетті бұрылыс, әйтпесе қауіпті.<br>Барлығын айшықтап тұрамын жолыңда,<br>Абай бол, тартуымды міндетті орында!<br>(Қалған топ мүшелері басқа белгілерді таныстырады.)<br><br>V бөлім «Жұмбақтарды шешу»<br>1. Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырықпен түзеткен. (милиционер)<br><br>2. Көше бойлап аяңдайды,<br>Адам тасып аялдайды. (автобус)<br><br>3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,<br>Іргеден басталып алысқа жеткізген. (жол)<br><br>4. Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та,<br>Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (бағдаршам)<br><br>5. Екі аяқты, бір басты,<br>Жүгіреді тым қатты. (велосипед)<br><br>6. Өзі тым күшті,<br>Аяғы тісті. ( трактор)<br><br>7. Төрт аяғы домалақ,<br>Адамсыз жүрмейді. ( машина)<br><br>8. Екі ағасы қашады,<br>Екі қуады. ( машина дөңгелектері)<br><br>9. Бір тұлпар су ішпейді, жем жемейді,<br>Ескеріп ешбір адам емдемейді. |

| | |
|---|---|
| | Жүк емес жануарға жүз адам да,<br>Шылбырын сымға байлап тез жөнейді. (трамвай)<br><br>10. Арқаным бар тым ұзын,<br>Ала алмайсың бір үзім.<br>Табыңдаршы балалар<br>Бұл жұмбақтың шешуін. (жол)<br><br>VI бөлім «Ойлан, тап»<br>Жауабы: Жолда жүру ережесі<br><br>VII бөлім «Әдептілік әліппесі»<br>Мұғалім: - Балалар енді мен сендерге мынадай жұмбақ - әңгіме оқып берейін. Шешуін өздерің айтыңдар.<br>Алмас көшеде анадай жерде өтіп бара жатқан жүргіншіге:<br>-«Айтыңызшы, сағат қазір қанша?» - деп айқайлады.<br>Ол жүргінші уақытты айтқан соң, алмас бұрылып жөніне кетті. Бала бөтен адаммен қарым - қатынасында бірнеше қателік жіберді. Осы қателіктерді кім табады?<br>Жауабы:<br>1. Көшеде айқайлап жөн сұрамау керек!<br>2. «Сағат қанша?» емес, «Уақытты айтып жіберіңізші» немесе «Сағат қанша болғанын айтыңызшы» деп сұрауы қажет.<br>3. Алдымен кешірім өтінуі керек.<br>4. Алмас ол адамға «Рахмет» айтуды ұмытты.<br><br>VIII бөлім «Жағдаяттарды шешу»<br>«Қызылдар» тобы:<br>Ержан жол жиегінде доппен ойнап жүреді. Добы жолға домалап кетеді. Ержан добын алмақ болып машина жолына жүгіреді. Машиналар сигналы естіледі. Ержан добын тастай қашады. Ержанның әрекеті дұрыс па? Ол қандай шара қолдану керек еді?<br>«Жасылдар» тобы:<br>Бағдаршамы жоқ көшеде жолдан екі бала өтпек болады. Бірі жолдан жан - жағына қарамастан, асығыс жүгіріп өтеді. Екіншісі алдымен сол жағына, сонан соң оң жағына қарап өтеді. Кімнің әрекеті дұрыс? Жолдан қалай өту керек?<br>«Сарылар» тобы:<br>Сіз жолдан өтейін деп тұрсыз. Бағдаршамның жасыл түсі жанбай жатып қасыңызда тұрған бірінші сынып оқушысының машиналар зулап жүріп жатқан жолдан өтпекші болып тұрғанын көресіз. Сіздің әрекетіңіз?<br><br>IX бөлім «Топ басшылар сайысы»<br>Әр топ басшысы жолда жүру ережесіне байланысты тиымдар мен ескертпелерді, |

| | |
|---|---|
| | кеңестерді айту арқылы жарысады. Кім көп ой тастаса сол топ басшысы жеңімпаз атанады.<br>Мұғалім: Рахмет, балалар. Сендер бүгін көп мәлімет бердіңдер. Алдағы уақытта осы жол ережесін сақтап, басқа балаларға үйретіп жүріңдер. Ал қазір бәріміз бірге «Бағдаршам» әнін орындайық.<br>«Бағдаршам» әні<br>1. Көшеде біз сақ болайық,<br>Қаймықпасын ата - ана.<br>Жолда сен бол әркез лайық,<br>Жас ұлан деген атқа!<br><br>Қайырмасы:<br>Әрқашан күн сөнбесін,<br>Аспаннан бұлт төнбесін.<br>Қасымда болсын анам<br>Болайын мен де аман!<br><br>2. Жолда жүру әліппесін<br>Білген жөн ғой бес саусақтай.<br>Сонда ғана жүре аласың,<br>Сен өзіңді сау сақтап.<br><br>Қайырмасы:<br>Әрқашан күн сөнбесін,<br>Аспаннан бұлт төнбесін.<br>Қасымда болсын анам<br>Болайын мен де аман!<br>Бағдаршам: Мен сендерге ризамын. Бүгінгі жол ережесіне арналған шараға өте жақсы үлкен жауапкершілікпен дайындалғандарың көрініп тұр. Рахмет сендерге. Барлық белгілермен мына отырған балаларды таныстырып шықтыңдар. Енді бұл сынып оқушылары көшеде жол ережесін бұзбайды деп ойлаймын. Мен енді сендермен қоштасамын. Әлі талай сендерге қонаққа келіп тұрамын. Сау болыңдар, балалар!<br>Мұғалім: Сау бол, Бағдаршам. Ал, балалар, бізге де қоштасатын уақыт келді. Әр топ басшылары қорытынды сөздерін айтсын.<br>Оқушы: Шуақты өміріміз күндей күліп,<br>Жүректе бүршік атып гүлдейді үміт.<br>Арманға сапар тарту мүмкін емес<br>Жол жүру ережесін білмей тұрып.<br>Оқушы: Қай көше, қай қалаға барсаңыз да,<br>Қай ақыл өлшеміне салсаңыз да,<br>ЖОЛ жүру ережесі заңды тәртіп, |

| | |
|---|---|
| | Ол бәрімізге ортақ тәртіп.<br>Оқушы: Жолда жүру әліппесін<br>Білген жөн бес саусақтай.<br>Сонда ғана жүре аласың<br>Сен өзіңді аман сақтап.<br>Барлығы: Жол тәртібін білейік<br>Аман есен жүрейік! |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 25.02.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **«Алғыс айту – парызым»** | |
| **Мақсаты** | - ризашылық пен алғыс туралы түсінік беру;<br>- үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту;<br>- әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу | |
| **Көрнекілігі** | | |
| **Сабақ барысы** | | |

| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
|---|---|
| **Басы** | Мұғалім:<br>1 наурыз – Алғыс айту күні<br>Қазақстан халқы 2016 жылы тұңғыш рет Алғыс айту күнін атап өтті. 2016 жылғы 14 қаңтарда Қазақстан республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күні 1 наурызды елімізде Алғыс айту күні деп жариялап, № 173 Жарлыққа қол қойған болатын.<br>Талайлы тағдырлардың басын өз шаңырағының астына біріктіріп, қанатымен су сепкен қарлығаштай, қамқорлығына алған Қазақстанда адамның адамға құрмет көрсететін күні белгіленбек. Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев барлық ұлттың бір - біріне және қазақтарға алғыс айту күнін бекітуді ұсынды.<br>"Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылған күнінде - 1 наурызда, басқа уақытты қойса |

| | |
|---|---|
| | да болады - барлық ұлттың бір - біріне және осы адамдарды қабылдаған, аяушылық білдірген қазақтарға алғыс айту күні деп белгіленсе әділетті болар еді", - деп нақтылады. Президент Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтай көреген саясаткердің ерен еңбегін дәл бүгін және әрқашанда айтып өтеміз.<br><br>Мұғалім. Бұл адамның ардақты аты,<br>Білімдік бар биікке шығар сәті<br>Ең алғаш басталады осы адамнан<br>Сүйеді сондықтан да сүйген жаты |
| **Ортасы** | Мұғалім:<br>Алғыс - адамның адамға жасаған жақсылығы, көмегі, көңілі үшін ризашылық білдіруі, сондай - ақ оның ойы мен іс – әрекетіне, жасаған істеріне жоғары баға беру.<br>Ризашылық – адамның басқа адамнан көрген жақсылығы, көмегі, көңілі үшін қанағаттанушылық және алғыс білдірушілік сезім.<br><br>Отбасының басты қызығы, алтын тіреу діңгегі – бала. Баланың берекелі боп өсуіне берекелі отбасының әсері мол. Халық мақалында «Әке – асқар тау, ана – бауырындағы бұлақ, бала – жағасындағы құрақ» деп табиғаттың тамаша құбылысына теңеген екен. Әке – ұрпақ иесі, панасы, үй басшысы. Жеті атадан санағанда екінші ұрпақ. Әке – бала үшін шыңы биік асқар тау.<br><br>- Ана әрбір адамның жарық дүниедегі ең жақыны, жанашыры, қадірлісі, қамқоршысы, ақ сүтін емізіп аялаған, жанын да аямаған ардақтысы. Мен ана деген сөзді қанша айтсам да жалықпаймын. Өйткені ол дүниедегі ең ардақты жан. Ана баланы тоғыз ай көтеріп, толғатып, дүниеге келтіріп қана қоймайды, оны көзінің қарашығындай қорғап, аялап өсіріп аяғынан тік тұрғызады. Өмір есігін жаңа ашқан баланың бойына елінің рухын сіңіретін, жылауын қойғызатын ана. Ана баланың амандығын бақытты, абыройлы болуын тілейді. Бойымыздағы ең жақсы қасиеттер бізге алдымен анадан тарайды.<br>Қайран ана, өз перзентін әдемі не ұсқынсыз, ақылды не ақымақ, мейірімді не рақымсыз, кесір - қырсық болса да бәрібір шексіз сүйеді. Дүниеде ананың көз жасынан салмақты, одан ауыр таразы басын басатын ештеңе жоқ. Өйткені ананың көз жасы өзінің киесімен ауыр. Алайда «Ананың көңілі - балада, баланың көңілі - далада» демекші, өзінің перзенттік борышын ұмытқан, сөйтіп ата - анасын сыйламайтын адамдарды да өмірден кездестіруге болады. Ана - тіршіліктің гүлі, отбасының берекесі, бүкіл адамзаттың тәрбиешісі. Анасы жоқ балалар да аз емес. Олар ананың мейірімін, аялағанын ешқашан сезген емес. Ендеше, анамызды сыйлап, құрметтейікші! |
| **Соңы** | **Қорытынды:**<br>Құрметті оқушылар, жылы сөз, қайрымды іс, жақсы ой, кіршіксіз сезімдеріңізді ешкімнен ешқашан аямаңыздар, «Рахмет» деген қасиетті сөзді жиі айтыңыздар. Адам алғыс пен |

| | |
|---|---|
| | ризашылықты естіген сайын, жақсылық жасағысы келіп тұратынын естеріңде сақтаңыздар. Өмірдің әрбір сәтін бағалай білуге үйреніңіздер және Табиғат – Анаға мейірімді күні үшін, көңілді жаңбыры мен ақ қары үшін, жұмсақ ұлпа бұлты үшін, жақын адамдарға қайырымдылығы мен риясыз махаббаты үшін алғыс айтуды ұмытпаңыздар. |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 04.03.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Аяулы анашым** | |
| **Мақсаты** | Ана - өмір гүлі, анаға тек ұлылық тән екенін ұғындыру. Анаға деген бала махаббатын ояту. Анасын сүю арқылы еліне, жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Оқушыларды аналардың еңбегін бағалай, құрметтей білуге тәрбиелеу. | |
| **Көрнекілігі** | Плакатқа жазылған нақыл сөздер, оқушылар суреттері. | |

| **Сабақ барысы** | |
|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
| **Басы** | Барысы:<br>Қайырлы күн, құрметті абзал жанды аналар мен ұстаздар!<br>Наурыз күні – Ана күні, әлем күні<br>Әлемді тебірендірер ана үні<br>Анасыз жан туған жоқ жер бетінде<br>Ұғып ал, бөбектерім, сендер мұны.<br>Адам баласы үшін – ана. Бала дүниеге келген күннен бастап өзінің жұмсақ алақаны, жылы жүзі, ыстық ықыласы арқылы барлық сүйіспеншілік, мейірімділік, махаббатын бере білген аналар үшін жер дүниені мекендеген адамзат қауымы бір күнді мейрам етіп белгілеген.<br>Ол – 8 – Наурыз мерекесі.<br>Адам бойындағы асыл қасиеттің бәрі ананың ақ сүтінен жаралып, күннің нұр шапағынан нәр алып, бүр жаратынын атам қазақ атамзаманда ақ білген. Алаш баласының ананы айрықша ардақтап, есімін асқақ ұстайтыны да сонан болса керек. Шынында да, ел бастаған көсем де, топты жарған шешен де, азуын айға білеген ақын да, семсерін қанға суарған батыр да, ой кенін қазған ғалым да, әлемді аузына қаратқан дарын да анадан туған ғой. Туған |

| | |
|---|---|
| | халқының атақ – даңқын дәуірлетіп, дүйім дүниеге танытатын да сол аналар. Демек, бұл дүниеде анадан асқақ жан иесі жоқ.<br>Бүгін біз де аналарымызды мейрамымен құттықтау үшін «Аяулы анашым!» атты кешімізді ашық деп жариялаймыз.<br>8 – Наурыз Халықаралық әйелдер мерекесі құтты болсын! Аяулы, қымбатты, абзал аналарға ұзақ ғұмыр, бақытты өмір, отбасыларына амандық пен қуаныш тілейміз.<br>Мектеп үшін ата-аналар бөлексіздер<br>Мектеп үшін қашанда керексіздер,<br>Ата-аналар ардақты абзал жандар<br>Ұстаздармен қашанда біргесіздер. |
| **Ортасы** | Мұғалім сөзі:  Балалар, бүгінгі тақырыбымызға байланысты мен сендерге жұмбақ жасырғым келіп тұр. Шешуін таба аламыз ба?<br><br>Бала, бала ,бала деп<br>Түнде шошып оянған .<br>Түнұйқысын төрт бөліп,<br>Түнде бесік таянған,<br>Бұл кім?<br>Балалар : Ана, Ана, Ана.<br><br>Табаққа түспес,<br>Қазанға піспес.<br>Оны ішпей адам өспес. (Ана сүті)<br>Әлемде өзгермейтін үш-ақ зат бар. Ол – ананың сүті, күннің нұры, сәбидің күлкісі.<br>Жан ана, жарық күн – жанарың,<br>Бір сенде кеңдігі даланың.<br>Баланды құшақтап сүйгенде,<br>Сеземін көктемнің самалын.<br>Әлемге тыныштық тілеген,<br>Жан ана, жаныңа гүл егем.<br>Балалық жүрекпен айтылған,<br>Махаббат белгісі бұл өлең. |

| | |
|---|---|
| | Ендігі кезекте оқушыларының мерекелік өлең шумақтарын қабыл алыңыздар.<br><br>1. Біз ғана емес<br>Қадір тұтқан бабалар.<br>Аналардан туған небір даналар,<br>Ана деген тіршіліктің тірегі.<br>Армысыздар, қасиетті аналар<br><br>2. Ана десем алғыс алам халқымнан.<br>Ана десем теңіз болам шалқыған.<br>Ана десем ашылады қабағым<br>Ана десем әділдікті ұғамын.<br><br>3. Әлпештеген аялаған<br>Ақ сүт берген апатайым<br>Сәлем жазып бүгін саған<br>Мейрамыңмекн құттықтаймын.<br><br>4. Еркелесем күлімдейтін<br>Ұрысқаны білінбейтін<br>Маңдайымнан иіскеп менің<br>«Құлыншағым,күліп» дейтін.<br><br>5. Ана біздің күніміз<br>Ананың біз гүліміз<br>Бар баланы қуантып<br>Ұзақ өмір сүріңіз.<br><br>6. Үн қатасың бал тілімен<br>Еркелеймін әр күні мен<br>Құттықтаймын анашым<br>Сегізінші наурызбен<br><br>Мұғалім сөзі: Ананың әрбір сөзі жылылыққа толы. Ананың күн нұры |

тастай мұзды да жібітеді.Сүйікті аналар, сіздерге  деген балаларыңыздың жылы лебізін қабыл алыңыздар!
«Құттықтаймын мама туған күніңмен!»әні орындалады.

Мұғалім сөзі:Ортаға ұш ананы шақырамыз.Көздерін орамалмен байлап, топ баланың ішінен өз баласын тауып алуды ұсынамыз.

7. Анамды мақтан етем
Ақсүтін ақтап өтем
Анам сау жүрсе өмірде
Арманыма жетемін.

8. Өлең айтып беремін
Нанды алып келемін
Өйткені мен анамды
Өте жақсы көремін.

9. Анам менің сүйкімді
Қарақаттай көздері
Жаныма жылы тиеді
Ақылмен айтқан сөздері.

10. Айналайын анашым
Ақылы асқан данасың
Балаң үшін не керек
Бәрін іздеп табасың.

11. Әр ананың арманы
Баласы жақсы болғаны
Орындалса сол тілек
Орындалар қалғаны.

12. Ең қымбатты өмірде
Ана екенін білеміз
Ана жанын түсініп

| | |
|---|---|
| | Ойнаймыз да күлеміз.<br><br>13. Анашым ақ сүт беріп өсіріп ең<br>Қатемді меннен талай кешірін ең<br>Төрт бөліп түн ұйқысын әлдилеткен<br>Айналдым ана деген есіміңнен.<br><br>Ән: «Айналайын ақ мамам» - Арай,Айгерім.<br><br>14. Құтты болсын анашым<br>Мерекесі наурыздың<br>Қасымда бол әрқашан<br>Жансыз жарық жұлдызың<br>Тілейді бақыт бір саған<br>Әлпештеген ұл-қызың<br><br>15. Анаң болса қасында<br>Бақыттысың күнде сен<br>Анаң болса жанында ,<br>Жайма шуақ күнсің сен.<br><br>16. Аналарға мың алғыс<br>Бізге өмір сыйлаған<br>Аналарды сыйлайық<br>Біздер үшін жан қиған.<br><br>17. Көктемде көңілді ,құстар кеп жатқанда<br>Құлпыртып өңірді, гүл ектік бақтарға,<br>Біз доспыз гүлдермен, текке оны жұлмаймыз<br>Той күні бір –бірлеп аналарға сыйлаймыз. |
| **Соңы** | Балалар көктем сендерге сыйлыққа көп гүлдер алып келіпті.Қазір біз «Гүл теру »ойынын ойнаймыз.<br>Енді балалар аналарымызға арнап жапсыру сабағында жасаған тілек жазылған сыйлықтарымызды тарту етеміз. |

| | |
|---|---|
| | Ән: «Көктем» - Хор<br><br>18. Ана деген ақылшың,<br>Анаң барда батырсың.<br>Қасыңда кім болса да ,<br>Тек анаңа жақынсың.<br><br>19. Шуақ төгіп, күлімдейтін қарасам,<br>Анашымды күнге ғана баласам,<br>Жер бетінде ең жақыным өзіңсің,<br>Мәпелейсің, аялайсың әрқашан.<br><br>20. Ана деген асқақ ән,<br>Орындайтын әрқашан<br>Анадай қымбат сыйлықты,<br>Таба алмайсың ешқашан!<br><br>21. Ана – көркі көгімнің,<br>Ана – нұры жерімнің,<br>Ана – бағы баланың,<br>Мақтанышы даланың.<br><br>22. Ерлік, еңбек атқарған,<br>Еңбегімен мақтанған,<br>Ел сенімін ақтаған,<br>Айналайын ақ анам!<br><br>23. Аналарды сүйеміз,<br>Сөзін ойға түйеміз!<br>Әжені де ардақтап,<br>Әдеппен бас иеміз.<br><br>Ән: «Ақ әжем» - хор |

|  |  |
|---|---|
|  | 24. Ана – деген адамзаттың данасы,<br>Ана – деген сәбилердің панасы.<br>Ана – деген жарық жұлдыз шырағың,<br><br><br>25. Ана – деген қайнар ыстық бұлағың.<br>Ана – деген өмірдегі қамқорың,<br>Ана – деген сүйенерің, жан құрбың.<br><br>26. Ол – ана, адамзатқа қанық үні,<br>Әр жүрек, әр көңілдің жарық күні.<br>Ол деген – алыбы ғой алыптардың,<br>Ананың тілі емес пе, халық тілі?!<br><br>27. Балалар анамызды құрметтейік<br>Көңілін ешқашанда кірлетпейік<br>Сабақты жақсы оқып, тәртіпті боп.<br>Орынсыз ренжітіп, үндетпейік.<br><br>Қорытынды:<br>Аналар қуат күшің талмасын,<br>Бақыт гүлің солмасын,<br>Асқарына арманның<br>Ұрпақтарың самғасын.<br>Сен – анасың, сен – данасың, асыл жан<br>Бар ақылдан артық тұрған басың бар.<br>Өзің де жас, көңіл де жас қартайма.<br>Бір байлығың мына тұрған балалар.<br>Бағымызға аман болып жүз жаса<br>Мол бақытқа бөлене бер, жан ана.<br><br>Ән: «Әрқашан күн сөнбесін» - хор<br>Би. |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 11.03.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **«Шырайын төккен көктем»** | |
| **Мақсаты** | Көктем мезгілін сипаттау, балаларды табиғат тамашаларымен таныстыру. Табиғат ерекшеліктері мен өзгерістерін бақылау арқылы тілдерін дамыту, табиғатты аялауға, табиғаттың әсемдігін, сұлулығын көре, сезе білуге тәрбиелеу. | |
| **Көрнекілігі** | Көктем мезгілі туралы суреттер, құстардың суреттері, қызғалдақ гүлінің суреті. | |

| **Сабақ барысы** | |
|---|---|
| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
| **Басы** | Мативациялық қозғаушы:<br>Балалар, қараңдаршы жарқырап күн шығып тұр, бізге шуағын шашып тұр.<br>Қандай шуақты ерекше күн! Және де бізге көп қонақтар келіп отыр екен және солармен амандасып алайық.<br>Шаттық шеңберіне тұру.<br>Арайлап таң атты,<br>күн сәулесін таратты<br>жарқырайды қаламыз<br>жарқырай түс, даламыз<br>қайырлы таң! Қайырлы таң қонақтар<br>(Шеңберге тұрады өлең жолына сәйкес қимылдар жасайды)<br>Бүгін бізде ашық оқу іс - әрекеті: Айналамен таныстыру. Мен қазір сіздерге жұмбақ жасырамын.<br>Мұқият тыңдап алыңдар.<br>Қар еріп, су көбейіп, сай салаға ағады!<br>Ағам басы бүршік шашып, жапырақ ашып, гүл бәйшешек толады<br>Балалар, айтыңдаршы,<br>Бұл қай кезде болады?<br>Бұл көктем мезгілінде болады. |

| | |
|---|---|
| | Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады?<br>Көктем мезгілінде күн жылынды.<br>Қар еріп, жылғалардан су ақты. Туған жерге құстар ұшып келді.<br>- Көктем мезгілінде қандай құстар ұшып келді?<br>Ағаштар бүршік жарып, жапырақ жаяды.<br>Жеміс ағаштары гүлдейді.<br>- Қар ерігеннен кейін жер бетіне бәйшешек гүлі шығады. Жауқазын гүлі, қызғалдақ гүлдері шығады.<br>- Көктем мезгілінде қандай алғашқы гүлдер шығады?<br>Егістікте тракторшылар жер жыртып, сеялкамен дән себеді<br>Көктем мезгілінде егістік жерлерде қандай жұмыстар жүргізіледі?<br>Егістікте тракторшылар жер жыртып, сеялкамен дән себеді.<br>- Наурыз айында қандай мерекелерді атап өттік?<br>Наурыз айында 8 - наурыз аналар мерекесі, 22 - наурыз Ұлыстың ұлы күні Наурыз тойын тойладық. |
| **Ортасы** | Есік қағылды. Топқа музыка әуенімен қонаққа Ару Көктем кіреді.<br>Ару Көктем:<br>- Сәлеметсіздер ме қонақтар, балалар!<br>Мен көңілді көктеммін.<br>Былтыр келіп кеткенмін.<br>Нұр боп көктен төгілем.<br>Шуағым төгіп әлемге<br>Қуатын күннің әкелем<br>Табиғаттың төсіне,<br>Тіршілігін әперем<br>Қазір жылдың қай мезгілі?<br>- Қазір жылдың көктем мезгілі.<br>- Көктем мезгілінің қай айы?<br>Көктем мезгілінің наурыз айы.<br>- Көктем айларын атаңдар<br>- Көктем айлары: наурыз, сәуір, мамыр<br>Ару Көктем: Балалар мен туралы не білесіңдер?<br>Көктем, көктем көктемде<br>Құстар келіп жеткенде.<br>Қуанып бір қаламыз.<br>Әнмен қарсы аламыз<br>Көктем қандай көңілді,<br>Күміс жаңбыр төгілді.<br>Мөлдір аспан ашылып,<br>Күн пердесі сөгілді.<br>- Көкке бояп өңірді,<br>Көктем келді көңілді.<br>Бау - бақшада орманда.<br>Құстар әні төгілді.<br>Ару Көктем: Рахмет балалар!<br>Көктем мезгілі туралы көп біледі екенсіңдер. |

| | |
|---|---|
| | Жарайсыңдар!<br>Музыка әуені естіледі.<br>Музыка әуенімен билеп<br>«Қағаз ханшайымы» кіреді.<br>-«Қағаз ханшайымы»:<br>- Сәлеметсіздер ме қонақтар, балалар!<br>Мен қағаздар елінен сендерге қонаққа келдім. Мен «Қағаз ханшайымы» боламын.<br>- Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Көптеген тапсырмалар әкелдім.<br>Жұмбақтар айтады.<br>- Таңмен көзін ашады,<br>Әлемге нұрын шашады.<br>Ол не? (Күн.)<br>- Ағаш.<br>- Жылт жылт етеді.<br>Жылғадан өтеді.<br>Ол не? (Су)<br>- Қыста киімін тастайды,<br>Көктем де киіне бастайды.<br>Ол не? (Ағаш.)<br>2 тапсырма.<br>- Кім жаңылтпаш біледі?<br>Көктем күні шуақты,<br>Көктем күні қуатты.<br>Көктем күні шуақты,<br>Сай - салад су ақты.<br>Көктем күні күкіреп,<br>Жаңбыр жауды сіркіреп.<br>Көктем күні күркіреп,<br>Шыға келді қыр түлеп<br>3 тапсырма.<br>Кім тыйым сөздер біледі?<br>Құстарды атуға болмайды.<br>Құстардың ұясын бұзуға болмайды.<br>Қағаз ханшайымы:<br>- Жарайсыңдар, балалар!<br>Рахмет!<br>Сендер өте ақылды,<br>Білімді балалар екенсіңдер.<br><br>Сергіту сәті:<br>Күн болып жанайық.<br>Су болып ағайық.<br>Терең – терең демалып,<br>Жүгіріп, жүгіріп алайық. |
| **Соңы** | Рахмет, сендермен өте тамаша күн өткіздім сендерге өте ризамын қош сау болыңдар.<br>Рефлексивті коррекциялаушы: |

| | |
|---|---|
| | - Бүгін бізде қандай оқу іс - әрекеті болды?<br>- Оқу іс – әрекеті ұнады ма?<br>- Қонаққа кімдер келді?<br>- Сендерге не алып келді?<br><br>Күтілетін нәтиже: Көктем мезгіліндегі табиғат құбылыстары туралы түсінігі қалыптасты.<br>Білуі тиіс: Көктем мезгілінің ерекшеліктерін біледі.<br>Игеру: Шығармашылығын дамыту. |

Бекітемін:

<table>
<tr><td>Пәні:</td><td colspan="2">Сынып сағаты</td></tr>
<tr><td>Педагогтің аты-жөні:</td><td colspan="2">Ермакбаева Ж.Н</td></tr>
<tr><td>Күні:</td><td colspan="2">18.03.2022</td></tr>
<tr><td>Сынып: 1 Г</td><td>Қатысушылар саны</td><td>Қатыспағандар саны:</td></tr>
<tr><td>Сабақтың тақырыбы</td><td colspan="2">«Ұлысымның ұлы күні – Наурызым»</td></tr>
<tr><td>Мақсаты</td><td colspan="2">1.Қазақ халқының ежелден сақталып,атадан балаға мұра етіп қалдырған салт-дәстүрін,наурыз мейрамының мәнін түсіндіру,әрі дамыту және көркейту.<br>2. Окушылардың ойлауын дамыта отыра,ой қиялын,өрісін,іздену негіздерін дамыту.<br>3. Оқушыларды ұлтжандылыққа,имандылыққа,инабаттылыққа.халқымыздың салт-дәстүрін қастерлеуге,сақтауға тәрбиелеу.</td></tr>
<tr><td>Көрнекілігі</td><td colspan="2"></td></tr>
<tr><td colspan="3">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі/уақыты</td><td colspan="2">Педагогтің әрекеті</td></tr>
<tr><td>Басы</td><td colspan="2">Жүргізуші: Құрметті ұстаздар, оқушылар, ата – аналар! Сіздерді қазақтың ұлттық мерекесі Ұлыстың ұлы – Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.. Бүгінгі болғалы отырған «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні!» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! Наурыз – жаңа жыл және көктем мерекесі. Сіздерді келіп жеткен көктем мерекесімен құттықтап, сіздерге шаттық тілей отырып, мерекелі тәрбие сағатымызды ашық деп жариялаймыз! Жаңа өмірдің қайта басталатын күн есебінің басы, көктемнің көшбасшысы, қанатына маржан тағып қараторғай жеткенде көктемнің алғашқы жаңбыры себелейді. Сіресіп жатқан қар еріп, көл – көсір су болып ағады. Өсімдік ұйқыдан оянады, бәйшешек қаулайды. Жер әлемді жайнатып, әнші құстарды сайратып, Наурыз тойын тойлайтын Ұлыстың ұлы күні келді. Той құтты болсын, ұлыс оң болсын!</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | Хор «Наурыз айы толғанда» |
| Ортасы | Жүргізуші:<br><br>Күттіріп келген жыл басы<br><br>Бізбен бірге жырлашы.<br><br>Дастарханға елімнің,<br><br>Береке, ырыс сыйлашы.<br><br>Ата – бабам тойлаған<br><br>Әз – Наурызым, армысың!<br><br>Амина: Уа халайық, халайық<br><br>Ақ сандықты ашайық.<br><br>Бұл мереке бұл тойдың<br><br>Шашуларын шашайық!<br><br>Райымбек: Армысың Наурыз,<br><br>Қуаныш боп, кір төрлет!<br><br>Ел болып саған,<br><br>Көрсетіп жатыр сый – құрмет!<br><br>Медина: Бауырласқа тәнтіміз,<br><br>Бұзылмаған салтымыз.<br><br>Кең даламның ежелгі,<br><br>Қазақ деген халқымыз.<br><br>Өзге ұлттай біздің де<br><br>Бар дәстүр мен салтымыз. |

| | |
|---|---|
| | Қазбек: Жыл басы - Наурыз, мереке!<br><br>Ақ нұрға әлем боянды<br><br>Наурыз тойы береке<br><br>Тіршілік жаңа оянды.<br><br>Арлан: Тәуелсіз биік халқымның желбіреп туы шалқысын,<br><br>Әз Наурыз келіп еліме, Жер – Ана бойы балқысын.<br><br>Жаңғырар дәстүр - салтымның көсілсін бұлақ жалғасып,<br><br>Қастерлі менің халқымның мереке Наурыз жыл басы!<br><br>Би «Қамажай»<br><br>Жүргізуші: Ұлыс күні кәрі жас<br><br>Құшақтасып көріскен<br><br>Жаңа ағытқан қозыдай<br><br>Жамырасып өріскен.<br><br>Сіздердің әділ істеріңіз<br><br>Ғасырлар бойы тынбайды.<br><br>Аңыз, дастан жырлардан,<br><br>Жастар оқып тынбайды.<br><br>Айым: Жарқыраған жас нұрлы,<br><br>Жаса, Наурыз дәстүрлі.<br><br>Бақытыма шалқыдым,<br><br>Ашылады нұрымыз<br><br>Осынау байтақ елімде |

| | |
|---|---|
| | Айтылады жырымыз<br><br>Нурай: Сәулесі бар Наурызда таңғы үміттің,<br><br>Басын қосқан сан адам сан ғұрыптың.<br><br>Ұлыстың ұлы күні паш етейік,<br><br>Белгісін достықпенен мәңгіліктің.<br><br>Жаннұр: Жүріңдер Наурыз тойға басып аяқ<br><br>Қалыс адам қалмасын некен – саяқ.<br><br>Ән шырқап, би билейік, қауым болып,<br><br>Тұрмайтын уақыт келді өнерді аяп.<br><br>Диас: Наурыз, наурыз наз үнді,<br><br>Жер жап – жасыл жаз үлгі.<br><br>Жақсылықты жаранға<br><br>Жайып келші, бар ізгі.<br><br>Аяжан: Қош келдің Наурызым Ардақты<br><br>Халқым саған бар үмітін арнапты.<br><br>Жылда осылай келе бергін жасарып,<br><br>Гүлге бөлеп, нұрға бөлеп аймақты.<br><br>Ән « Шақырады көктем»<br><br>Ойын «Орамал тастамақ»<br><br>Жүргізуші: Қазағымның салт – дәстүрі жаңғырған,<br><br>Тәлімді ой сынағы, тәрбие көзі қалдырған.<br><br>Салт – дәстүрді ардақтайық, ағайын,<br><br>Қазақ атты үлкен, кіші балдырған. |

| | |
|---|---|
| | Жиналыппыз сәтті күні бәрімізде,<br><br>Үлкен, кіші, жасымыз, кәрімізде.<br><br>Төрлетіңіз қадірменді қонақтар,<br><br>Гүл – гүл жайнап мына біздің төрімізге – деп ендігі кезекті Наурыздағы салт – дәстүрлерге берсек.<br><br>Араби: Наурызкөк – Наурыз айында ұшып келетін көктем құсы. Қарасы шағын ғана, осы құсы шығыс елі күтіп жүреді. Оны алғаш көргендер «Наурыз келдің бе?» деп шақырып, жем шашады.<br><br>Жанел: Наурызнама – шат – шадыман, ойын – сауық. Тойда ат – жарыс, түрлі ойындар өткізіліп, наурыз жырлары айтылады. Наурызнамада Қыз – жігіттер<br><br>жиналып, бас қосып ұйқыашар әзірлейді. Ол уыз, ет сияқты дәмді тағамдардан жасалады. Жігіттер қыз – келіншектерге сақина, сырға, айна, тарақ сияқты сыйлықтар береді. Оны «селтеткізер» деп атайды.<br><br>Айсұлу: Наурызша – Наурыз айында жұп – жұқа қиықша қырбық қар түседі.<br><br>Оны халық «Наурызша» деп атайды.<br><br>Айгерім: Наурыз – шыр айналған жылдың басы,<br><br>Адамның өлшенеді өмір жасы.<br><br>Қазақтың пейіліне жарасады,<br><br>Әр үйде дастарханға толған асы.<br><br>Ескендір: Наурыз қайтып оралады, аты да аңыз,<br><br>Сұрамаймыз алғыста, ақы да біз.<br><br>Кең дастархан, даламның, сахнамыз,<br><br>Ұлы мейрам – Наурызға шақырамыз.<br><br>Сардар: Келіңдер, Наурыз күнін қарсы алайық,<br><br>Билейік, жыр жырлайық, ән салайық. |

| | |
|---|---|
| | Қаһарлы қыстан өтіп, Наурыз келді,<br><br>Арқанды кеңге созшы, уа халайық.<br><br>Би: «Қара жорға» |
| Соңы | Жүргізуші: Шығыстың күнтізбесі бойынша күн мен түннің теңескен көктемгі мерекесі жыл сайын асыға күтетін жарқын үміт, жастық пен жаңару мерекесі, бүкіл әлемге береке, бақыт, бейбітшілік дарытатын Ұлыстың ұлы күні – Әз Наурыз құтты болсын. Күншығыстың Наурызы келгенде Самарқанның көк тасы еріп, жылғалардан су ағып, бәйшешек гүл атып, күннің көзі бүкіл әлемге нұрын шашып, үйсізді үйлімен теңестіреді. Наурыз келді, көктем келді ағайын!<br><br>Жадырайды, жаңғырады маңдайым.<br><br>Назды, сазды науан Наурыз, армысың!<br><br>Ақ әже Қазақтың бірнеше салт – дәстүрлері туралы айтып береді. «Бесікке<br><br>баланы бөлеу», «Ат қою», «Тұсау кесу» рәсімдерін көрсетеді.<br><br>Жүргізуші: Ортаға сөз ізгі ниет, «Ақ бата» беру үшін Қыдыр атаға беріледі. Армысыңдар, жамағат!<br><br>Ұлыс оң болсын,<br><br>Ақ мол болсын.<br><br>Қайда барсақ жол болсын!<br><br>Ұлыс бақты болсын,<br><br>Төрт – түлік ақты болсын!<br><br>Ұлыс береке берсін,<br><br>Бәле – жала жерге енсін»<br><br>Ұлы халқым тоқ болсын»<br><br>Көйлектерің көк болсын!<br><br>Қайғы – уайым жоқ болсын!<br><br>Қуаныштарың көп болсын! |

| | |
|---|---|
| | (Әумин)<br><br>Ойын: «Сақина салу»<br><br>Жүргізуші: Наурыз тойы ұлы күн,<br><br>Шырқап әнге салайық.<br><br>Хор: «Домбырасыз ән қайда»<br><br>Жүргізуші: Осымен «Наурыз – Ұлыстың ұлы күні» атты сынып сағатымыз аяқталды. Көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп рахмет! Өмір жастарыңыз ұзақ, ұлыс бақты, төрт – түлік а |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 01.04.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **«Дараланған дарын».** | |
| **Мақсаты** | Ой жүйрік, танымдық деңгейі жоғары, интеллектуалды оқушылардың дарынын ашу, белсенділігін арттыру, білімдерін көрсету. | |
| **Көрнекілігі** | Мультимедия, шарлар. | |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
|---|---|
| **Басы** | I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>II. Кіріспе:<br>-Сәлеметсіздер ме құрметті қонақтар, ұстаздар және балалар! Бүгінгі 4 сыныптардың арасында өткелі отырған «Дараланған дарын» атты интеллектуалды білім сайысымызға қош келдіңіздер!<br>Ортаға мектебіміздің мақтанышы, кішкентай әншіміз 1 «Ә» сынып оқушысы Жасынды «Бақытты балалық шақ» әнімен қарсы алайық.<br>Ал, келіңіздер, келіңізде,<br>Біріңе-бірің еріңіздер.<br>Біліміңді тексеріп,<br>Бәйгеге қатысып көріңіздер, -дей отыра ортаға, сайысқа қатысушы оқушыларымызды қошеметпен қарсы алайық. |
| **Ортасы** | 1. **«Көңілашар»**<br>Әр қатысушы сайыскерлеріміз өз аттарына байланысты бір-біріне жылы лебіздерін, тілектерін білдіреді. Мысалы, Данат – денсаулықтарың мықты болсын, Мұса –мейірімді бол, с.с. тілектерін айтады.<br>Ал енді сайыстың жеңімбазын анықтау үшін әділ бағасын беретін әділ – қазылар алқасымен танысайық. (Әділ қазылардың аты-жөні айтылады)<br>Сайыстың ережелерімен таныстырып өтейін.<br>Ойын бөлімдері:<br>I - бөлім. «Дода»<br>II –бөлім. «Бәйге»<br>III –бөлім. «Мен - Қазақстан болашағымын» (эссе жазу)<br>IV –бөлім. «Жекпе-жек» |

| | |
|---|---|
| | Бәйгеге түсіп жарыспай,<br>Жүйріктің бағы қанар ма?<br>Білім мен өнер жарысып,<br>Тәрбие, тәлім табар ма?<br>Бұл бәйге ойдың бәйгесі<br>Кім жүйрік ойға –сол алда, -деп сайыстың «Дода» І бөліміне көшейік.<br>Бұл бөлімде сайыскерлерімізге 10 сұрақтан тұратын тест беріледі. Оны орындауға 5 мин уақыт беріледі. әр тапсырма 1 ұпай. Осы бөлімде ең төмен ұпай алған 2 ойыншы сайыстан шығады.<br><br>**1.Суыққа төзімді өсімдікті ата.**<br>А) сұлы В) күріш<br>С) қияр Д) жоңышқа<br>**2.Кенге жатпайтын пайдалы қазбаларды анықта.**<br>А) Тас көмір, мұнай В) Мыс, темір<br>С) Тұз, гранит Д) Газ, мұнай<br>**3.Омыртқа жотасы неше омыртқадан тұрады?**<br>А) 12-13 В) 30-35<br>С) 33-34 Д) 40-45<br>**4.Шөлді жерлерді мекендейтін жануарлар қатарын анықта.**<br>**А) саршұнақ, көртышқан, қоян**<br>**В) қасқыр, түлкі, қарсақ**<br>С) құлақты кірпі, тасбақа, қосаяқ<br>Д) сазқұндыз, кәмшат, құндыз<br>**5.Қазақстандағы полиметалл кенінің мол жерін анықта.**<br>А) Атырау В) Қарағанды<br>С) Арқалық Д) Алтай<br>**6.Адамдар құс пен инеліктің ұшуын бақылап нелер жасады?**<br>А) үй, машина В) кеме, қайық<br>С) жипаз, машина Д) тікұшақ, ұшақ<br>**7.Өзеннің көлге, теңізге барып қосылатын жері қалай аталады ?**<br>А) саласы В) арнасы<br>С) сағасы Д) бастауы |

| | |
|---|---|
| | **8.Алматы, Ақсу-Жабағалы, Барсакелмес, Қорғалжын, Наурызым бұл - ...**<br>А) демалыс орындар В) зоопарк<br>С) қорықтар Д) көлдер<br>**9.Қазақстанның қай облысында «Тесіктас» үңгірі бар ?**<br>А) Алматы В) Қарағанды<br>С) Семей Д) Шымкент<br>**10. Шахтадан шыққан бос жыныстардың үйінділерін ата.**<br>А) қорғандар В) ойпаңдар<br>С) төбешіктер Д) терриондар |
| **Соңы** | Балалар Қазақстан тарихында тұңғыш рет қысқы 7 - Азияда ойыны өткелі отыр. Бұл біздің Әлем алдындағы спорттық жетістіктерімізді айқындайды.<br>Азияда ойыны 30 қаңтар мен 6 ақпан аралығында Алматы және Астана қалаларында өтіп жатыр<br>«Дараланған дарын» атағымен құттықтаймын!<br>Музыкалық сәлем. Бал балалық!<br>Бүгінгі сынып сағатымызға келгендеріңіз үшін рахмет! |

**Бекітемін:**

| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
|---|---|---|
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 08.04.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Дос болайық бәріміз** | |
| **Мақсаты** | Білімділік: Оқушыларға дос, достық туралы әңгімелей отырып, олардың достық қарым – қатынасын нығайту.<br>Дамытушылық: Оқушыларды өзімшілдіктен, менмендіктен тағы басқа жаман әдеттерден аулақ жүруге үйрету, адалдыққа, шыншылдыққа тәрбиелеу.<br>Тәрбиелік: Оқушылардың адамгершілік қасиетін, бір-біріне деген достық | |

<table>
<tr><td></td><td>сезімдерін нығайту.</td></tr>
<tr><td>Көрнекілігі</td><td>Ұлы ғұламалардың ойлары, нақыл ұлағатты сөздері, дос туралы мақал-мәтелдер, слайд, мәуелі ағаш, жүрекшелер, 5 саусақты қағаз қолғап.</td></tr>
<tr><td colspan="2">Сабақ барысы</td></tr>
<tr><td>Сабақтың кезеңі/уақыты</td><td>Педагогтің әрекеті</td></tr>
<tr><td>Басы</td><td>Сабақтың барысы:<br>I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>Амандасу, түгендеу. /Әнұран орындау/.<br>II. Үй тапсырмасын тексеру.<br>Үйге: Данияр Елеусінов туралы мағлұмат жинақтап, жеке өмірі мен шығармашылығына тоқталу, бір боксшы туралы материал дайындап келу.<br>III. Тақырыпты ашу сұрақтары.<br>Тақырыпты жағдаятпен ашып алу (слайд)<br>1. Дос, достық дегенді қалай түсінеміз?<br><br>2. Досың бар ма? Ол кім?<br>3. Достық шынайы сезім бе, әлде жай ұғым ба?<br>4. Достық жасқа байланысты ма?<br>5. Қыз бала мен ер баланың арасында достық бола ма?<br>6. Жақсы дос, жаман дос қандай болады?<br>7. Досыңыздың басына қиындық түсті не істейсіз?<br>8. Дос қандай болу керек?<br>II. «Нағыз дос» атты алма ағашына, досқа тән қасиеттерді жапырақтар түрінде теріп ілу (Адал, жомарт, адамгершілігі мол, қарапайым, мейірімді, кешірімді, төзімді, ақылды, сабырлы, салмақты, кек сақтамау, ашықтық, бүкпесіздік, өтірікші, тәртіпсіз, мақтаншақ, жалқау)</td></tr>
<tr><td>Ортасы</td><td>III. Ертеде бір ақылды қария болыпты. Бір күні ақылды қарияға бір жігіт келіп:<br><br>-Ақсақал, мен қандай жігітпін? Сынаңызшы, - депті. Қарт жігітке:<br><br>-Жолдасыңды көрсет, сонан соң айтамын, - депті. Жігіт жолдасын қартқа жіберіпті. Қарт жігіттің жолдасымен ұзақ сөйлесіп, ақырында жігіттің өзін шықырыпты. Жігіт келген соң, қарт:<br><br>- Шырағым, жаман жігіт емессің, - депті.<br><br>Қалайша олай дейсіз? Мені бұрын көрген жоқсыз ғой? – депті жігіт. Қарт күліп:</td></tr>
</table>

| | |
|---|---|
| | - «Жігіті жолдасына қарап бағала» дейді халық, - депті.<br><br>Мұғалім оқушылардың ол туралы пікірін білу үшін сұрақ қояды.<br><br>-Жігітті жолдасына қарап бағала» дегенді қалай түсінесіңдер?<br><br>- Адам көбіне өзінің мінезіне ұқсас адамдармен жолдас, дос болады. Шын жолдас, достар бірінің жақсы қасиеттерін екіншісі үлгі тұтады, бойына сіңіреді, олар бір-біріне өте жақын, бірін-бірі тез түсінісетін болып кетеді. Осындай жолдастық, достық қарым-қатынастардың арасындағы ең бағалысының бірі – адалдық. «Адамдар бір-біріне адал, қалтқысыз сеніп, ортақ көзқараста болса ғана достықтары берік болады. Достық - өзара жауапкершілік пен қамқорлықтың, рухани жақындықтың белгісі».<br><br>IV. «Сөйлемді аяқта» тренингі<br><br>А) Әрбір адамға дос керек. Өйткені ...<br><br>Ә) Сыйластық бар жерде ...<br><br>Б) Менің сыныптастарыма немесе досыма тілегім...<br><br>V. Жағдаяттан шығу. Слайд арқылы<br><br>1. Жақсы дос<br><br>Қанат конькиін аулаға қалдырды да, өзі тамағын ішуге үйге кетті. Тамағын ішіп отырып ол конькиін Маралдың теуіп жүргенін көрді. Қанат ашуланып, аулаға жүгіріп шықты. «Қазір оның сазайын тартқызамын, біреудің затын сұрамай алушы болмасын» деп ойлады.<br><br>Ашулы күйінде жетіп барды, тіпті жұдырығын да түйіп алған.<br><br>Ал Марал оны көрді де, «Танысып қой, Айдар, бұл менің ең жақсы досым Қанат» деді. Қанат ұялып қалды. Қанат неліктен ұялды?<br><br>2. Аңсар пен Мирас бесінші сыныпта оқиды. Екеуі бала кезден дос. Аңсар сабақтан келген |

соң, түскі тамағын ішіп, үйдегі жұмыстарын бітіріп, ертеңгі сабағын оқып болған соң далаға ойнауға шықты. Футбол алаңына барса, Мирас та ойна жүр екен. Олар ұзақ футбол ойнап, үйге кеш қайтты. Мирас: мен ертең сабаққа бармаймын, үй тапсырмасын орындамадым. Мені ағайға ауырып қалды дей салшы, - деп өз өтінішін Аңсарға айтты...

- Аңсар егер адал дос болса, қандай жауап берер еді деп ойлайсыңдар?

3. Қаңтардың қара суығы. Айбек екі шелекті қолына алып, өзеннен су алып келіп, қорадағы қойларды суаруға бет алды. Шелегін суға толтырып, қораға кіре берісте Айбектің аяғы тайып, құлап түсті. Су үстіне төгілді. Орнынан әрең қозғалып, үйге кірді... Айбектің тобығы шығып кетіп ауруханада көп жатты...

- Сендер Айбектің досы болсаңдар не істер едіңдер?

4. Құрбылары Жанарға балмұздақ берген-ді.

Жанар кетті алға тез,

Алды-артына қарамай,

«Рахмет» - деп, жалғыз сөз

Айтуға да жарамай!

 Сендер қалай ойлайсыңдар, осыдан кейін балалар Жанармен дос бола ма?

-Сырым мен Дина дос болатын. Бірде Сырымның лақтырған добы Динаның басына барып тиді. Сырым добын домалатып теуіп ала жөнелді.

5. Жанар мен Сырым шын достар деп, айтуға бола ма?

Неліктен? Олардың достықтары қалай жалғасады, деп ойлайсыңдар

Балалар бір-бірімізге ренжіген сәттерде, кейде біз өте асығып жүріп бір-бірімізді түсінбей қаламыз, ізгі сөздерді айтуға үлгермей қаламыз. уақыт өткен соң түсініп, өкініп жататын кездеріміз де болады. Одан досымызды ренжітіп аламыз. Жанар «рахмет» деген сөзді, Сырым «кешір» деген сөзді айта алмады. Нағыз достар бір-бірінің көңіліне қарап, ренжітпейді, кешірімшіл болады. Достар қиын сәттерде көмекке келеді, татулықты қадір тұтады.

| | |
|---|---|
| | Біз бір-бірімізді түсінуге тырысамыз, түсіну үшін қандай қарым-қатынаста болуға тиіспіз, қане ойын ойнап көрейік.<br><br>VI. Ойын: «Ренжістік, достастық» /әуенмен/<br><br>Балалар, бүгін біз « Ренжістік, достастық » ойынымен танысып, ойнаймыз. Мүмкін, нағыз достықтың құпиясын ашатын шығармыз. Менің өтінішім бойынша сендер:<br><br>• «РЕНЖІСТІК» дегенде бір-бірлеріңе қарама-қарсы бұрылып, саусақтарыңды безейсіңдер.<br><br>• «ТОҚТА» дегенде бір-бірлеріңе арқаларыңмен бұрыласыңдар.<br><br>• « ДОСТАСТЫҚ » деген бұйрық берілгенде қол алысып, күлімдеп өз құрбыларыңа сүйіспеншілік туралы ізгі сөздер айтасыңдар.<br><br>Пікір алмасу.<br><br>- Сендерге ойын ұнады ма?<br><br>- Татуласу ше?<br><br>- Татуласқанда қандай көңіл-күйде болдыңдар? /қуанышты, бақытты, көңілді/<br><br>- Ал, сендерге ренжіскен ұнады ма?<br><br>- Ренжігенде қандай көңіл күйді сезіндіңдер? /уайымды, қайғыны, көңілсіздікті/<br><br>Өмірімізді қуанышты да бақытты шақтар көп болу үшін бір-бірімізбен достықта, татулықта болғанға не жетсін.<br><br><br>VII. «Хат қоржын» (хаттарға жауап)<br><br>Мен досыммен балыққа кетіп барамын. Ата-анамды әрі-бері күтіп, келмеген соң рұқсатсыз кете беруіме тура келеді. Бармауға да болады, бірақ дос көңілін қимадым... Сіздер маған қандай ақыл айтасыздар? |

| | |
|---|---|
| | VIII. «Менездеме беру» тренингі<br><br>Қазір мен сіздерге 5 саусақты қолғап беремін. Әр саусақта өзіңіздің қолыңыздағы жазылған есімді балаға бір-біріне көрсетпей мінездеме жазыңдар.<br><br>Тірек сөздер:<br><br>Адал Арам<br><br>Жомарт Өз қамын ойлайтын<br><br>Адамгершілігі мол Кекшіл<br><br>Қарапайым Сөзге түсінбейтін<br><br>Мейірімді Жалқау<br><br>Кешірімді Тәккапар<br><br>Төзімді Қатал<br><br>Ақылды Мейірімсіз<br><br>Сабырлы Сараң<br><br>Салмақты Қызғаншақ<br><br>Кек сақтамайтын Тұйық<br><br>Ашық<br><br>Бүкпесіздік<br><br>«Бес саусақ бірікпей ине қолға ілікпейді» дегендей бәріміз жұмылып бірауыздан алдымыздағы жүкті көтере білейік. |

| | |
|---|---|
| | Татулық достар арасындағы ең тамаша қасиет. Тату балалар бір – бірін ренжітпейді, тату-тәтті ойнайды, ойыншықтарымен, тәттілерімен бөліседі. Сондақтан да достық - татулықтан басталады делінеді.<br><br>IX. «Сиқырлы орындық» жаттығуы.<br><br>Ортадағы бір орындыққа бір оқушы отырады. Қалғандары сол оқушының ұнамды жақтарын айтады.<br><br>X. Жүректен жүрекке:<br><br>Оқушылар шеңбер бойымен бір-біріне кезекпен достық тілектерін білдіреді.<br><br>-Досыңа адал бол!<br><br>-Татулық тілеймін!<br><br>-Досыңа кек сақтама!<br><br>-Кешірімді бол!<br><br>-Достық тілеймін! |
| **Соңы** | XI. Үйге тапсырма: «Досым саған арнаймын» (ақындар өлеңдерінен көркемсөз оқу)<br><br>XII. Қорытынды:<br>• Қиын кездерде бір-біріне көмек көрсетіңдер.<br>• Досыңды алдамай, оған адал бол.<br>• Досыңды қорлама.<br>• Досыңмен қызықты шақтарды бөлісе біл.<br>• Досыңды барда да сына, жоқта да сына.<br>• Досыңның кемшілігін кешіре біл. |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 15.04.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Отбасы өнегесі** | |
| **Мақсаты** | Бала тәрбиесіндегі ата- ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіру; Отбасы мүшелінің арсындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым-қатынасты қалыптастыру | |
| **Көрнекілігі** | карточка, нақыл сөздер,«кірпіш тапсырмасы бар қағаз ,қалам. | |
| **Сабақ барысы** | | |

| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
|---|---|
| **Басы** | I. Кіріспе сөз: Ата –ана мен мектеп арасындағы ортақ мәселе –бала тәрбиесі II. Негізгі бөлім . а) Ата аналамен тренинг өткізу<br><br>Ә) оқушылар лебізі<br><br>Б) Ойын «Отбасылық махаббат үйі »<br><br>III. Қорытынды. |

| | |
|---|---|
| | I. Кіріспе Сәлеметсіздер ме, құрметті ата- аналар, қонақтар,ұстаздар!<br><br>«Қазақстан -2030» даму стратегиясын жүзеге асыру мақсатында Елбасының Қазақстан халқына жолдауында «Дағдарыстар өтеді де кетеді. Ал мемлекет тәуелсіздігі ұлт мұраты , ұрпақ болашағы сияқты құндылықтар мәңгі қалады » деленген.<br><br>Осы орайда бүгін біз оқушыларымызбен бірге ата –аналарымыз де кездесіп отырмыз.<br><br>Тренинг: (Шаттық шеңбері )Ата аналар ортаға дөңгеленіп тұрып, Әр ата-ана өзінің баласының есіміне әдемі теңеу сөзді қосып айтады.Мысалы:Жайдары Жасмин , еңбеккор Еламан, байсалды Баубек , әдемі Әсел, т.б |
| **Ортасы** | II.Негізгі бөлім<br>Ата –ана мен мектеп арасындағы ортақ мәселе –бала тәрбиесі . Отбасы –қоғамның алғашқы ұясы . Жаңа адам сол ұяда дүниге келеді , бұл шағын әлуметтік топ бала үшін алғашқы өмір мектебі .<br>Ата-ананың үйдегі іс –әректі балаларының көз алдында өтеді.<br>Бала тәрбиесінің алғашқы алтын қазығы туған ұясы ,өз үйіндегі ата –ана тәрбиесі , өнегісі .<br>Әрбір бала –дара тұлға. Бала тәрбиесіне ата-ана балаға қысым көрсетуден, бала көзінше дөрекі сөйлеуден ,жат қылықтар көрсетуден аулақ болып,үлгі болуы керек. Сонда ғана білімді, жан-жақты дамыған ұрпақ тәрбиелей аламыз. Жас жеткіншектеріміздің тәрбиесінің негізі отбасында қалыптасады.Әрбір ата-ана өз перзентінің әдепті,саналы,иманды да ибалы, Отанының сүйікті және кішіпейіл азаматы болып жетілуін қалайды.Олай болса,әрбір ата-ана бала тәрбиесінің нәзік тұстарын білуі шарт. "Жапырақ тамырдан нәр алады" дейді халқымыз. Барлық бала жақсы мен жаман әдеттерді өзі өскен шаңырақта үйренеді.<br>Халқымыз "Балапан ұяда не көрсе,ұшқанда соны іледі"деп бекер айтпаған. Жақсы тәрбие баланың санасында мәңгі мөрленіп қалады. Ол кейін оның бүкіл өміріне азық болады. Қоғамға көңіл бөлетін болсақ , баланың болашағына кері әсер ететін жағдайлар бар .Олар ортамызда сәтсіз отбасылардың болуы, некесіз туылған балалар, отбасындағы ұрыс-керіс, ата-ана тарапынан ішімдікке салыну ,біреулерді сыртынан балағаттап сөгу, өсектеу т.б Әрине ,бала тәрбиесі бір күндік іс емес. Сондықтанда бала тәрбиесіне жете мән беріп, "Адамның бір қызығы - бала деген" ұлы аталарымыздың даналық сөзін естен шығармағанымыз жөн деп ойлаймын.Осы балалар біздің бауыр етіміз, болашағымыз, үмітіміз, сүйенішіміз, өміріміздің жалғасы, ізбасарымыз, мұрагеріміз деп келіп отырған ата –аналар сіздердің де пікірлеріңізді ортаға салсақ .<br>Балаңызға деген сүйіспеншілік<br>Әрбір бала үшін сіздердің алатын орындарыңыз бөлек.Әр қайсыңыз бір биік төбесіз. Жапырағын тереңге жайған мәуелі бәйтерексіз.Ал сіздің ұрпағыңыз жайқалып ,жайнаған |

| | |
|---|---|
| | жасыл жапырағыңыз.Өз балаңыздың қандай болғанын қалайсыз? Қандай қабілеттері болғанын және сіз өзіңізден қандай қасиетті алғанын қалайсыз? Әрқайсыларыңыздың қолдарыңызда жапырақтар бар. Сол жапырақтың ішіне өздеріңіздің ойларыңызды жазып, жазған сөздеріңізді оқи олтырып бәйтерекке жапсырасыздар . Қорыта айтқанда ата ананың махаббаты, сүйіспеншілігі бала үшін бақыт, Осы сезімдеріңіз арқылы баланың өз орнын таба білуге үйретесіздер деп ойлаймын.<br>Білімді де тәртіпті , ақылды да ибалы өздеріңіздің балаларыңыздың жылы лебіздерін тыңдаңыздар .Ортаға 4- сынып оқушыларын шақырамыз.<br><br><br>1-оқушы Әкем менің асқар тауым тірегім<br>Бәрінен де сен қымбатсың білемін.<br>Қанат қағып кетсем алыс қияға<br>Сен деп соғар жұдырықтай жүрегім<br>2-оқушы Сізсіз әке ең ақылды ең сыншыл<br>Сізсіз әке ең жаңашыл ең сынршыл<br>Шуақ шашқан қашанда асыл жүрегің<br>Жанымдасың ,қамқоршымсың білемін.<br>3-оқушы Ана сен –алтын күн шуағы<br>Ана сен –өмірдің бұлағы<br>Жүрекке ақ жарқын сол бейнең<br>Сөнбейтін асыл нұр құяды.<br>4-оқушы Атамның ән –күйі ғажайып<br>Әжемнің әлдиі ғажайып<br>Анамның мерейі ғажайып<br>Әкемнің пейілі ғажайып<br>Осындай жақсы әдет ғажайып<br>Қалмасын ешқашан азайып<br>Ән. Ана Орындайтындар : Әсел, Жасмин Еламан<br>Дидактикалық ойын «Отбасылық махаббат үйі»<br>Ал енді қазір сіздермен «отбасылық махаббат үйі » атты ойын өткіземін.Балаларыңызға деген махаббатты анықтай аласыздар.<br>Әр адамның өз үйі бар, бірақ ол үй тек баспана ғана ретінде емес, сол үй жақсы көріп және күтетін жер болу керек.Сондықтан сіздердің міндеттеріңіз жай ғана армандап жүрген үй салу ғана емес, ал сол жерде тұратын балаларға бақыт, махаббат, жылу, беретін үй салуларыңыз керек. Ол үшін ерекше материал қажет.Әрине даладағы жатқан тақтайлар емес, ал адамның негізгі қасиеттерімен саламыз.<br>Олар: Мейірімділік, күлкі,түсінушілік,шыдамдылық,көмектесу.<br>Үстел үстінде кірпіштер жатыр. Соларды алып үй саласыздар,бірақ салғанда жай салмайсызадар, артында тапсырмалар жазылады соны орындай отырып үй құрамыз.Ойлануға бір екі минут беріледі. |

| | |
|---|---|
| | Ойын тапсырмалары;<br>1. «Мейірімділік » кірпіші<br>Бала білімді әрі тәрбиелі болуы үшін ата –ана тарапынан қандай жағдай жасалу керек деп ойлайсыз ? Балаыңызды кезінде ата –әжесі бауырына басып алып қалған,соңғы кездері сабағы , тәртібі нашарлап кеткендіктен өздеріңізге әкеліп тастады .Сіздің әрекетіңіз?<br>2. «Достық» кірпіші<br>Балаңыздың досы кім? Партада кім баламен отырады ? Балаңыздың білімі мен тәртібіне оның достарының қандай әсері болуы мүмкін?<br>3. «Махаббат» кірпіші<br>Мимика арқылы өзіңіздің балаға деген махаббатыңызды жеткізіңіз.Балаңызға ашуланған жағдайда аузыңызға бірінші қандай сөз түседі?<br>4. «Тапқырлық» кірпіші<br>Мектеп сөзінің әрбір әрпінен балаңыздың мінезін сипаттаңыз.<br>5«Түсінушілік» |
| **Соңы** | Сурет арқылы баланың мінезін анықтау. Бұл төбесі -жақсы көңіл күй екенін білдіреді.Тапсырма: бір минут ішінде дөңгелек ішіне баланың бақытты көңіл күйін салу керекпіз және жапсыру. Үйіміз дайын.<br>Менің ойымша отбасы- бұл махаббат үйі, ал бала –бақыт.<br>Сондықтан ата ана махаббаты балаңыздың өмірге деген құштарлығына жолын ашады.<br>Ата ананың тіршілігіндегі көрген қызығы, жақсылығының ең бағалысы перзенті.Баланың бойында туған үйдің жылуы оның көкірегінде көп жылдар бойы сақталып, мәңгі есінде болады. Отбасы бала тәрбиесінің ең алғашқы ұжымы. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының тигізетін әсері мол. Сіздердей мейірімді ,ұйымшыл, қамқор ата –аналар бар кезде балаларымыз бақытты болары сөзсіз.<br>Олай болса , Максутқызы Нұршаттың орындауында «Бақытты балалық шақ» әні |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 22.04.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | ***Жол ережесі*** | |
| **Мақсаты** | Жолда жүру ережесін дұрыс түсініп оны пайдалана білуге үйрету. Оқушыларды жауапкершілікке, сергектікке, жол ережесін бұлжытпай сақтауға тәрбиелеу. Балаларға жол белгілерін қайталату арқылы, есте сақтау, шығармашылық қабілеттерін дамыту. | |
| **Көрнекілігі** | Интербелсенді тақта, бағдаршамның суреті, әр түрлі жол белгілерінің суреттері. | |
| **Сабақ барысы** | | |

| Сабақтың кезеңі/уақыты | Педагогтің әрекеті |
|---|---|
| **Басы** | Ұйымдастыру кезеңі.<br>Жұмбақ. Көзін ашып жұмады<br>Бағыт сілтеп тұрады. / бағдаршам/<br>Оқушылар жұмбақтың жауабын шешкеннен соң бағдаршам туралы өлеңдері оқылады.<br>Бағдаршам қамқорындай жанашыр,<br>Деп тұрғандай:<br>«Адамдарға жол ашық!»<br>Кезек ашып, жұмғанында үш көзің<br>Қалт жібермей, орында дәл, тос өзін.<br>2. Қызыл көзі жанғанда,<br>Сары көзі жанғанда,<br>Сақ абай бол барынша.<br>Жасыл жарық жол ашық,<br>Жүгіре бер бел асып.<br>Бас аяқты ойлап,<br>Бол ұқыпты жолда<br>Топпен жұмыс. Әр топқа сұрақтар беріледі. сол сұрақтарға дұрыс жауап беру.<br>1 сұрақ: Бағдаршам дегеніміз не? Оның адам өмірі үшін қандай пайдасы бар?<br>2 сұрақ: Жолдағы қозғалыс бағдаршамның басқа қандай белгілермен реттеледі?<br>3 сұрақ. Жүргіншілерге қай жолмен жүру керек?<br>4 сұрақ. Жиек жол болмағанда ше?<br>5 сұрақ Жолдың қай жағынан жүру керек?<br>6 сұрақ. Ата - аналарға барғанда қоғамдық көлікке қай жерден отырасыз?<br>Бағдаршам ойыны:<br><br>Барлық оқушы айнала билеп жүреді. Қызыл жанғанда тоқтап қалады. Жасыл жанғанда билеп жүреді. Сары жанғанда 1 аяғын көтеріп, екі қолын жайып тұра қалады. Шартты бұзғандар ойыннан шығып қалады.<br>Ән: Біз жолаушы баламыз.<br>Жолда жүру ережесі туралы ережелерді еске түсіреміз.Топтарға тапсырмалар беру. |
| **Ортасы** | Әр топ өздеріне берілген мәтінмен танысып, әуелі жұпта, содан соң топта талқылап, бір-біріне түсіндіреді. Жол белгілерінің суреттерін көрсету.<br>1. Сен көшеге шықтың. Жүріп келе жатқан адамдарға бөгет жасамау үшін әуелі сол жағыңа, содан кейін оң жағыңа қара.<br>2. Мектепке барар жолды, не көшені барынша аз қиындықпен өтетін ең қауіпсіз жолды таңдап ал.<br>3. Қала көшесімен келе жатқанда абай бол! Асықпа! Тек тротуармен немесе жол жиегімен ғана жүр.<br>4. Көшеде келе жатып қақпадан шығып келе жатқан машинаны көрсең күте тұр. Тротуар |

| | |
|---|---|
| | сөзі француз тілінен аударғанда “Жаяу жүргіншіге арналған жол”дегенді білдіреді.<br>Тротуарда жүру тәртібі. Жеке жүрсең:<br>1.Тротуардың оң жағын ала жүр.<br>2.Жүгірме,асықпай адымда.<br>3.Жол жиегін аттама,оның үстімен жүрме.<br>4.Тротуар үстіндегі кедергілерді жүргін бөлікке шықпай айналып өт.<br>5.Тротуардың ортасына тұрма,үйлерге жақын қапталына қарай барып тұр.<br>6.Тротуар үстінде ойнап,алыспа.<br>7.Әлдеқандай затыңды жүргін бөлікке түсіріп алсаң,ересектердің бірінен жәрдем сұра.<br>8.Жолаушылар қоршауынан асып өтпе. Оның астынан өтпе және үстіне асылып отырма.<br>Топпен бірге жүрсең:<br>1.Қатардан шықпа.<br>2.Алысып, ойнама.<br>3.Жүгірме, секірме, итеріспе.<br>4.Шуылдама.<br>5.Мұғалімнің жөн сілтеуіне ғана құлақ ас, басқаларға алаңдама.<br>6.Әлдеқандай затыңды жүргін бөлікке түсіріп алсаң, тротуар үстінде тұрып ересектерден көмек сұра |
| **Соңы** | Жол жиегі<br>Жол жиегі-жол жиегі мен мен тротуар аралығын бөліп тұру үшін қаланған арнайы тас қаптал.Оны кейде бордюр деп атайды. Бордюр француз тілінде “бір нәрсені жиектеуге арналған жолақ”деген сөз. Балалар кейде жол жиегінің үстімен жүгіріп ойнағанды ұнатады. Ал егер әлдеқандай бір көлік жол жиегіне тақау жүріп жүрген баланы қағып кетуі де мүмкін ғой. Ондай жағдайдың ақыры қайғылы оқиға соқтырмауына кім кепіл.<br>Қоршаулар<br>Аса қауіпті жерлерде арнайы қоршаулар қоюға тура келеді.Олар жолаушылардың жүргін бөлікке кенеттен шығып кетуіне бөгет жасайды.Қоршаулар көбінесе көліктердің ерсілі-қарсылы қозғалысы көп жолдарда, мектептер маңында және жаяу жүргіншілердің топ- талған тұстарында жанына қойылады. Жол қозғалысы ережелерін, нағыз қасақана бұзу-шылар қоршаулардың үстінен секіріп немесе оның астынан өтушілер.Бұл ереже бұзудың ең қауіпті түрі. Қоршау қойылған жерлерде көлік жүргізушілер жаяу жүргіншінің болмай- тынына әрқашан сенімді.Сондықтан оның алдынан жаяу жүргінші шыға келгенде жүргі-зуші аса қиын жағдайға тап болады.<br><br>Ой толғаныс<br>Жол ережесіне байланысты жұмбақ, өлеңдер құрастыру.<br>Қорытынды<br><br>МАИ емтиханы. ( Интербелсенді тақтамен жұмыс)<br>1.Жүргіншілер деген кім?<br>А) машина жүргізетін адамдар  В) көшеде жаяу жүрген адамдар  С) белгілер<br><br>2. Көлік жүріп келе жатқанда жолаушыға жүргізушімен сөйлесуге бола ма?<br>А) болады В) болмайды С) білмеймін |

| | |
|---|---|
| | 3.Жолаушылар таситын қоғамдық көлікті қай жерден күтіп,міну керек?<br>А) аялдамалардан В) кез-келген жерден С) дүкен алдарынан<br><br>4. Қала көшелерінде жаяу адамдар қандай жолмен жүруге тиіс<br>А) кез-келген жолмен В) тротуармен С) автомобиль жолдарымен<br><br>5. Қала көшелерінде велосипедпен жүруге неше жастан бастап рұқсат етіледі?<br>А) 10 В) 12 С) 14<br><br>6. Дөңгелек шеңбер түрінде қызыл түспен белгіленген белгілер қандай ұғымды білдіреді?<br>А) ескерту белгілері В) көрсеткіш белгілер С) тыйым белгілері<br><br>7. Қай түс жанғанда машиналар жүреді?<br>А) сары В) жасыл С) қызыл |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 29.04.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Табиғатым - тал бесігім** | |
| **Мақсаты** | Оқушылардың санасына қоршаған ортаға туған өлке табиғатына деген сүйіспеншілікті және табиғат құбылысында болатын амалдар туралы амалдар | |

| | |
|---|---|
| | туралы түсінік қалыптастыру.<br>Туған жерді, қоршаған ортаны сүюге, қорғай білуге тәрбиелеу.<br>Шығармашылық қабілеттерін жақсылық жасай білу іскерліктерін, ойлау қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру. |
| **Көрнекілігі** | Табиғат туралы нақыл сөздер, слайд, табиғатқа арналған суреттер. мақал - мәтелдер. |
| **Сабақ барысы** | |
| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
| **Басы** | Барысы: I Ұйымдастыру бөлімі<br>II Негізгі бөлім<br>Тәрбие сағатының тақырыбын айтып, мақсатын хабарлау.<br>- Сәлеметсіздер ме, балалар! Бүгін мен сендермен бірге «Табиғатым – тал бесігім» атты тәрбие сағатын жүргіземін. Бәріміз бірге қатысайық.<br>Тәрбие сағатымыздың мақсаты: Қоршаған орта табиғат туралы, табиғаттағы құбылыстар, ырым - тыйымдармен кеңінен танысып түсінік аламыз. Табиғатқа деген өз көзқарасымызды, қамқорлығымызды, білімімізді сабақ барысында көрсетеміз.<br>- Елбасымыз кім?<br><br>Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев өз жолдауында «Табиғаттың байлығы – барша келер ұрпақтың игілігі...» деп айтқандай табиғат байлығы дегенді қалай түсінесіңдер? |
| **Ортасы** | «Ой қозғау»<br>Гүл - өсімдік ажары<br>Гүлдер жердің базары<br>Су - тірліктің өзегі,<br>Ақса болар өзені.<br>Ауа – өмір нәріміз<br>Тыныстайтын бәріміз.<br>Табиғат байлығы<br>Дән тамыры әріде,<br>Дәннен өсер бәрі де<br>Орман - табиғат дәулеті,<br>Ай мен құс әулеті<br>- Осындай табиғат байлығын дұрыс пайдалана білуіміз керек.<br>- Ол үшін не істей аламыз?<br>- Сонымен, адам өмірі табиғатпен тығыз байланысты. Табиғат күллі тіршілік атаулының құтты қоныс – мекені, құтты берекесі.<br>Адам мен табиғат әрқашан егіз. Табиғат асыраушың, қамқоршың. Ата - бабамыз «Жер – қазына, су - алтын, мал - байлық» деп тегін айтпаған. Күнделікті оқитын кітабымыз, жазатын қағазымыз, ауырғанда ішетін дәріміз, ішіп жүрген тағамымыз, ішер суымыз, тыныс алар ауамыз – осылардың бәрі табиғаттың сыйы. Ерте кездерде халқымыз |

| | |
|---|---|
| | табиғаттың кейбір туындыларын киелі, қасиетті деп ұғып, оларды өлтіруге, жоюға болмайтынын уағыздаған. Адам табиғаттан өз керегін ғана алып, қалғанын еш уақытта зиян тигізбеген. Табиғаттағы кейбір жануарлар мен құстарды, көшпелі тұрмысқа қатысты заттарды киелі деп қастерлейді.<br><br>Суретпен жұмыс<br>(суреттерді көрсете отырып, қандай ырым – тыйым сөздер бар екенін сұрау)<br>*Үйге келген жыланның басына ақ сүт құйып шығарған.<br>* Бақаны өлтіруге болмайды, жаңбыр жауады.<br>*Көкті жұлма «көктей соласың» деп жамандыққа жорыған.<br>*Аққу – киелі құс, атуға болмайды.<br>- Біздің жерімізде жаңбыр өте сирек жауады. Осындай жағдайда жаңбыр сирек жауса қандай діни ырым жасайды?<br><br>Тасаттық – ауыл адамдары бірігіп, жаңбыр жауу үшін, құдайдан тілек, өтініш сұрайды. Мал сойып, құдай жолында садақа береді<br>Бүгінгі таңда ауа - райын теледидар арқылы немесе әр аудандардағы ауа - райын болжайтын синоптиктердің айтуынша біліп отырамыз.<br>Ал, бұрынғы кезде ата - бабаларымыз ауа - райын жан - жануарлар, өсімдіктердің, құстардың қозғалысына, тіршілігіне қарап, ауа - райын болжаған.<br>Мысалы,<br>• Жаңбыр сіркіреп тұрғанда тауықтар далада жем іздеп жүрсе, онда ақ болады яғни жаңбыр ұзаққа созылады.<br>• Қарлығаштар аспанда самғап, биіктеп ұшса, күн ашық, төмендеп ұшса жаңбыр жауып жел болады.<br>• Мысық бұйығып ұзақ ұйықтаса күн жылынады.<br>• Ай шалқасынан туса шаруашылыққа ауа - райы қолайсыз болады.<br><br>Шығармашылық жұмыс<br>– Түрлі өзгерістер мен құбылыстарға байланысты халқымыз жылдың әр айы мен тоқсанында болатын ауа райындағы, табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды алдын ала болжап, оған ат қойып, айдар тағып отырған. Жылдың 12 айындағы табиғат құбылысына байланысты халықтық қағидаларға сәйкес болжамдар мен атаулар наурыз айынан бастау алады. Мұндай табиғаттағы құбылыстарды халықтық болжамға немесе амалға балап былай атаған.<br><br>*Қазақ халқында «тасбақаның дауылы» деген ұғым бар. Ол жөнінде аңыз - әңгімелер өп кездеседі. Тасбақа тіршілігіндегі ерекшеліктің бірі – қысқы ұйқыға кетуі (кейде жазғы ыстық мезгілде де ұйқыға кетеді). Көктем мезгілінде көбіне сәуір айында дала тасбақасы қысқы ұйқыдан оянып, жер бетіне шығады. Дәл осы кезде бірнеше күн қатарынан шаңды, боранды қатты жел соғады. Оны халық «тасбақа дауылы» деп атайды. Қысқы ұйқысынан |

| | |
|---|---|
| | шыққан тасбақа әлсіз болғандықтан сауытының үстінде қалған құм, топырақ қалдығын өздігінше түсіре алмайды ал сол кезде соғатын дауыл оның үстіндегі құм, топырақты ұшырып әкетеді, яғни тасбақаның ұйқысынан оянуы қатты соғатын дауылмен сәйкес келеді.<br><br>* Табиғат құбылыстарда болатын тосын жәйттердің көпшілігі даламызда кеңінен таралған ақбөкенге байланысты айтылған. Ақбөкен - киелі жануар. Оның тыныс - тіршілігі туралы халық ұғымдары көп. Соның бірі «құралайдың салқыны» деп аталады. Бұл ақбөкендер көктемгі мамыр айының 17 - 25 - і аралығында жаппай лақтау мерзіміне сәйкес келеді. Бұл кезде ол өте көп топ құрып, суы бар өзен жағалауына немесе қақ суы айналған шөбі мол жерлерде төлдейді. Бұл кезде ауа райы салқындап, ызғырық жел тұрады, жаңбыр жауып, артынша күн суытады. Бұл мезгілді «киіктің лақ өргізері» деп те атайды.<br>* Сәуір айының соңғы күндері 2 - 3 күнге созылатын суық жел соғып, тобыл жарған амал басталады. Бұл «тобылғы бүршік жарған» деп аталады. Яғни, өсімдіктердің тамыр жайып, алғашқы көк шыға бастаған кезі дегенді білдіреді.<br><br>«Сыңарын тап» ойыны<br>Мұнда мақал - мәтелдердің сыңарын табуы керек.<br>• Сәуір болмай,......... (тәуір болмас)<br>• Ағаш тамырымен мықты,<br>(Адам досымен мықты)<br>• Жауынмен жер көгереді,<br>(Батаменен ел көгереді )<br>• Таулы жер бұлақсыз болмас,<br>(Сулы жер құрақсыз болмас)<br>• Қыстағы қар – жерге ырыс,<br>(Жердегі ылғал – елге ырыс) |
| **Соңы** | Қорытынды:<br>Табиғат байлықтарын қорғай білу – азаматтық борыш. Табиғатты аялап, сүйе білейік. Әрбір адам табиғатты қорғауға және сақтауға міндетті. Ағаш егеміз, көкті жұлмаймыз, туған ауылымыздың табиғатын қорғайық дей келе<br>«Таза болса, табиғат,<br>Аман болар адамзат!» деген Фариза Оңғарсынова апамыздың сөзімен бүгінгі тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 06.05.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Татулығы жарасқан қазақпыз** | |
| **Мақсаты** | Балалардың «достық», «бірлік», «халық» құндылықтары туралы түсініктерін кеңейту, ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу. | |

| **Көрнекілігі** | Ту, Елтаңба, Әнұран, Президенттің суреті, шаңырақ. |
|---|---|
| **Сабақ барысы** | |
| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
| **Басы** | Шаттық шеңбері<br><br>Армысың асыл күн,<br>армысың асыл жер,<br>Армысың асыл дос,<br>Армысын асыл аспан,<br>Бір-біріңе жылу қос,<br>Болайықшы жақын дос!<br><br>Сендердей ақылды, мейірімді, білімге құштар балаларды көргеніме мен бүгін өте қуаныштымын.Ендеше, сендер де сондай қуанышты жүзбен бір – бірлеріңе күлімсірей қараңдар және бас иіп, мына залда отырған қонақтармен амандасайық.<br>Аян:<br>Әнұраным –жанұраным,<br>Айтар әнім -сөйлер сөзім.<br>Мәңгі бақи шырқалады.<br>Республикам Әнұраны!<br>Қазақстан Республикасының Әнұраны орындалады.<br>– Біз сендермен Қазақстан Республикасының Әнұранын орындадық.Әнұранның авторлары кім?<br>Еділ: Әнұранның сөзін жазғандар: Жұмекен Нәжімеденов,<br>Нұрсұлтан Назарбаев , Әнін жазған: Шәмші Қалдаяқов<br>Күндер өтті кешегі,<br>Жігер құм боп жасыған,<br>Несіне оны жасырам?<br>Әнұраным бүгінгі<br>Баға жетпес асылән<br>– Еліміздің тағы қандай рәміздері бар? Ол туралы не білесіңдер?<br>Даяна:<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасының авторлары — Жандарбек Мәлібеков пен Шота Уәлиханов.<br>Елтаңба – егемен елдің белгісі.<br>Елтаңба – өзге елмен теңдіктің белгісі.<br>Амир:<br>Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туының авторы — суретші Шәкен Ниязбеков.<br>Жарасқан байрақтың мәні бар,<br>Көк аспан, күн, қыран –сәні бар. |

| | |
|---|---|
| | Көк байрақ –ашық көк кеңісім,<br>Алтын күн – белгісі жеңістің.<br>Алтын күн көтерген ел құсы-<br>Халқымның батырлық белгісі! |
| **Ортасы** | Мұғалім:<br>Отан – әр адамның жүрегіне жылы тиер қасиетті сөз. Адам жүрексіз өмір сүре алмайтындай, Отансыз да өмір сүре алмайды. Отан – біздің туған жеріміз, өзіміздің туған – туысқанымыз, дос-жарандарымызбен бірге тұратын еліміз.<br>Біздің Отанымыз – Қазақстан.<br>Бүгінгі Қазақстан дүние жүзіндегі көптеген мемлекеттер таныған ел. Оның өз Елтаңбасы, Туы, Әнұраны бар.<br>Республика халқының саны 17 миллиондай.<br>Жергілікті ұлт – қазақтармен бірге басқа да 130-дай ұлт өкілдері бір-бірімен туысқандай болып кеткен. Қазақстанның шаруашылығы мен мәдениетін дамытуға барлық ұлт өкілдері белсене қатысып, бірлесе еңбек етіп келеді. Биыл Қазақстан Ассамблеясына 20 жыл толды.<br>Бүгінгі тәрбие сағатымыздың «БІРЛІГІ ЖАРАСҚАН ҚАЗАҚСТАН» аталғаны да осыған байланысты.<br>Би «Попурри»<br><br>Ақ қара деп алдымен,<br>Елім бөлмес адамды.<br>Дәстүр, өнер, салтымен<br>Таңқалдырған ғаламды<br><br>Жырласа қазақ, түркімен,<br>Молдаван, тәжік үн қосқан.<br>Дос жүректер біріккен,<br>Мейірлер жарасқан. |

Тыңда, тыңда, тыңда мені,
Ұлы жұртым – орыс халқым.
Сен тербетіп өсіргенсің,
Сенің даңқың – менің даңқым.

Кім сүймейді ет жақынын, туысын,
Украина туысымның бірісің.
Тұрды биік туымыздай бұл достық,
Ел басына төнгенде де ұлы сын.

Қадірменді бір досымыз – өзбегім,
Қалтқысы жоқ демің бейне өз демім
Өз сөзімдей жанға жайлы сөздерің,
Өз көзімдей күлімдейді көздерің

Дәм- тұзымыз араласпыз әріден,
Дастарқандар жайылады сәнімен.
Палауыңмен басбармағым сыбайлас,
Кезек жейміз алма, өрік дәміңнен.

Жолым түсіп, тағдыр талап,
Грузин дос, болдым қонақ,
Қазағымдай кең пейілің,
Дастарханды жайдың мол-ақ

Қазақ – қырғыз туыссыңдар, досссыңдар,
Бір тамырдан сендер өскен қос шынар.
Дос туыстар көп болса да дүниеде,

| | |
|---|---|
| | Нақ сендердей нағыз туыс жоқ шығар.<br><br>Ән «Достық»<br><br>Көрініс: «Қырғыз бен грузин айтысы»<br>Грузин: Дамир<br>Қырғыз: Амир<br>Қазақ қызы: Қарақат<br>Дамир:Қырғызға таңырқай қараған грузин қырғыздан.<br>-Сенің ұлтың кім?<br>Амир:-Қырғыз.<br>Дамир:-Сен қырғыз болсаң өз еліңе неге бармайсың?<br>Амир:-Менің өз елім – Қазақстан.<br>Дамир:-Жоқ сен Қырғызстанда тұруың керек!<br>Амир:-О не дегенің! Мен Қазақстанда тұрамын. Мен Қазақстанды өз Отаным деп білемін.<br>Дамир:-Сен өз еліңе қалайда кетуің керек.<br>Амир:-Ал сен грузинсің ғой! Сен мұнда не істеп жүрсің?<br>-Сен де өз елің бар! (осылай дауласып жатқанда, қазақ қызы келеді)<br>Қарақат: -Балалар, осыншама неге дауласып, жатырсыңдар? Менің білгім келеді.<br>(Екеуі қосарлана) Біз әрқайсымызды өз еліне баруың керек деп жатырмыз. Қайсымыздың кетерімізді білмейміз.<br>Қарақат:-О не дегендерің! Біздің Отанымыз Қазақстан көп ұлт мекендейтін мемлекет емес пе? Мұнда қырғыз да, грузин де, орыс та тағы басқа да тұра береді. Тұрғанда тату – тәтті тұрып жатыр, ал сендер дауласасыңдар келіп. Олай болса, бізге неге дос болмасқа! Қане салыңдар қолдарыңды!<br>(Бірге қосылып) Біз доспыз, әрқашан біргеміз. «Ынтымақ бар жерде бірлік,достық, татулық бар» Ендеше ынтымағымыз әрқашанда жараса берсін.<br><br>Қарақат:Кім білмес қазағымның қою шайын, |

| | |
|---|---|
| | Жал-жая, қазы-қарта, құрт пен майын.<br>Ақ тілекпен әрбір келген қонағына,<br>Құрметпен шығаратын төрі дайын.<br>Келіңіз ұсынамын төрден орын,<br>«Досым» деген адамға міне қолым.<br>Әр қазақтың жүрегінде осы тілек,<br>Адамзат, оң сапарда болсын жолың. |
| **Соңы** | Мұғалім:<br>Бірлігі мен ынтымағы халықтың,<br>Көгімізде жарқырайды жарық күн,<br>Ырыс, дәулет, бақыт үшін халықтың,<br>Жайнай берсін, жайнай берсін жарық күн.<br><br>Хормен: Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз.<br>Ортақ болсын асар тау,<br>Жеміс толы бақша-бау.<br>Болсын жер мен су ортақ,<br>Болсын бізге ну ортақ.<br>Ақпыз, қара, сарымыз,<br>Ағайынбыз бәріміз |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 13.05.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | **Батыр ел үшін туады** | |
| **Мақсаты** | «Ешкім де, ештеңе де ұмытылмайды» деген қағиданы ұстана отырып, жас ұрпақты тарихымызды тереңнен тануға баулу. Оқушылардың Отан тарихына деген сүйіспеншіліктерін арттыру, жеңіс салтанатын көре алмай кеткен боздақтардың ерлік істеріне тағзым етуге, өз халқымыздың тарихын құрметтей білуге, дүние жүзіндегі басқа ұлт өкілдерінің достығын нығайтуға тәрбиелеу. | |
| **Көрнекілігі** | | |

**Сабақ барысы**

| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
|---|---|
| **Басы** | Ұлы кешке сенген күн, Фашистерді женген күн. Ағаларға ерген күн, Бақыт гүлін терген күн — деп ақын Қадыр Мырза Али жырлағандай «Бақыт гүлін терген күн!» атты Ұлы жеңістің 72 жылдығына арналған кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.<br><br>2 жүрг: Армысыздар қонақтар ,Ұстаздар,оқушылар!<br><br>Бүгін біз Үшқарасу ауылымыздың соғыста болған және соғыс кезінде тылда жұмыс істеген,Ұлы Отан соғысы кезіндегі еңбек армиясында жұмыс істеген,және белгісіз кеткен жауынгер азаматтарды атап өтпекпіз<br><br>(аттары аталады)<br><br>1 жүрг:<br><br>Бастау алып үлгермей тұнған дарын, Кеткендерді жөн біліп тұрғандарың. Отандастар, бір минут тоқтап үнсіз Еске алайық соғыстың құрбандарын! (Соғыс құрбандарын 1 минут үнсіз еске алып, гүл шоқтарын қояйық) |

| | |
|---|---|
| | (бір минуттық үнсіздік)<br><br>2-жүргізуші: Бұл 1418 күге созылған шайқастың әр 6 секунты сайын<br><br>1 адам опат болып отырды десек артық айтқан болмас едік.1941 -1945 жылғы Ұлы Отан соғысына Қазақстан 1 миллион 366 мың адам аттандырды. Статистикаға сүйенсек жеңіске олардың жартысы ғана аман жеткенін айтады, қалғандары ұрыс даласында көз жұмды. Олар бізге «Жеңіс» атты қасиетті де қастерлі сөзді сыйлап кетті. |
| **Ортасы** | І-жүргізуші:Келесі кезекте құттықтау тілекті мектеп директоры Касенов А.Н. беріледі.<br><br>(Келген қонақтарға сөз беру)<br><br>2-жүргізуші:<br><br>Жүрекке адалдықтың ескен гүлін<br><br>Ғажайып келешектің төккен үнін<br><br>Ардақты ағаларға шын көңілден<br><br>Жолдаймыз алғыс пенен сәлем бүгін.<br><br>І-жүргізуші: Осы орайда Құрметті азаматтар ,біздің мектептің ұстаздары, жігіттер,қонақтар ! Сіздерді 7 мамыр - Отан қорғаушылар күні мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз!<br><br>Отанға адал, елге қайырымды, отбасына мейірімді болыңыздар. Жүректеріңіз оттай лаулап, жандарыңыз әрдайым жас болсын. Қайратты, мақсатты болыңыздар. Еңбекте табыс,сәттілік тілейміз<br><br>Келесі кезекте құттықтау сөз ұстаздарға беріледі.<br><br>2-жүргізуші: Біз қашаннан ер қаһарман халықпыз,<br><br>Біз тарихта теңдесі жоқ алыппыз.<br><br>Біз күштіміз күштілердің бәрінен, |

| | |
|---|---|
| | Біз сөнбейтін күн тәрізді жарықпыз.<br><br>Көрініс: «Соғыс қасіреті» (күй ойнап тұрады)<br><br>І жүрг.:  Отан ана жылағанда шер сеніп,<br><br>Тапжылмастан төгеді екен жерге бұлт.<br><br>Қара бұлтты қақ жарайық, деді де,<br><br>Қолдарына қару алды ерленіп.<br><br>ІІ жүрг.:  Бұлт торлады аспанды,<br><br>Қара жер қанға ластанды.<br><br>Зеңбірек атып жан-жақтан,<br><br>Осылай соғыс басталды.<br><br>1-жүргізуші: Жер бетін қан сасытқан соғыс бітті,<br><br>Жер бетінен жамандық мүлде үрікті.<br><br>Жеңістің жарқын күнін жыр қыламыз.<br><br>Аспандатып жырлаймыз жақсылықты.- Монтаж даярлық сыныбы мен бастауыш сынып оқушылары:<br><br><br><br>ән «Әрқашан күн сөнбесін»<br><br>1-жүргізуші:<br><br>Жүрек біткен желпінсін жүйрік аттай,<br><br>Сезім біткен серпілсін дамыл таппай. |

| | |
|---|---|
| | Дәл бүгін өлең айтпай, би билемей<br><br>Қандай жүрек қалғандай қанат қақпай- шағын орталық бүлдіршіндерінің<br><br>« Айгөлек »биін тамашалаңыздар.<br><br><br><br>2-жүргізуші:<br><br>Жеңіс, жеңіс!<br><br>Бабамыздың –<br><br>Қызыл қаны төгілген.<br><br>Кеше туған және біздің<br><br>Бағымыз боп көрінген.- 5 сынып оқушыларының орындауындағы «Ән салшы, Сарбазым»әні<br><br>2-жүргізуші:<br><br>Бұл жеңісті алып келген<br><br>Қуанамыз ән сап жұртты<br><br>Келе берсін Бақыт таңы<br><br>Жеңіс күні болсын құтты- Құрмантай Фаризаның орындауында «Қазақтың жігіттері» әні қабыл алыңыздар<br><br>1 –жүргізуші:<br><br>Мың бұралып билеген<br><br>Аруды кім сүймеген .<br><br>Күміс көмей аруларға |

| | |
|---|---|
| | Кімдер басын имеген-дей отырып келесі кезекті оқушыларымыздың орындауындағы «Ұшқыштар » биіне береміз.<br><br>2-жүргізуші:<br><br>Майданнан хат» (үзінді):<br><br>Хат жазамын майданнан,<br><br>Мейірімшіл ғазиз-анама<br><br>«Жақыным-жарым» дегенмен,<br><br>Анаңдай жақын бола ма?<br><br>Көңілінде тілек, көзде жас,<br><br>Екі қолың жағаңда.<br><br>Қасірет шегіп, қан жұтып,<br><br>Сарғайдың ба санаға?<br><br>Сағынған соң мен ойлап,<br><br>жүрегің оттай жана ма?<br><br>Ет бауырың елжіреп,<br><br>Қайғыра берме балаңа.<br><br>Сабырдың суын бере көр,<br><br>Жаныңдаға жараңа.<br><br>Ажалсыз адам өлмейді.<br><br>Мезгілсіз шөлмек сына ма? |

| | |
|---|---|
| | Ердің басы ел үшін,<br><br>Арыма жаным садаға.<br><br>Бұлт жамылып қар төсеп,<br><br>Мен жатырмын далада.<br><br>1 –жүргізуші:<br><br>«Майданға хат» (үзінді):<br><br>Құлыншағым аман ба?<br><br>Қолыма тиді сенен хат.<br><br>Хабарыңды есітіп,<br><br>Қуанып қалды ғаламат.<br><br>Күніге тоқсан тілеймін,<br><br>Құлыным кел деп саламат.<br><br>Жүрегім – жалын, ішім у,<br><br>Жанымда ауыр жарақат.<br><br>Суретің келді хатыңда,<br><br>Шекпен киген жалаңқат.<br><br>Ерге лайық бес қару,<br><br>Асыныпсың автомат.<br><br>Суретіңе қарасам,<br><br>Емшегім иіп, сүт тамад. |

Көзімнің жасы төгіліп,

Ұйқыдан кетті рахат.

Отаның үшін қарағым,

Арың қымбат жаныңнан.

Бөбектерің аман-сау,

Ас жейді әзір қолымнан.

Ербеңдеген ермегім,

Тастамаймын қолымнан.

2-жүргізуші:

Жер жүзінде нұр шашып жеңіс күні,

Жақсы үміттің шырағы жанды міне!

Аспан бетін қаптаған қара тұман,

Серпіліп зұлымдықпен сөнді түні.- -

8 сынып оқушыларының орындауында « Жойылсын соғыс »- әні.

1-жүргізуші:

Кешіміз өтіп жатыр салтанатты,

Төгілген күн нұрының шапағаты.

Ортада биші қыздар би билейді,

Халайық қол соғыңыз мархабатты. Алдарыңызда 5 сынып қыздарының орындауында « Тальяночка» биін тамашалаңыздар.

| | |
|---|---|
| | 1-жүргізуші: Тыныштық! Жаса тыныштық!<br><br>Осы сөз бізге тым ыстық.<br><br>Көркейе берсін еліміз,<br><br>Көбейе берсін ырыс-құт!- .- тамашадан үзінді<br><br>« Кастинг»<br><br>2-жүргізуші:<br><br>Бүгін жайнап жасарсын ана біткен,<br><br>Асыр салып қуансын бала біткен.<br><br>Жүректері жарылсын қуаныштан,<br><br>Аяласын көңілі жақсы үмітпен-дей келе Арайлым мен Аруананың орындауында «Жеңіс туы желбіреп» әнін қабыл алыңыздар.<br><br><br>1-жүргізуші:<br><br>Иә аспанымызда Жеңіс туы желбірегеніне — 72 жыл.<br><br>Соғыс өрті өшіп, қайғы мұңнан арылып,Бейбітшілік орнап, бақыт гүлін тергенде —72 жыл. Лайым Бейбітшілік мәңгілік болсын!<br><br>«КАТЮША» биін тамашалаңыздар.<br><br>2-жүргізуші:<br><br>Құлақтан кіріп, бойды олар.<br><br>Әсем ән мен тәтті күй<br><br>Әнді сүйсең менше сүй – жеп ақын Абай атамыз |

| | |
|---|---|
| | Жырлағандай келесі кезекті әнге берейік<br><br>Рахманова Ақботаның орындауында «Қазақ жастары» әнін қабыл алыңыздар<br><br><br><br>1-Жүргізуші:<br><br>Жеңіс тойы әніміз<br><br>Көркем өнер сәніміз<br><br>Өлең бимен той сәнің<br><br>Өрнектейміз бәріміз –<br><br>деп «Жеңіс» биін тамашалаңыздар |
| **Соңы** | 1-жүргізуші:<br>Қаптап көкке абырой мен бақ құсым,<br>Тыныштықпен ата бер менің ақ таңым.-<br>Ғасырдан ғасырға өтіп, тарих шежіресіне талай ерлік пен қаһармандардың үлгілері жазылар. Бірақ, солардың ішінде Ұлы Отан соғысы гитлершіл Германия әскерлерін талқандап, жер жүзін фашизм апатынан аман алып қалған Ұлы Жеңісі халық қаһармандарының өшпес өнегесі болып мәңгі жарқырай береді<br><br>2-жүргізуші: Бүгінгі жастардың болашағы, бақыты үшін, қан төккен әскер мен ата-апалардың даңқы еш уақытта өшпейді! Олардың рухына біздер тізе бүгіп, бас иеміз. Міне, біз сол тамаша Жеңістің 72 жылдық ұлы мерекесін тойлап отырмыз. Ер жігіт етігімен су кешіп, от басқан, ат ауыздығымен су ішкен, сұр шинельді төсек етіп, ақ қар, көк мұз жастанып, жаумен шайқасқан. Ұлы Отан үшін жанын қиған ер жүрек батырлардың қаһармандық ісі еш уақытта ұмыт болмайды, мәңгі есте сақталды.<br>(Ең соңында «Мерекем» әні хормен орындалады.) |

**Бекітемін:**

| | | |
|---|---|---|
| **Пәні:** | Сынып сағаты | |
| **Педагогтің аты-жөні:** | Ермакбаева Ж.Н | |
| **Күні:** | 20.05.2022 | |
| **Сынып: 1 Г** | **Қатысушылар саны** | **Қатыспағандар саны:** |
| **Сабақтың тақырыбы** | Жол тәртібін білейік! | |
| **Мақсаты** | Оқушылардың көшеде жүру ережелерін меңгеру дағдысын қалыптастыру және оны іс-жүзінде пайдалана білуін жетілдіру. Оқушыларды сақтыққа тәрбиелеу. Жолда жүру ережесін есте сақтауға, оқушыларға жол белгілерін неше түрі бар, оны білу не үшін қажет, бағдаршамның, жол белгілерінің атқаратын қызметі | |

| | |
|---|---|
| | қандай екенін үйрету. |
| **Көрнекілігі** | Көше ережесін сақтау тақырыбына салынған әр түрлі суреттер, жол тәртібіне арналып жазылған ұрандар, фотосуреттерден жасалған стенд. Әр топтың жеке жұмыс столы, жол белгілері, транспорт түрлері. Сынып бөлмесінің әр жеріне: «Жол тәртібін жадыңда ұста!», «Бәріміз бағдаршамға бағынайық!», «Көшеде сақ бол!»-деген сөздер жазылған плакаттар ілінген. |
| **Сабақ барысы** | |
| **Сабақтың кезеңі/уақыты** | **Педагогтің әрекеті** |
| **Басы** | I. Ұйымдастыру кезеңі.<br>а) ҚР әнұранын орындау.<br>ә) Шаттық шеңбер.<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жарқырайды қаламыз<br>Жайнай түсті даламыз,<br>Жол тәртібін білетін<br>Біз білімді баламыз,<br>Қайырлы күн қонақтар!<br>Қайырлы күн достарым!<br>II. Негізгі бөлім.<br>- Балалар, біздің ата-аналарымыз базарға, қалаға, ауылға барғанда олар немен жүреді?<br>- Көлікпен.<br>- Қандай көлік түрлерін білесіңдер?<br>- Жер үсті, ауа, суда жүретін көліктер.<br>- Жер үстінде қандай көліктер жүреді?<br>- Жеңіл көлік, ауыр көлік, велосипед, поезд, трамвай, троллейбус, автобус. т.б<br>- Жолда жүргенде жол жүру ережелерін сақтайсыңдар ма?<br>- Иә.<br>- Олай болса мен сендерге жұмбақ жасырайын.<br>Үш көзді батыр,<br>Жолды аңдып жатыр /бағдаршам/<br>Мұғалім бағдаршам суреттері бар қиындыларды таратады. Оқушылар қиындылардан сурет құрастырады. 3 сурет шығу керек. Осы әдіс арқылы оқушыларды топқа бөліп аламын. 1-топ: Қызылдар; 2-топ: Сарылар; 3-топ: Жасылдар болып бөлінеді.<br>Мұғалім: Біздің елімізде әр түрлі көліктер жылдан - жылға көбейіп келеді. Жаяу адамдар мен көліктегі жолаушылар саны да көбейе түсуде. Көшелер мен жолдардағы жағдай барған сайын күрделеніп келеді. Жол-көлік оқиғаларының қаупі арта түсуде. Сондықтан да жүргізушілер мен жаяу адамдардың көшелер мен жолдарда ерекше тәртіпті және мұқият болуы қажет. Жол-көлік оқиғаларының зардабынан көбіне балалар зардап шегуде. Оның себебі – көптеген мектеп оқушылары жолда жүру ережелерін әлі де болса нашар біледі. Міне, осы мақсатта біздің сыныбымызда бүгін «Жол тәртібін білейік, аман - есен жүрейік» атты жол ережелеріне арналған сынып сағатын өткіземіз.<br>Әр топ өздерін таныстырады: |

| | |
|---|---|
| | «Қызылдар» тобы:<br>Қызыл көзін ашқанда,<br>Сынық сүйем баспа алға.<br>«Сарылар» тобы:<br>Сары көзін ашқанда<br>Қарап қалма аспанға.<br>«Жасылдар» тобы:<br>Жасыл көзін ашқанда,<br>Жүре бергін, жасқанба! |
| **Ортасы** | І бөлім. Сұрақтар:<br>1.Бағдаршам дегеніміз не? Адам үшін оның маңызы қандай?<br>2.Бағдаршамның неше түрі болады?<br>3.Бағдаршамның қызметін атап бере аласың ба?<br>3 топқа сұрақтар қойылады, оқушылар жауаптарын айтады.<br><br>ІІ бөлім «Жұмбақтарды шешу»<br>1. Ала таяқ ұстаған,<br>Жол тәртібін нұсқаған<br>Өміріңді күзеткен,<br>Ысқырықпен түзеткен. (милиционер)<br>2. Көше бойлап аяңдайды,<br>Адам тасып аялдайды. (автобус)<br>3. Көліктің қаншасын үстінен өткізген,<br>Іргеден басталып алысқа жеткізген. (жол)<br>4. Жоқ өзінде бас та, ауыз да, құлақ та,<br>Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (бағдаршам)<br>5. Екі аяқты, бір басты,<br>Жүгіреді тым қатты. (велосипед)<br>6. Өзі тым күшті,<br>Аяғы тісті. ( трактор)<br>7. Төрт аяғы домалақ,<br>Адамсыз жүрмейді. ( машина)<br>8. Екі ағасы қашады,<br>Екі һніс қуады. ( машина дөңгелектері)<br>9. Бір тұлпар су ішпейді, жем жемейді,<br>Ескеріп ешбір адам емдемейді.<br>Жүк емес жануарға жүз адам да,<br>Шылбырын сымға байлап тез жөнейді. (трамвай)<br>10. Арқаным бар тым ұзын,<br>Ала алмайсың бір үзім.<br>Табыңдаршы балалар<br>Бұл жұмбақтың шешуін. (жол)<br><br>ІІІ бөлім «Әдептілік әліппесі»<br>Мұғалім: - Балалар енді мен сендерге мынадай жұмбақ - әңгіме оқып берейін. Шешуін өздерің айтыңдар. |

| | |
|---|---|
| | Дастан көшеде анадай жерде өтіп бара жатқан жүргіншіге:<br>-«Айтыңызшы, сағат қазір қанша?» - деп айқайлады.<br>Ол жүргінші уақытты айтқан соң, алмас бұрылып жөніне кетті. Бала бөтен адаммен қарым - қатынасында бірнеше қателік жіберді. Осы қателіктерді кім табады?<br>Жауабы:<br>1. Көшеде айқайлап жөн сұрамау керек!<br>2. «Сағат қанша?» емес, «Уақытты айтып жіберіңізші» немесе «Сағат қанша болғанын айтыңызшы» деп сұрауы қажет.<br>3. Алдымен кешірім өтінуі керек.<br>4. Алмас ол адамға «Рахмет» айтуды ұмытты.<br><br>IV бөлім «Жағдаяттарды шешу»<br>«Қызылдар» тобы:<br>Ержан жол жиегінде доппен ойнап жүреді. Добы жолға домалап кетеді. Ержан добын алмақ болып машина жолына жүгіреді. Машиналар сигналы естіледі. Ержан добын тастай қашады. Ержанның әрекеті дұрыс па? Ол қандай шара қолдану керек еді?<br>«Жасылдар» тобы:<br>Бағдаршамы жоқ көшеде жолдан екі бала өтпек болады. Бірі жолдан жан - жағына қарамастан, асығыс жүгіріп өтеді. Екіншісі алдымен сол жағына, сонан соң оң жағына қарап өтеді. Кімнің әрекеті дұрыс? Жолдан қалай өту керек?<br>«Сарылар» тобы:<br>Сіз жолдан өтейін деп тұрсыз. Бағдаршамның жасыл түсі жанбай жатып қасыңызда тұрған бірінші сынып оқушысының машиналар зулап жүріп жатқан жолдан өтпекші болып тұрғанын көресіз. Сіздің әрекетіңіз?<br>Қай топтың жеңімпаз екенін анықтау. Марапаттау! |
| **Соңы** | III. Қорытынды бөлім.<br>Мұғалім: Айналайын абайла,<br>Жан - жағыңа қарайла.<br>Жолда жүру ережесін,<br>Есте сақта қалайда.<br>Міне балалар, біз сендермен жолда қалай жүру керек екенін білдік. Жол ережесін әрқашан есте сақтау керек. Жол ережесін жақсы білсек, өзімізді жол апатынан сақтаймыз. Ал енді ережелерді әрқашан орындап, аман болайық! Алдағы уақытта осы жол ережесін сақтап, басқа балаларға үйретіп жүріңдер.<br>Барлығы: Жол тәртібін білейік,<br>Аман-есен жүрейік! |